


Тайлақ Жалмұрзенов

Энім сенсің,
Сыртылбет



Тайлақ Жалмұрзенов

*Әнім
сөңсін,
Сырғылбет*



Көкшетау қаласы – 2005

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 22

Жалмұрзенов Тайлақ

«Онім сенсің, Сырымбет» — Кокшетау, «Кокше-Полиграфия», 2005, — 128 бет.

ISBN 9965-9724-8-6

“Өнім сенсің, Сырымбет”. Айыртаулық қаламгер Тайлақ Жалмұрзеновтың кезекті жинағының аты бұл. Мұнда автор тұған ел, өскен орта, оның жақсы-жайсан үлдары мен қыздары туралы тебірене сыр шертеді.

Кітап әдебиет сүйер жалпы көпшілік қауымға арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

Ж 4702250202
00 (05) – 05

ISBN 9965-9724-8-6

© Жалмұрзенов Т., 2005



*Жаркен Сексенбаев —
Ақмола облыстық телекоммуникациялар
дирекциясының директоры*

Халқы қолдаған Нұрсұлтан (ғұбасы Н. Назарбаевтың 2005 жылдың 24 тамызы күнін тікелей әндижан өткімсізин көпінің ой)

24 тамыз. Нұрлы аспан,
Ұлқын та жетті асыққан.
Сорын алмаққа сұхбаттан,
Әндижан шықты Нұрсұлтан.
Қызылған жүлдэз Шығыстан,
Шығыдалып істе нұр құшқан.
Алғылайым деп таныған,
Еш сүйген Нұрсұлтан.
Қызы өзіммен шамалас,
Нұнаган еліммен ардағым.
Ең юнде мына қарбалас,
Танында жайна әрдайым.
Ешме аян ертеңім,
Енжап берген Елбасы.
Ең үлтты құт мекенім,
Гүлденген қала, даласы.
Гарышарқада Астана,
Гимсандырган әлемді.
Елу жылда – ел жаңа,
Халқыма шаттық әкелді.
Ең тіреген Бәйтерек,
Достық, бірлік айнасы.
♦ Нұқалған орман көк желек,
Ең нақтың ата қонысы.
Ени тәкпей алып еркіндік,
Ең жан бол самған серпілдік.
Елишке қазақ танылып,
Енрышқа ұшты нар жігіт.
Алған жығар нарықта,
Елбасын қолдан аттандық.
Ендан бол қалмай Одаққа,
Еңуелсіз ел атандық.
Кирасай менен Ағынтай,
Ең тырлар үрпақ айтқандай.
Киңактың туын құлатпай,
Коңтарға тиді жасында.
Миңдайына біткен қазақтың,
Шыңында тұрған алыбы.
Ең колсада зарлы ғасыры,
Хилқының болды айбыны.
Киңактың егіз ұланы,
Ең түлектей қыраны.
Үйқыда жатыр екі дос,
Айыртау болып мекені.
Елу басында кесене,
Асыл мұра ертеңге.
Сіз жазған хат үрпаққа,
Оркениет біздерге.



Қарасай, Ағынтай батырлар,
Сіздің де, біздің бабамыз.
Тәуелсіздік алған елім бар,
Нұрлы бол атқан таңымыз.
Ұлылық оның серігі,
Тектілік әшпес ерлігі.
Сақталып халық бірлігі,
Айналдық елге іргелі.
Шашылған тарыдай қазактар,
Отанын іздел аңсаған.
Кайтқан қаздай оралған,
Бақытты екен оралман.
Токтап тұрған қасіпорындар,
Кан жүріп ісі оңалды.
Сан мыңдаған адамдар,
Өндіріске қайта оралды.
Елбасын қолда Жасаған,
Еркіндік туын үстаған.
Он жылда тосылмай тосыннан,
Бір ғасыр ісін тындырыған.
Каласаң халқым айтайын,
Нурағаннан аскан кімін бар?
Көгінде күлгөн күн, айың,
Сүйсінген танып ұлылар.
Сөйлеп тұр әндижан Нұрсұлтан,
Халқының шығып ойынан.
Артқа тастап Абылай асуын,
Қарап түр күліп Шығыстан.
Күн күліп сүйген маңдайын,
Елбасына сәлем жолдайын.
Беруге даудыс сайлауда,
Еліммен бірге мен дайын!

Әнім сенсің, Сырымбет

Хан Абылай таң қалып,
Таңдай қаққан Сырымбет.
Ұрпағыма жетсін деп,
Айдар таққан үкілеп.
Хан иемді тамсантқан,
Жерүйғы Сырымбет.
Дана Шоқанды аңсатқан,
Сайын далаң киен боп.
Шыңғыс сұлтан ту алып,
Орда құрган құт мекен.
Ақан сері ән салып,
Ұрпақтарын әнші еткен.
От ауызды Орынбай,
Тілі мірдің оғындей.
Сөздерін айтқан жоталы,
Бес сабаның қорындей.
Ібырай да бір тектім,
Шыңынан әнін асырған.
Ғашық боп айдай аруға,
Ғашықтық отын жандырған.
Аттың басын тіреген,
Хан Кене неткен көреген.
Хас батырды сұр мерген,
Желеп-жебеп демеген.
Әжемізге Айғаным,
Қоныс болған Сырымбет.
Саумалқөл жасыл жайлауын,
Айыртау алтын айдарың,
Тұктінің нұлы орманы,
Ажары ақ орданың.
Қазақтың ғалым Шоқаны,
Сарқылмас бұлак қайнарың.
Сырымбет жәннат аймағым.
Әніңмен сырлы жайнағын.
Ұрпағы болып серінің,

Келіп тұр менің сайрағым.
Тал бесікте тербеткен,
Балғын бөбек Шоқанды.
Қаншама ұл ержеткен,
Думан қылып ортаңды.
Шыңда тұрган шынарың,
Ну қарагай орманың,
Ел-жұртың мың келеді,
Қандырып бір құмарың.
Бермеген алдын бәйгенің,
Құлагер текті жүйрігің.
Көтерген туын өлеңнің,
Менде бір ақын ұланың.
Сұлтанмұрат әнші бабамыз.
Ақанға жолдас данамыз.
Әнінен енші аламыз,
Жүрсін деп айтып баламыз.
Атамыз ақын Әміре,
Дүлдүлі айтыс өнердің.
Ақыныңды ерім де,
Батасын алған шебердің.
Амангелді батыр сарбазы,
Ақын ата тегін жан емес.
Ақ берен жырдың жампозы,
Ібыраймен өскен тетелес.
Қадыржан ақын Әміренің,
Көрікті ұлы жайнаған.
Бір кезде мені өқытқан,
Ұстазым қырда сайраған.
Ақындықтан Талас та,
Құралақан болған жоқ.
Ұл-қызың бар көк желек,
Саялы өскен бәйтерек.
Тәуекел етіп қайықты,
Ағаларды жаздым көрікті.

Сұлулар да бар айшықты,
Лақыныңа салған салмақты.
Інү басында тай қазан,
Асыл мұра үрпаққа.
Інурайында ақ алаң,
Шоқан тасы қыр жақта.
Жиналып қалып мол дерек,
Кітапқа енді санді боп.
Гүсауын кестім інжуlep,
Үрлағыма мұра болсын деп.
Мен сүйген қызды танисың,

Далаңның ерке маралы.
Сырлы өлеңнің самалы,
Жаратқан оны саналы.
Уалиханның ғажап әжесі,
Ақыныңың ынтық Сәулесі.
Немереме әнші балапан,
Болғайсың әннің Меккесі.
Қыран қиял шыңға өрлеп,
Өлең өрдім термелеп.
Бабамнан алған еншілеп,
Әнім сенсің, Сырымбет!!!

Айсұлу (Айсұлу Нұкышқызы ұхына)

Жарқырап жүрген маңдайы,
Адамның перизат күн, айы.
Ілекига озды жеңешем,
Іш түнде сөніп арайы.
Айдан да сұлу жеңешем,
Ієсігіңе жырмен бөлесем.
Айсұлу деген атынды,
Күн құптар айға теңесем.
Мінезің жібек жеңешем,
Рұхынмен күнде тілдесем.
Қөтерген жүктің ауырын,
Артығы жоқ ерге теңесем.
Айсұлу десе Айсұлу,
Пектігің ғажап жан сұлу.
Айдынға қонған аққусың,
Гең келер саған қай сұлу.
Айсұлу жеңгем аяулы,
Ақ келін елге қалаулы.
Көңілден көшпей азасы,
Көңілім жүдеу жадаулы.
Жыл толды жүрсің жадында,
Сағынған Гүлнәр, Жанаттың.



Айсұлу (сол жақта) мен
Сәуле, 1965 ж.

Әрнек сап мәрмәр тасыңа,
Жұпарын тектік жәнненнаттың.
Иман тілеп Алладан,
Тастамай жүрмін дүғамнан.
Рұхына иіп басымды,
Айналдық Айсұлу атыңнан.
Анасың әйдік ақылман,
Тәбәрәк Сізге ақыннан.
Иманың жолдас болсыншы,
Бақиға озған асыл жан.

Афдақтың женшем Сәуле!*

Көптен бері көрмеген,
Асыл жеңге, армысыз!
Көнілімде көлбеген,
Ақша бүлттай бармысыз!
Ағамыздың гүлісіз,
Сөйлейтүғын қызың қылық.
Жүргегіңіз біз үшін,
Тұнып тұрган ізгілік.
Сыр пернесін басқандай,
Ағай, сізге “әу” десін.
Жаныңыз да шашқандай,
Жақсылықтың сәулесін.
Нар Тақана жарасып,
Жар болдыңыз ертеден.
Тал бойыңыз — парасат,
Қайырылмайтын келтеден.
Сәуле десе — сәуледей,
Света да бір атың,

Кім бар екен дәл сіздей
Ағамызды ұфатын.
Адалдықпен нұрланған,
Ашық-жарқын жүзіңіз,
Ақкулардың жыр болған
Айдынында жүзіңіз.
Тұрган кезде, жаңағы
Раждайыптар азайып,
Сізге деген — Ағаның
Махаббаты Раждайып!
Асыл жеңгем мұнданба,
Айтам тағы шегелеп:
Сол Раждайып тұрганда,
Басқа бақыт не керек!?

Раждайыпқа мұндейын,
Бөление бер, жеңеше.
Куанышқа әрдайым,
Кенеле бер, жеңеше.

**Қорғанбек АМАНЖОЛОВ,
Рахила, Алматы қаласы,**

11. 09. 2005 жыл.

Жыр-шашу

Меруертке

Ақ таңнан қарлығаштың,
Ән байлап қанатына.
Меруерт қарындастың,
Нұр жаусын ордасына.
Самал жел әлдилесін,
Сұлу ән әуелесін.
Біліммен нұрланған,
Мәртебен өсе берсін.
Тұған күн нұрлы болсын,
Астасқан мерекенмен.

Дастархан дәмге толсын,
Қауышып берекемен.
Өзінді құлай сүйген,
Әбекен азамат қой.
Ұрпаққа тәлім берген,
Ұстазсың терең ой.
Немере, шәберелер,
Көбейе беріңдер.
Әділхан, Меруерт.
Қызығын көріңдер!

Тайлақ аға!



*Әжесі мен Үәлихан, бірде тату, бірде араз
Атасы мен Үәлихан, хош істі нұрлы жаз!*

Қис кезден жақсы көрген
Тайлақ ағам,
Фортатын жел-құз демей,
сайғақ ағам.
Сириандап сізбен жүрген
сол күндерді,
Сиынып есіме алып ойға қалам.
Сол дәурен қыран бүркіт
қияғында,
Жүйріктің дүсірлеткен
түяғында.
Қылды деп бүгін, сірә,
кім айтады,
Құдай-ау, сол бір шақты
қиямын ба!
Ағаның ықыласы аппақ еді,
Жүргегі от тұтатқан
шақпақ еді.

Көңілі Көкшетаудың
көркіне сай,
Ізеті ірілікке шап-шақ еді.
Ағаның дос көңілі аңқылдаған,
Ақындық асқақ үні
саңқылдаған.
Анамызды ана қып,
баламызды,
Басына хан көтеріп
жарқылдаған.
Ақжолтай, ак періште
асыл аға,
Жүрмін-ау жолыңызды
тосып, аға.
Көріспеген көп жылдар
сағынышын,
Айтайық өнімізге
қосып, аға.

Қорғанбек АМАНЖОЛОВ,
ақын-жазушы, "Жұлдыз" журналы
поэзия бөлімінің мәңгерушісі.

Айыртау ағыстағы

Өнегесі мол еді

Ымырт үйірлген кез еді. Сырлы Сырымбет тауының Түктінің қарагайы атаған нұлы жеріне сұғына қоныстанған 30-35 үйлі Нұрыш молланың ауылы. Ауыл іргесінде атакты ақын Орынбай көлі. Қысташ аман шығын. қалып кар еріген жылдары кемерінсін асып, ерке Есілге барып құбытын Күміскөл бүл. Ауылдың бас көтерер аза-



Назкен әже мен Кәкім ата.

маттары мешін жылғы жойқын аштықта қарақан басының емес, өсер үрпагының қамын ойлан іш жакқа: Ресейдің Түмен, Омбы өніріне, кейбіреулері қол созым жердегі Корнеевка, Жабленка (Явленка), тағы басқа орыс селоларына өтіп кеткен.

Ауыл шетіндегі жұпымның үйдің алдында әкесі мен 15-16 жас шамасындағы екі көзі тостағандай әдемі қызы бала сөйлесіп отыр. Бұл — аты исі қазаққа танымал Кәкшетау дуанының бас имамы Науан Хазіреттің шәкірті, Атығай-Қарауыл ішінде елге өте қадірлі Нұрыш молла еді. “Жыртық үйдің құдайы бар” дегендей, жасаған иемнің озі желең-жебеді ме, кім білсін, қажы-моллаларға бүйідей тиғен Кенес өкіметінің құғын-сүргінінен аман қалып, колхозға мүше болып, енді-енді ес жия бастаған кезі еді бұл. Асыл жары Қараашаш бұл фәниден бақылыққа ертерек озып кетті де, бар ауыртпалық он үштегі Назкенге түскен болатын. Сондағы аяулы анасының “Назкенімді жылатпа, өзі сүйген жігітіне бер” деген сөзі козғау ма, біраз үнсіздікten кейін әкесі алғашқы болып үн қатып:

— Күлінім, анаң болса осы сөзді саған өзі айтар еді. Амал не?! “Жазмыштан озмыш жок” деген, мына келіп отырған жігіт текті атаның баласы, көңілін қала-са, озің ақылға саларсын, — деген.

Бұл арада әңгіме Кызылжар түбіндегі Корнеевка де-теп жерден бой көрсеткен тенсе темір үзетін балаң жігіт Сексенбайдың Кәкімі туралы еді. Күн бата алдында саудың тасындағы үш жігіт осы үйге келіп, ал басын тіреген-ді. Ауылдан үш шакырым жердегі ферма-дан сиыр сауып кел-теп балауса қыз кешкі астың қамымен жүртеп. Алғашқыда бей-тапыс жігіттерді көртепде үялып, үйге кіріп, тығызып қалған білдірді. Сонда да кас-



Күйеу баласы Баймолда мен қызы Нагима.

қатым сөтте ана бір көмірдей қап-қара жігіттің өзіне сұктанып емес, сүйсіне қарап қалғанын жүргі аттай гулап, алғашқы уыз махаббаты оянғандай біртүрлі күй кешті. Сөйтіп осыдан кейін көп ұзамай, қайын атасы Нұрыш молланың өзі құп көріп, ак батасын берген Кәкім мен Назкен екеуі қосылып, жұбайлышқ өмірлерін бастады.

Бүгіндері жасы 95-ке келген сол Назкен әже әлі тын. Кей жылдарын ұмытынқырап қалғаны болмаса, өткен өкігаларды қаз-қалпында есінде сактап қалған. Келген шамдарды да айна-қатесіз танып, амандық-саулық сұрап жатқаны.

— Кәкім ағатайың, — деп бастады әңгімесін өз әже (Кәкім атасы біз көзі тірісінде “ағатай” дейтін едік), 1905 жылы Орынбай көлінің жағасында дүниеге келіп, 1978 жылдың ақпан айында бақылыққа озды. Тірлігінде өмірдің ашы-түшісін көп көрген адам еді гой. Сонау

сталиндік репрессия жылдарының өзінде агайынға, дос-жаранға жұғысты болып, талай адамға жақсылығын аяма-ды. Бір гажабы, мен сондай адамға жақсылық жасадым деп жария қылтан емес. Агайынға, дос-жаранға қайы-рымдылығы ма, күдай сактаң, қырық бірде соғысқа агай-

ынды үшеуі де атта-нып, аман-есен елге оралды. Бағыма қа-рай, Кәкен сөздің мәнін, істің жайын билетін азамат еді. Ол соғысқа кеткен-де екі баламен қал-дым. Нагима мен Шәмшияны және мені әкем соғыстың екінші жылында



Айгүл, Нәйла, әжесі Сәуле.

Егіндіагаш ауылына көшіріп әкелді. Інім Жүсіпбек те соғыста. Дәстенбек алі кішкен-тай. Үш баланы тас-тап, колхозда тер төгіп, еңбек еттік. Сиыр жегіп, соқамен жер жырттық, егін орып, бидай тасыдық. Майдандағы жауын-герлерге шұлық-кол-тап тоқып, малақай тігіп, талай таңды үйқысыз атыр-дық. Мына балалардың көретін жарықтары бар екен. Кокімім қырық алтыншы жылы елге оралып, ак түйенін карны жарылып, бәрінің орны толды.

Шіркін, сол кездегі агайын-туыстың ынтымақ-бірлігіне не жетсін. Соғыстан от кешіп келген Сырнай қайным (Ырсай қайнымды айтамын) Шоққарағай ауылында ағаштан жаңа үй салып, ағасына “елге көш” деп айта



Баласы Тоқпай, келіншегі Сандугаш, ұлы Азаматпен.

өверген соң, ауылга оралып, сол үйге қоныстандық. Жасынан шаруашылыққа араласып, ел басқаруга төсөліп аткан Кәкен “Путь Октября” колхозының басқармасы Зезульге орынбасар болып тағайындалды. Бір жылдан кейін Кәкім агатайың Зезульдін орнына басқарма болып бекітілді. Бұл соғыстан коммунист болып оралған орденді жауынгерге аудандық партия комитеті тарапынан корсетілген зор сенім еді. Сол тұста бүгінгі атақты ғойікен Әшімов, ауданның бірінші хатшысы болған Соғынапистік Еңбек Ері Баян Жангалов та Кәкенмен сыйнас болып, біздің үйден дәм татып жүрді. Заманның құлеу-жадау кезі ғой. Қалайда колхоз шаруашылығын қолға қою керек. Зезуль Кәкене мал шаруашылығының бар жауапкершілігін тапсырып, құрделі мәселелерде ақылдасып отыратын. Сол жылдары Жантайдың Кәкені, Мұқаштың Рақымбегі, Рысбайдың Тоқышы, Сөрсеннің Еслемі секілді ел қамын жеген тағы басқа да ғимматтар шығып, қазақ мектептерін сақтап қалуға чырындық болды.

Бірер жылдан кейін колхоз шаруасы ілгері дами бастағы. Малға мал, жанға жан қосылды. Ол кезде колхозда шабындық жер көп болатын. Зезуль мен Кәкен мындағай ақылға келеді. Пішен дайындаудың жоспарын екүш есе артық орындалп, мал қыстағына сыймаган шөпті шалға үйіп, маяларға толтырып қояды. Жылдағы әдет бойынша маңайдағы колхоздардың шөбі наурыз, сәуір айларында біте бастағанда, шетінен малға айырбастап сатады. Мал басы төлімен бірге аз жылда екі мыңнан асып кетеді. Мұның өзі коммунист Кәкім Сексенбаевтың беделін біраз көтеріп тастайды. Осылай еңбек етіп жүргенде соғыс ардагері Жұсіпбек Нұрышев істі болып, 1956 жылы бақандай жеті жылға кесіліп кете барады. “Ағайынның аласы да, құласы да болады” дегендей, сол жылы аудандық Советтің сұрауымен ауылдағы дүкенге сатушы болуға Жүкен өзі келісім береді ғой. Бұған орнын өткізген адам да бөтен емес, ауылдаас өз ағайыны. Қабылдау кезінде біраз бүлінген товарлар анықталады.

“Оның орайын озім келтірем, актіге қолынды коя сал” деген соң, көнілін қалдырмайын дең қолын қойған да жіберген. Әлгі болса кейін “іс бітті, қу кеттігे” сایып, сөзінен танып шыға келеді. Ізінше зан орындары қан майданда от кешіп келген майдангерді ай-шайга қаратпай алғын кетеді. Үй іші болса бала-шагасымен зар еніреп, қала береді. Сонда фашистің оғынан жасканың көрмеген Кәкен не істеген дейсіз гой. Аупарткомның бірінші хатшысы Б. Жангаловтан он күнге рұқсат алып, екі сирының біреуін сояды да, Алматыға аттанады. Именбестен өкіметті билеп тұрган Тәшеновтың өзіне кіреді. Құдай сөтін салып, сол кісінің араласуымен Қазақ ССР-інің Жоғарғы Соты жергілікті соттың үкімін бұзып, жеті жылды бір жылға түсіріп береді. Жұken бұдан кейін сауданы қойып, мұғалімдік жұмысқа ауысады. 1953-1955 жылдары мен осы Жұсіпбек мұғалімнен оқыдым. Ағамыз зейнеткерлікке шыққаннан кейін имандылық жолына түсіп, еліміз егемендік алған тұста қашама жастарды дінге баулып кетті. Марқұм құран сүрелеріндегі аяттарды әуезді макамына салып оқығанда, қаралы үйдің өзінде бір жылы леп ескендей болатын. Ұстазды сыйлап өсken халықпаз гой. Ақын ақын Кәкімбек Салықов ағамыз: “Зор арман еккен ойыма, Ұстазды сіздей ұмытиан” дең жазғанындай, Жұсіпбек Нұрышевтай қадірлі ұстазымды ұмытпай, үнемі еске алып жүремін.

Қазір Дауқара ауылында Назкен әженің інісі Дәстенбек Нұрышев ағамыз тұрады. Кешегі кенес заманында шаруашылықта аға прораб болып істеп, зейнеткерлікке шықты. Бұл кісі де қазір діндарлық, имандылық жолына түскен ауыл молласы.

Өзінің атаға тартып туған тектілігімен елдің кәделісіне айналған Кәкеннің сөзге ұсталығы мен қажет жерінде өлең де шыгарып жіберетін ақынжандылығы, ат баптап, құсбегі болғаны жайлы жергілікті баспасөз беттерінде жазылып та, айтылып та жүр. 1964 жылы академик жазушы Сәбит Мұқанов келгенде өлеңмен сәлем беріп амандастан да осы Кәкім атамыз болатын. Оның

Тайлақ Жалмұрзенов — 13 — **Әнім сенсің, Сырымбет**
сөндай-ақ, Орынбай, Ақан сері, Үкілі Үбырай жөнінен
көнтеген қызықты маглұматтарды және Атығай-Қарау-
ылдың шежіресін жаксы білетінін көзben көріп, құла-
тываеммен естігендіктен мына жайды айта кетейін.

1977 жылы болуы керек. Кешкі сағат алтының кезі.
“Қыстың козі – қыраулы” дегендей, ойламаған жерден
Қекім атамыз жаңында Назкен бәйбішесі мен бажам
Максат Қарімұлының анасы бар, үйге кіріп келгені гой.
Жеделдетіп ас қамдадық. Онда мен облыстық “Көкше-
тау правдасы” газетінің Қызылту, Ленин, Ленинград
аудандары бойынша меншікті тілшісі едім. Аудандық
ауыл шаруашылығы басқармасының бас экономисі бо-
лып істейтін айыртаулық Рамазан Жақсыбаев ағамызды
атаймен бірге отырсын деген ниетпен үйге шақырдық.
Кезінде Жоғары партия мектебін бітірген Рамазан аға
1953-1955 жылдары Қамсақты МТС-ында аумактық
партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған
қадірлі азамат еді. Атай екеуі кешкі сағат жетіден тұн
ортасы ауғанша әңгіме-дүкен құрганы гой. Сол жолы
Қекім ата Рамазан ағаның тіпті, Сексенбай бабамызға
жиен екендігін де дәлелдеп берді.

Ұлы Отан соғысына, одан жапон милитаристеріне
қарсы шайқасқа қатысқан бұл кісі күйеу балаларын да
керемет сыйласп өтті. 1978 жылдың қантар айында атай
қатты ауырып жатыр деген хабарды естісімен, кеш-
тетіп Дауқара ауылына жеттім. Ленин ауданында аудан-
дық байланыс белімінің бастығы болып істейтін баласы
Жарқын да келіп отыр екен. Біз келген соң көнілі
көтеріліп, бір жасап қалғандай болды. “Назкен, төр үйге
балаларға шай жаса. Әлгі наркомовский жұз грамды да
қалдырма” деп қатты тапсырып жатты. Атайдың соғыс-
тан қалған дағдысы ма, ішімдік атаулыны “наркомов-
ский” деп атайдын. Бір ғажабы, бір әuletten қыз алған
он сегіз бажа ағайынды Сексенбаевтардың қызық-қуаны-
шинан осы құнгеге дейін қалмай келеміз.

Қекім ата соғыстан кейінгі жылдарда колхоз басқар-
масы төрағасының орынбасары бола жүріп, ел тұрмы-

сын котеруге көп еңбек сініріп, жақсы істерімен дара-лануымен бірге, жанұясында да асыл жары Назкен ана-мызыбен өмірлерін мәнді-магыналы өрбітіп, алтын асық-тай екі үл, төрт қыз тәрбислеп осірді. Осы тұста мына жоітті де айта кеткен жөн секілді. Қөргенді қарттың үрпақ тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, үл-кызына берген тәлім-тәрбиесі университеттің берген тәрбиесінен бір мыскат кем болсайшы.

Көш басы Нагимасының ұлагаттылығы қандай! Діндарлық, имандылық жолына түскен асыл апайымыз құдай косқан косағы Баймолда ағамызбен ұлын үға, қызын кияға қондырып, немере сүйіп отырған жайы бар. Қалың Қелдейдің ішінде ерен еңбегімен ел құрметіне бөлөнген Бәкен қазір сексеннің сенгіріне ат басын бұрган іргелі аксақалымыз.

Кәкім атанын күйеу балалары Максат, Мейрам, Қөрбоздар да сайдың тасындаш шоктықты азаматтар. Шәмшия, Қапия, Фатия ата-ананың ак батасын алған ардакты аналар. Бәрі де балалы-шагалы, жанұяларының тілеуқоры болып отырған жайлары бар.

Шәмшия Кәкімқызы бар саналы өмірін жас үрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге арнаған тәлімгер үстаз. Қазір зейнет демалысында. Ұлагатты әкеден өнегелі тәрбие қөрген білікті үстаз мектепте қырық жылға жуық жемісті еңбек етті.

Арайлы Айыртау, көрікті Көкшетаудың жайсандары катарынан лайықты орын алғып жүрген бауырларымыздың бірі — Жарқын Кәкімұлы Сексенбаев. “Атадан үл туса иғі, ата жолын қуса иғі” деген сөз осы азаматымызға арналып айтылған сынайлы. Еңбек жолын байланыс саласында қатардағы жұмысшы болып бастаған ол үлкен шындалу мектебінен етті. Сол кездегі уақыт талабына сай партия қайда жұмсаса содан табылып, құрмет-беделге ие болды. Қындығы мол, бүйрықшыл, өктемешіл саясаттың кезінде ар-намысын жогары үстап, үлтимативдердің атына кір келтірмей, небір лауазымды қыз-

мсттерді абыроймен атқарды. Алдымен жана ашылған Ленин ауданында байланыс жүйесін жолға қойып, одан кейін Щучье қаласына басшы қызметке ауысты. Кезіндегі Новосибирск байланыс институтын бітірген білікті маман көп жыл бұрынғы Торғай облыстық телекоммуникация торабын да басқарды. Ал, еліміз тәуелсіздік үшін жылдары Астана қаласында жоғарылатып, “Тың байланыс күру” АҚ президенті болып сайланды. Сөйтіп, Елорданы сәулеттендіру ісіне сүбелі үлес қосты. Жәкен ақын Тортай Сәдуақасовтың “Ел мен жер” атты тарихи-танымдық кітабының жарық көруіне демеушілік комек көрсеткен халқымыздың рухани байлығына да жанашыр азаматтардың бірі. Зайыбы Ұлболған екеуі Элия, Саят, Әнел сияқты өнегелі үл-қыздарды тәрбиелеп, немере сүйіп отыр. Өзі болса қазір Ақмола облыстық “ҚазАқтелеком” компаниясының бас директоры.

Көкім атамыз бен Назкен әжеміздің кіндігінен тараған тағы бір өнегелі азаматымыз — Токпай. Ол Астанада тұрады. Имандылық жолына түскен. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссави бабамыздың кесенесіне екі мартे барып, тәу етіп қайтты. Міне, өзі де өмірде бір адамдай із қалдырып, үрпактарын да жақсылық атаулыға баулып кеткен абзал жан Көкім Сексенбаев атамызға да биыл жоғарыда айтқандай, туганына жүз жыл толып отыр. Осы айтулы оқигаға орай туган жерінде берілген іс мазмұнды да тағылымды өтті. Осындағы ұлагатты үлкендеріміздің ардақты есімдері алда да көнермей, ел аузында ризашылықпен жүре бергей...



*Ұлы Отан соғысшының ардағері
Кәкім Сексенбайдың тұжанына ~ 100 жыл*

Кәкім ата

Сейлеген сөзін келелі,
Соғысты көрген еренді.
Сексенбайдың Кәкімі,
Елі үшін туған ер еді.
Жинақтап әр кез терең ой,
Ішінде сақтап жүрген гой.
Жазушы Сәбит ағаға,
Өлеңмен сәлем берген гой.
Талқандап фашист ордасын,
Жапонға наиза түйрекен.
Қыннан бастап жол басын,
Ауырды жеңіп үйренген.
Жүрмеген ауыр үстімен,
Істеген ісін ақылмен.
Қамқор боп алыс-жақынға,
Қарсы алған адад дәмімен.
Жасанды аштық жылында,
Жүрген қарсы дауылға.
Көпірінен өтіп дозақтың,
Жүзіп шықкан айдынға.
Аша түяқ қалмаган,
Ел басына түскен зұлматта.
Қырылды қазақ аштықта,
Қаһарын төккен қыр жакта.
Мінезі тіктеу, өзі ойшыл,
Көрмеген қайтып сөзінен.
Таймаған алған бетінен,
Қайсар ол ата тегінен.
Ісімен жағып орыс, қазаққа,
Айналған текті арысқа.
Миллионды жұтқан зұлматта.
Алдырмай кеткен тұзакқа.
Күн туып нұрлы таң атқан,
Молшылыққа жол ашқан.
Туғанда кезең аста-төк,
Соқты бір дауыл зымыстан.

Атамыз қалмай қалыста,
Аттанды қырғын соғысқа.
Бірге әкетіп екі інісін,
Енді барып үрысқа.
Ертесі не, кеші не,
Атаны ғажап еске алсақ.
Жеткізіп сөзді жеріне,
Айтайын білсін жас үрпақ.
Қорғауды жаудан Отанын,
Борышым деп түсінген.
Өтеген адад парызын,
Ерлігі ерен кісім-ең.
Аңсай күтіп Женісті,
Күйреткен жапон, немісті.
Бес жыл жүріп соғыста,
Әкелген елге Женісті.
Қажыр-қайрат иесі,
Атамыз Кәкім киелі.
Әрілді өлең мәнімен,
Қабыл болған елдің тілегі.
Еңбегі болған жемісті,
Атамыз Отан перзенті.
Жайнаған туы жығылмай.
Әткен ер елге көрікті.
Мазмұнды өріп өмірін,
Өсірген ғажап үл-қызын.
Әлкесін сүйген атандың,
Жағайық бүгін жүлдышын.
Берекелі елге ырзықты.
Қажет-ау ерлер орнықты.
Еске алған әкені майдангер,
Үл-қызы өскен ел мықты.
Колхозды жүдеу ауылға,
Қосқан субелі үлесін.
Бағыштайық Кәкім атаға,
Құран-Көрім аят-сүресін.

Ұлы Жеңіске—60 жыл

Ағайынды Сексенбаевтар



Рсай ата мен Кайни әже.
Соғысқа әр ауылдан 60—70-тен аса казақ жастары
аттанса, солардың 40—50-ы

Киелі Айыртау жерінен қаншама орім өрендер майдан даласына аттанып, Ұлы Отанды неміс-фашист басқыншыларынан қорғап қалуда небір өлмес-өшпес ерліктер жасап, аттарын тарих бетіне алтын әріппен жаздырып кеткендері қаншама есімдері “Боздактар” кітабына жазылды.

Ауданнан шыққан Кеңестер Одағының он бір батыры жайлы айтып та, жазып та жатырмыз. Соғыс ардагерлерінің ішінде аттары аталмай жатқандары да баршылық. Ал ардагерлер туралы сөз бола қалса мен әрдайым ағайынды Сексенбаевтарды жылы ілтипат-

пен еске алатыным бар. Олар — Кәкім, Ырсай, Дастан. Үшеуінде көзбен көріп, талай мәнді-мағнналы әңгімелерін тындалап естіген едім.

Сонау албырт шақта осының бәрі де күні ертең қажет болып калар-ау деп кім ойлаган. Осындайда казақ атамыздың “Керек тастың ауырлығы жок” деген сөзін еріксіз еске аласын. Бұган себеп, кезінде ақылман аталар айтқандарын қағазға түсіріп алмаганыма киналып отырганым мынау. Ал ағайынды Сексенбаевтардың бірінен бірі өткен асыл әрі абзal жандар-екенінде шубә жок. Тектілерінде бір мін болсайшы! “Кәкім атамыз” сөзге үста,

Алтыншылда

Алтыншылда

Сөз-Казмет-жыл 1997 жыл



**Айгүл мен
Уәлихан.**

кекірегі зерек, парасат-пайымы мол кісі-тін. Әсіресе от ауызды, орак тілді Орынбай Бертағыұлы, ақын Акан сері туралы сөйлеп кеткенде алдына жан салмайтын еді гой шіркін.

1964 жылы академик жазушы Сабит Мұқанов Шоқан, Орынбай жайлы деректер жинау максатымен Сырымбетке ат басын тірегенін көз көргендегі үмыта қойған жок деп білеміз. Орынбай ақын жайлы онгіме қозгалысымен ауыл ақсақалдары шаруашылық баасшыларына Шоққарагай селосында тұратын Кәкім Сексенбаевты шақыру керек деген ақыл-кенес береді. Сол жолы

Кәкім ата көркем сөз зергеріне

Орынбай ақын жөнінде көп күнды мағлұматтар берген.

Жалпы Кәкім ақсақал 1941 жылы туған жері Айыртау ауданы болғанына қарамастаң соғысқа Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданына қарасты Корнеевка селосынан алынған екен. Бұл жөнінен Кәкім атасын үлкен қызы Нагима Кәкімқызы Рыстина балайша әңгімелейді.

— Мың өліп, мың тірілген қазактың басынан небір киңи-киңи тағдырлар өтпеген. Әкемнің ата қонысы ертеректе Орынбай көлінің түстігінде болса керек-ті. Жойқын жасанды аштық қайдан шыдатсын. Қалың Қалдей, Кошей орыс арасына барамыз деп көш басын бұрганда тепсе темір үзетін балаң жігіт қалайша қарап отырсын. Қарт анасын, қарындасы Кәкіманы, екі інісі Үрсай мен Дастанды алып бір түнде көшіп кетеді. Шаруа жайын білетін әкем барған жерінде шаруашылық ісіне белсене араласып, үлкен беделмен енбек етеді. Шаруасы енді-енді түзеле бастағанда соғыс басталып кетеді. Әкем қырық бірде кетіп, қырық алтының күзінде, ягни қазан айында елге аман-есен оралды. Егер тірі болса

асыл азамат әкеміз биыл жаз жүз жасқа келер еді.

Асыл ата қырық бірде Отан коргауга аттанып, қырық аштыда майдан жолын жапон милитаристерінің Квантун армиясын талқандауымен аяқтап елге оралды. Алған орден, медальдары да болған еken. Қазекем ондай құнды жәдігерлерге қайдан үқыпты болсын. Бөріде жоғалып кеткен. Қай майданда соғысқанында хабарсызыбыз. Ал бір қазактай соғысқанын осы жолдың автотрасса өз аузынан естіген болатын. Бұл жөнінен алпыс тоғызыншы жылы облыстық “Көкшетау правдасы” газетінде жазылған еді. Түйіндеп айтқанда, Қәкім ата соғыстан оралған соң кедейленген колхоз шаруашылығын көтеру ісіне белсene атсалысады. Біраз жыл колхоз басқармасының орынбасары, ферма бригадирі, тағы басқа жұмыстарды адал атқарып, зейнеткерлікке шығып, жетпіс сегізінші жылы бақылыққа озды.

Енді ойлап отырсам Қәкім ата аузы дуалы сөзге ұста, ақылман азамат болған еken. Домбырамен қисса-жырларды да бірқызыру тәуір айтатын. Аздап өлеңде шығаратынын ел ішіндегі коз көргендер жиі айтып жүреді.

Қәкім атандың інісі Үрсай Сексенбаев соғысты Қенигсберг қаласында аяқтап елге оралған. Онын майдан даласынан жазған өлеңдері көп болатын. Абзал ата соғыста шығарған өлеңдерін өле-өлгенше өзі айтып жүрді. Сондыктан болса керек-ті, асыл атанды женгелері Үрсай атын атамай Сырнай деп кеткен. Бұл ата да соғысқа қырық бірде кетіп қырық бесте оралады. Стalingrad майданынан Қенигсберг қаласына дейін баралды. Қырық үште жараланып елге келіп кетеді. Келсе анасы қайтыс болыпты. Анасының бақылыққа озғанын Үрсай ата ұрыс даласында жүрген Дастан інісіне өлеңмен жазғанын Дастанның жұбайы Айтжан женешеміз былай деп еске алады:

“Қарағым, айналайын жаным Дастан,
Откіздік қыншылық ғазиз бастан.
Отіпті дүниеден апажаным,
Жеткенше балалары сүм соғыстан.
Рахмалы, Бейсенбімен атың егіз,
Көл қылып көздің жасын төктім теңіз.

Бауырым, жақсы көрер нагашым-ай,
Бір оғы герман иттің болды ма кез”.

Бұл ақын атандық майдан даласынан жаралы боп оралған Рахмалы Нұргожинге (бұл аға соғыстан кейін Айыртау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған) туган інісі Бейсенбіден қаралы қағаз келгенінде жазған екен. Соғыстан кейінгі жылдарда Ұрсай Сексенбаев атамыз үзак жыл колхоз, совхоздың құрығы құтты жылқышы болып, артынан шопан таяғын үстап зейнеткерлікке шықты. Сексен бірде бұл фәниден бақылышқа озды.

Дастан ағада қырық бірде майдан даласына аттанып, Белорусь майданына қарасты 134 дивизияның құрамындағы 624 атқыштар полкында автоматшылар ротасында ұрысқа қатысады. Көзі тірісінде асыл аға полк командирі Алексей Григорьевич Карапанов болғанын жиі айтып отыратын еді. Витебск, Ржев, Белый қалаларын азат ету операцияларына қатысады. Әсіреле Белый қаласы үшін болған қиян-кескі ұрыс оның есінде сакталып қалыпты. Аталмыш қала үшін ұрыс төрт күнге созылған. Осы ұрыста Дастан аға қарулас досы Петр Ивановтан айырылады. Қаһарман жауынгер Варшава қаласын азат ету операциясына қатысып, Висла, Одер өзендерінен отиі Батыс Пруссия жерінде ұрысқа қатысып, Кенигсбергте соғысты аяқтайды. Ұрыс даласында маршалдар Жуков, Василевский басқарған майдандар құрамындағы полктарда болады. 1947 жылы елге оралады. Соғыста жасаған ерлігі үшін I дәрежелі Ұлы Отан соғысы, “Қызыл ту” ордендерімен, “Ерлігі үшін”, тағы басқа медальдармен марапатталған.

Дастан аға майдан даласынан оралған соң, үзак жылдар бойы сауда саласында қызмет істеп, зейнеткерлікке шықты.

Міне, бір әулеттен шыққан үш жауынгердің ел басына күн туганда, туган елін жаудан коргауға аттанып, ерліктің сан үлгісін көрсетіп, бейбіт өмірде де еліміздің көркейіп, нығаюшина қосқан үшан-теніз үлестері жайлы бір үзік сыр осындей.

Ұлы Жеңіске—60 жыл

Тәйкен Ахмадияұлы 1923 жылы 23 ақпанды Қазақ ССР-нің Көкшетау облысына карасты Шұқыркөл аудында омірге келді.

Әкеден ерте айырылған ол 1930 жылдары осы ауылда бастауыш мектепте сауатын

ашып, одан әрі көршілес Андреевка селосындағы балалар үйінің қабырғасында жүріп тәлім-тәрбие алды. Бұл жылдар ауыл өмірінің тағдыр тауқыметін тартқан ең бір ауыр кезі еді. Елімізде белең алған ашаршылық халқымыздың тұрмысын әбден жүдегіш, онсыз да тұралап жатқан ел экономикасын дағдарысқа ұшыратты. Әрине



Солдан оңға қарай: Үкітай, Әлболған, Нагиба, Семсер, Айдана, Темірлан (немерелері).

Өмірдерек



Тәйкен аға мен Шайза әже үл-қыздарымен.

мұның бәрі ауыл өміріне өз киындықтарын туғызды. Елімізде жаңада бастау алып жүріп жатқан колхоздастыру жұмыстары туғырыққа тірелді.

Ел басын торлаган ашаршылық бұлты

енди-енді сейілін, ел сиесең көтеріп, елді-мекендерде жаппай басталған колхоздастыру жұмыстары қарқын ала бастаған шакта аранын ашқан сүм соғыс басталды. Неміс-фашист басқыншылары Отанымызға тұтқынылдан шабуыл жасап, ел басына қайғы-касіретін төкті. Енбек-теген баладан қартайған көрі-құрттанға дейін Отан корғау ісіне аттанды. Қолына қару ұстаган жарамды деген ел азаматтарынын бәрі дерлік соғысқа аттанып, ауыл омірінің тағдыры жас бала мен көрі-құрттанға қарап қалды. Жасы қәмелетке толған ел азаматтарымен бірге Тәйкен Ахмадияұлы да қолына қару алып Отанын, елін, жерін коргауга аттанды. Содан екі жылға жуық уақыт қан бұланған соғысқа қатысып, Сталинград майданында жаумен алысты. Осы Сталинград түбіндегі шайқаста Тәйкен Ахмадияұлы ауыр жаракат алып, соғысқа жаралсыз деп танылған соң елге оралып, тылдағы енбек майданына қатысты. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ержүрек ерліктері үшін Тәйкен Ахмадиев Отанымыздың жоғары наградаларына ие болды. Атап айтқанда I-ші дөрежелі “Ұлы Отан соғысы” орденімен, “Жауынгерлік ерліктері үшін”, “1941-45 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін”, “Ұлы Отан соғысының 20 жылдығы үшін”, 30 жылдығы, 40 жылдығы, 50 жылдығы, т.б. медальдармен мара-патталды. 1943 жылдан бастап Шұқыр көл ауылында, одан кейін Тендік ауылында мектеп мұғалімі болды. Жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беруге белше-ше араласып,



Солдан оңға қарай: Ләzzат, Тәңдік, Ұлболған, Жанбота, Файша, Нагима, келін, Манзуза, Жанат.

ұзак жылдар бойы үстаздық етті. 45 жылдан астам өмірін жасөспірімдер тәрбиесіне арнады. Оның алдынан тәлім-тәрбие алған азаматтар өмірде өздерінің лайыкты орындарын тауып, жогары лауазымды қызметтер аткарды. Олардың ішінде есімдері республика жүртшылығына танымал ғалымдар, мемлекет қайраткерлері, совхоз директорлары, үстаздар мен халық шаруашылығының әр саласында жемісті еңбек етіп есімдері елге әйгілі болған азаматтар бар. Солардың ішінде әдебиет сыншысы, ғалым жазушы Айқын Нұрқатов, гылым докторы Нығмет Фабдуллин, мемлекет қайраткері Еркін Әуелбеков, Сұлтан Досмағамбетов, Темірғали Бекенов, т.б. атауға болады.

Қатардағы мектеп мұғалімінен бастап қызмет еткен ол оқу-тәрбие ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры қызметтеріне дейін көтерілді. Ұзак жылдар бойы мектеп директорлығы қызметін атқарды.

1963 жылы жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беруде қол жеткізген жетістіктері үшін “Қазақ ССР-нің халық агарту ісінің үздігі” атағы берілді. 1967-68 жылдары қатарынан екі рет Қазақ ССР-нің Құрмет Грамотасымен, басқа да мадақтау грамоталарымен марапатталды. 1968 жылы Отанымыздың астанасы Москва қаласында еткен мұғалімдердің Бүкілодактық VIII съезіне делегат болып қатысты.

Ұстаздардың ұстазы (поэма)

Айтылмай жүрген ойлар көп,
Сақталып қалған жадымда.
Тұыппын әкем жоғында,
Қырық бірдің қысында.
Сондықтан маған тым қымбат,
Ашыда жеген үзім нан.
Берші маған жыр қуат,
Соқтырмай дауыл алдыннан.
Көпсінбен тәңір бергендей,
Көз көрді масақ тергендей.

Даласына майданның,
Бір қолын беріп келгенді.
Кез көрді тағы ерлерді,
Зұлмат жауды женгенді.
Омырауын орден, медальға,
Толтырып тағып келгенді.
Кез көрді жетім, жесірді,
Бозінгендей боздаған.
Еске алып шамы сөнгенді,
Жазайық тірі келгенді.

Соғыстың аты соғыс қой,
Тұғызған өлім, қасірет.
Жендеттің өткен тепкілеп,
Азабын көрген ел білед.
Фашистік Герман жау сойқан,
Соғысын бастап шығыстан.
Айырды елді төрт жылда
Жиyrма миллион боздақтан.
Жетпесін дейік соғысты,
Жасанған жасын үрпаққа.
Сайрасын құстар қыр жақта,
Қонып алып бұтакқа.
Сайрайын менде бұлбұлша,
Еске алып майдан саңлағын.
Аруақтар жебеп қолдаса,
От жырым табар арнасын.
Жазуға талай талпындым,
Шежіресін отты жылдардың.
Кеш жатып, ерте ояндым,
Әнімнің ізден жалғасын.
Қол үшін берді Үкітай,
Журналист інім ажарлы.
Мол дерек тауып бағалы,
Бастаған ісімді жалғады.
Тәйкен аға майдангер,
Әкесі Үкітай досымның.
Ерлігін ердің біледі ел,
Елі үшін қырда төккен тер.
Әкеден қалып тым ерте,
Аштықты көрген бұл аға.
Тағдырын өзі шешпекке,
Ауылдан кетті бір кеште.
Бойына біткен тектілік,
Бастады көшін пірі бол.
Ашқұрсақ бала жөн біліп,
Жолына түсті ізгілік.
“Жетім қозы отығар,
Отығар да жетілер”.

Дегендей ата-бабалар,
Күн туды ерге нұр жауар.
Окуды үздік оқыды,
Отызыншы жылдары.
Зердесіне құйып тоқыды,
Оқуға ауып іңкәрі.
Ауылдас өсіп Бәйкенмен,
Оқудың түсті соңына.
Тартса да аштық етектен,
Көміп кетті шаңына.
Қанды қасап жылдары,
Ұстаздық жолын бастады.
Бала мұғалім атанды,
Оқытып ересек жастарды.
Ұстаз болды Айқынға,
Әйгілі дүлдүл сыншыға.
Дүниеден өтті хас дарын,
Дос болып ұлы Мұхтарға.
Ойышыл, сыншы арманы,
Егемен елмен нұрланды.
Сөнген жоқ жаққан ақ шамы,
Үрпаққа жетіп жазғаны.
Ғабдуллин Нығмет ағамыз,
Жазушы, ғылым докторы.
Кітаптарын аламыз,
Жүрсін деп оқып баламыз.
Шәкірті ұстаз ағаның,
Көкшетаудай көрікті.
Ағадан тәлім аламын,
Інжүін теріп маржанның.
Еркіндей елдің көсемін,
Оқытқан кеше жақсы аға.
Білгендей сұлу Көкшенің,
Жұлдызын жағып өтерін.
Еркіндей үлды оқытқан,
Ағамыз ұстаз-данышпан.
Оқытып Сұлтан ағаны,
Тілеген тілеуін алыстан.

Досмағамбетов ағаның,
Қарағанды алтын ордасы.
Айыртау сырлас мұндасты,
Бастаған бізден жол басы.
Ақтөбеден обком хатшысы,
Теміргали Бекенов.
Жарқын істің жаршысы,
Ұстазына тұрған хат жазып.
Тәйкен аға жігіт сырбазы,
Дәуірінің озық көш басы.
Ақылшы, досы, сырласы,
Ұстаздардың ұстазы.
Ұлы Мұхтар ағадай,
Жарқырап тұрған мәндайы.
Шешендігі Жазы би бабамдай,
Төгілген жүзінен арайы.
Ағамен дәмдес болғаным,
Бақытый деп білемін.
Ұл-қызына адап жүрегім,
Тастамай дүғамнан жүремін.
Майдан жолы ағаның,
Сұранып тұрған жыр-дастан.
Бұл ұлын сайын даланың,
Ұмытпас мәңгі ұлы Отан.
Сталинград майданы,
Әйгілі ұрыс алаңы.
Белгілі болып тұр бүгін,
Қазақтардың қамал бұзғаны.
Көп болды ерлер айшықты,
Арыстаннан да жүректі.
Қабыл етіп Алла тілекті,
Танып алдық аға үрпақты.
Мындаған қазақ ерлердің,
Еленбеді көп ерлігі.
Астында оқ селінің,
Сақталды солдат бірлігі.

Политрук Тәйкен ағаның,
Сын сағаты туды окопта.
Ашса да өлім араның,
Шығу керек болды айқасқа.
Биікті алу сол күні,
Берілген қатаң тапсырма.
Жан беру, сірә, оңай ма?
Тура жүріп барып ажалға.
Көндірді Тәйкен штабта,
Командирін полктің.
Тұнде шығып шайқасқа,
Шешуге тағдырын ұрыстың.
Бәтуа осылай жасалып,
Тайкендер тосты тұнді ұзак.
Ақ таңды бұлар қарсы алып,
Қоршады жауды тұзақ сап.
Мәскеуге жеткен зұлмат жау,
Қалайша тегін жатады.
Қалдырмай шепте саңылау,
Қырғынды сойқан бастады.
Қара құртша қаптады,
Танктерін алға жіберіп.
Тайкендер де қарап жатпады,
Биікті алған игеріп.
Қарулас достар қаһарман,
Жауға тиді бүйідей.
Бастаған Тәйкен кіл қыран,
Ұстап тұрды шебін шегінбей.
Үш тәулікке созылды,
Қан бұланған зор майдан.
Тайкендер оқ боп атылды,
Мың ерлік жасап жағымды.
Полктан көмек жеткенде,
Жау тізесін бүккенде.
Политрук ауыр жааралы,
Жатты қанды зембілде.

Қарсы алды туған ауылы,
Офицер ұлын жарапы.
Той-думан жасад ауылы,
Жаңғыртып тауды, даланы.
Сағындырған қамал бел,
Айдыны шалқар көк көлдер.
Беттен өпті самал жел,
Шипасын жасап тұзды көл.
Айдан сұлу арулар,
Іздесең шыңнан табылар.
Тыңдаған жүрек лүпілін,
Қырымбеттөн келген қыз да бар.
Қыздардың ығай мен сыйгайы,
Төгілген жүзінен арайы.
Сөз салды офицер жігітке,
Бола қалып сыпайы.
Соғысқа дейін Шайзамен,
Жұздескен еді айлақта.
Тілдесіп ынтық сезіммен,
Сөз байласты ұзаққа.
Соғыстан кейін екі жас,
Құрды қырда отауын.
Асулар қалай алынбас,
Қосылса жастар тағдырлас.
Махабbat қызық мол жылын,
Әрді биқ талғаммен.
Тәлімді өсіріп үл-қызын,
Жайнап өтті ақылмен.
Қырық бес жыл мектепте,
Ұстаздық етіп жақсы аға.
Адалдық жасап қызметте,
Айналды үздік ұстазға.
Директор болды ақылман,
Жұмысы үріккен алдынан.
Мейірімі асып-тасыған,
Саңлақты елі таныған.
Мұғалім болды білікті,
Көкшетаудай көркіті.
Томағасын алып түлөтті,
Ұшырып он сан түлекті.

Еркін аға да қолдады,
Ұстазын ізетті тәлімгер.
Жоралғысын мықтап жолдады,
Жаққандай жұлдыз қырдағы ел.
Тәйкен аға көреген,
Жаңа мектеп салғызыды.
Құт-мекен ғой ел деген,
Қолдан ұлын демеген.
Ғимараты білімнің,
Тұр әне жайнап ауылда.
Тірек қой мықты балғынға,
Көрсеткен ынта оқуға.
Еңбегі жанып ағаның,
Екі рет алды үздік атағын.
Айта берсек аға алғысын,
Жасантар ауыл алаңын.
Тәйкен аға Кәкім атамен,
Заманы бірге замандас.
Соғысты қөрген елменен,
Майдандас достар қарулас.
Жақыннатып алысты,
Майдандас достар табысты.
Құда болып мың жылдық,
Құшактары қауышты.
Қысып ыстық қолдарын,
Еске алды майдан жолдарын.
Екі жасқа берді батасын,
Тапсын деп үрпақ жалғасын.
Ұлболған, Жарқын бүгінде,
Тәуелсіз елдің жайсаны.
Тектілер тартып тегіне,
Жасап жүр иғ іс еліне,
Кейіпкерім мықты жырдағы,
Ұстаздың ұстаз саңлағы.
Соғысты қөрмей үрпағы,
Жайнап тұрысын ауылы қырдағы.
Алтыннан қымбат салмағы.
Білгенге елдің ардағы,
Тәйкендей ұстаз ағаны,
Ұмытпайды Көкше аймағы.

**Кекшениң
жақсы-
жайсаңы**

Айыртаудың ақиығы

“Өз үлші, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдаң кеменгерді”.

Ілияс Жансүгіров.



Д. А. Қонаевпен дидарласу.

Ардақтасак үлсісімиз болар, Айыртау атырабында қырық жылдан бері тұғырынан түспей келе жатқан даңғайыр дикан, Социалистік Еңбек Ері, бүгінде Алатаудай абыз ақсақалымыз Тұрлыбек Әбілпейісов жайлы қисынсыз тенеуді айта салу кімге де болмасын оңай сога қоймасы шындық.

Ақиқатында Тұрлыбек Әбілпейісов тегін адам ба? Сонау тын игеру жылдарында Қамсакты МТС-ы қалың казақ ауылдарының ауыл шаруашылығын дамытудың шын ордасы болғанын көз көргендер ал ұмыта қойған жоқ. Бұл қазақ кадрларына басшылықтан қуылып, төменгі эшелонға ығыстырылғанын енді-енді біліп жатырмыз. Дегенмен аруакты елдің баласы емеспіз бе? Осы аумалы-төкпелі кезенде Қамсакты МТС-ын жап-жас Төлеу Сүлейменов басқарып, қаншама өміршен істер атқарды. Иә, Төлеу, Тұрлыбек агалар жап-жас жігіт болды. Төлеу аға өзінің жастығына қарамай Ленин орденімен марапатталып, КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланды. Жасынан егіншілікпен айналысқан Тұрлыбек Әбілпейісов ағамыз адал сибебімен Социалистік Еңбек Ері атагын алды.

Еліміз тәуслесіздік алғанға дейін Тұрағаң туралы жазылған очерк-әңгімелерге зер салып қарасак, феномен ағамыз Рожков, Ситников секілді комбайншылардан үйренген болып келеді. Ал ақиқатында солай ма? Одак кезіндегі үрдіс бойынша орыс аға баласы, қазақ іні баласы болып келген соң айтылған гой. Эйтпесе, Тұрағандай дала академигі туган елінің даңғайыр диқаны болып танылуын оның тектілігінен дең білгеніміз жөн секілді. Осы жерде сөл шегініс жасай кетейік. Қазакта

“Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілерсін” деген аталы сөз бар. Біздің әнгімеміздің басты кейіпкері бала Тұрлыбектің, кейіннен дана Тұрлыбектің әкесі Әбілпейіс атамыз өмірден көргені мен түйгені көп, өте ақылман, көкірегі зерек, еңбексүйгіш адам болды. Асыл атаны мен өз көзіммен көрген адаммын. Өте байсалды кісітін. Беделі анау-мынау басқармалардан артық болмаса, кем болған жок. Бір кездері “Жұмысшы” колхозы ауданында ең мықты колхоздарының бірінен саналып тұрса, ол осы аталардың мандай терін тамшылата жүріп төккен еңбектерінің арқасында кол жеткен табыс болатын. Сонау жиырма



**Тұрлыбек
Әбілпейісов.**



Бәйкен Әшімовпен сырласу.

Тайлақ Жалғырзенов — 29 — **Әнім сенсің, Сырымбет**
сегізінші жылдары колхоздың ірге тасын қалаған Шаяхмет Мақажанов, Байгожа Әмірәлин, Кенже Көрібасев, Нұрпейіс Мұсабаев, Құрман Айтжанов, Едірес Мұқажапов, Қарымсақ Байқадамов, Қазжан Сәнуов, Баубек Әміржанов, Мырзабек Шаймергеновтар еді. Шіркін, асыл аталардың бірін-бірі сыйлап тұруы бір ганибет еді той. Аталар қажымас қайрат иелері болатын. Ақылман аталар отыз бір, отыз екінің аштығында ауылын аман сақтап қалса, отыз жетінің сталиндік репрессиясынан азаматтарын аман сақтап қалды. Кейін олардың көбі неміс-фашист басқыншылары Отанға опасыздықпен шабуыл жасағанда қолдарына қару алыш, майдан даласына аттанды. Қөвшілігі үрыс даласынан оралған жок. Ал Бекмырза Қараболатов партизан отрядында командир болып, кейін хабарсыз кетті. Бұл ақын Махмет Нөгербековтың туған ағасы.

Ауылдың бас көтерер азаматтары соғыска кеткенде бар ауыртпалық карттар мен әйелдерге, буның бекіп, бұғанасты қатпаған жастарға түсті емес пе. Сол кезде жасы алпыстан асқан Әбілпейіс атамыз колхоздағы барлық ауыр жұмысты мойнымен көтеріп, бір кісідей адал жұмыс істеді. Қазықен Әмірәлина секілді аяулы аналар тракторге отырып, көктемде сін сеуіп, жазда шөп шауып, күзде егін орды. Майра тәтеміз де анасымен бірге тракторшы болып істеді. 14-15 жастағы балаң жігіт Тұрлыбек Әбілпейісов те әкеден көргенін істеп, трактор руліне отырды. Көреген әке баласына техниканың, диқаншылықтың қыр-сырын үйрете беруге әсте де жалықпады. Асыл атаның соғыс жылдары бір сабакта бидайдың үш масағы өсіп тұруын көруі де ганибет әнгіме. Санлақ диқан кейін баласына “мен бұдан кейінгі жылдары мұндай гажапты көрген емеспін”, – дейді екен.

Әбілпейіс атаның мектебінен тек баласы Тұрлыбек қана емес, МТС директоры, аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы болып істеген Социалистік Еңбек Ері Әбілжан Әмішев, ұзак жылдар бойы кеңшар дирек-

торы болып істеген, ауылшаруашылығын көтеру ісінде көп енбегін сініріп кеткен Қойши Шаяхметов, білікті экономист, журнал-ордер жүйесінің тамаша білгірі Шайдидден Сактағанов та шындалып өскенін айта кеткен жөн. Асыл ата тек егіншілікпен ғана шектеліп қалмай, картоп өсірумен де айналысқан гой. Абзал атанаң картоп отыргызып, одан мол өнім алуының өзі бір ғанибен болатын. Және ауылда картопты одан көп жинаған адамды көрген де, естіген де жоқпын. Мениң балалық шымындың көбі осы ауылда тұратын туған нағашым Шайдидден Сактағановтың үйінде өткендіктен, ақылман атанаң табандылығы мен таланттына сүйсініп тұратын едім. Білікті бағбан картопты отыргызып болғаннан кейін, оны асқан бір ыжданаттылықпен баптай білетін. Тал шарбақпен қоршалған огородқа шамалы уақыттан кейін келіп қарасан, жап-жасыл болып жайқалып тұрган жасыл желекті көріп, таңданып қалатын едік. “Бала әкесінен көргенін істейді” дегендей, Тұраган отыз жыл бригадир болып істегенінде, дикандардың екінші “Дала” қосы албарын жасыл желеекке бөлеп, жайнатып қоятын еді.

Тұрлыбек Әбілпейісов 1926 жылы 24 мамырда Жұмысшы ауылында туған. Ауылдағы бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, 16 жасында Қамсақты МТС-ның жолдамасымен Лобанов селосындағы ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын училищеге барып оқып, оны бітіріп шығады. Ал ақылман, көреген эке баласының болашақта даңғайыр диқан болатынына сенген. Сол үшін де ол баласын Құлагерін баптаған сері Ақандай бала Тұрлыбекін дана Тұрлыбек даңғылына әкеліп түсірген. Бала Тұрлыбек қашан дала академигі дәрежесіне жеткенге дейін диқан-бабаның ақыл-кенесін, бай тәжірибесін жүдә есінен шығарып көрді ме екен. Отыз жыл табан аудармастан трактор-егіс бригадасын басқарып, қаншама өміршен жұмыстар атқарғанын кім жоққа шығара алады.

Фылым мен практиканы үштастыра жүргізген даншыры дикан шындығында атақты Мальцевтен бір мысшы кем түспегенін ел жақсы біледі. Феномен ағаның ғашылжайы аудан, облыс, республика, одак көлемінің тарихи мектебіне айналғанын ел неге ұмытсын. Аз шында ауыспалы егіс жүйесін толық игеріп, егіншілік мәдениеті жогары коллектив, коммунистік енбек әскеріндесі атағын женіп алды. Жыл сайын танаптың әр тектарынан 20-25 центнерден тұрақты өнім алу иғі достүрге айналды. Қуаныштық жылдың өзінде 20 центнерден тұрақты өнім алғанын көзben көргендіктен мен асқан талантты санлақ диканға әрқашан тәнтімін. “Кисынын тауып, киядан шауып, тағына жетіп қайырған”, — деп данышпан Абай атамыз айтқандай, Тұраганың бастағанын тағына жетіп қайырмай жолда калдырырды дегенін естіген емеспін. Сан мәрте одактық, республикалық, облыстық жарыс көшін бастап, жеңіс тұғырына көтеріліп, Орталық Комитетке рапорт бергенінің де куәсі болғаным бар. “Көрші танабы — өз танабың”, “Астықты алқапқа-интенсивті технология” деген девиздер де Тұраган есімімен байланысты айтылған сөздер. Мейлі ол Одактың кезінде айтылсын, аталмыш даналық сөздердің құндылығын әлі күнге жоймай келе жатқандығы да шындық. Сол кезде Кекшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Оразбек Сұлтанұлы Қуанышев ауыл шаруашылығы журналына жазған “Тың төсіндегі өрен ерлік” атты очеркінде: “Социалистік Енбек Ері Т. Әбілпейісов “Лавров” совхозында бір бригаданы 25 жыл бойы үзіліссіз басқарып келеді. Оның бригадасы “Көрші танабы — өз танабың” деген девизін республикалық жарысты бастап кетті”. Бұл 1983 жыл болатын. “Данғайыр дикан, Айыртаудың ақырығы Тұрлыбек Әбілпейісов жеке шапқан жүйрік емес. Өзімен үзенгілес талай дүлдүлді тәрбиелеген, тәрбиелеп те жүрген тәлімгер ұстаз да”, — деп жазды белгілі публицист, жазушы, марқұм Жанайдар Мусин “Жер шокты-

ты – Көкшетау” атты кітабында. Расында да солай. Тұраган тәрбиелеген шәкірттерінің көбі жастары алпыстан асып, зейнеткерлік шыққан атпал азаматтар. Біразы бақылыққа озды. Зейнеткерлердің ішінде “Еңбек Қызыл ту” және “Құрмет белгісі” ордендерінің иегері Нұркен Сыздыков, Сейітбек Тұрсынов, Әнуарбек Бейсенов, тыл енбеккери Жарахмет Шаяхметов секілді өз ісінің білгірлері де бар. Атан жыгар нарыктың өтпелі кезеңінде де Тұраган ауылда шаруа кожалықтарын құрган Бауыржан Әбілпейісов, Төлеген Сыздыков, Серікбай Мұсабеков, Жарас Мұхамадиев, Жарасбай Жолдығұлов секілді ауыл жастарына ақыл-кенесін айтып, бағыт-бағдар беріп отырады. Былтырғы куанышылық жылдың өзінде Бауыржан басқарған кожалық танаптың әр гектарынан 11 центнерден өнім алып, өз іскерлігін көрсетті.

Аты анызға айналған ғажап феномен дикан жайлы одак журналистерінен бастап, республика, облыс, аудан газеттеріндегі журналистерден қалам тартпай қалғаны кемде-кем шығар. Т. Әбілпейісовтың ерен енбегіне Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев “Қазақстан Миллиарды-78” атты кітапта: “Көкшетау облысына қарасты “Лавров” совхозының Социалистік Еңбек Ері Тұрлыбек Әбілпейісов басқаратын бригада биылғы орақта тамаша ерен табыска жетіп отыр. Бригада мүшелері 2119 гектар алқаптың айналымынан 21 центнерден өнім алып отыр. Құрамында 12 комбайны бар орақ комплексі қызу науқанды сегіз жұмыс күнінде аяқтады”. Ел көсемі Тұраганмен тұсken тарихи мына суретін “Өтті дәурен осылай” атты кітабына да енгізген еken. Абзal ағамен Бәйкен Әшімов ағамыз да суретте бар.

Айыртаудың ақыығы туралы әйгілі жазушы Әbdіjәmіl Нұрпейісов 8 желтоқсан 1978 жылы “Литературная газетінде” жазған очеркінде: “Менің кейіпкеріме көп оқуға тағдыр жазбаган еken. Бастауыш мектепті бітірісімен ол енбекке араласқан. Еңбек жолын тіркеушиден

быстап, кейін екі комбайнды қосарлап жүргізуді үйреніп, икселіп алған. Сол кездің өлшемімен алғанда мұндай майтамандық екінің бірінің қолынан келе бермеген гой. Қажымас қайратты балан жігіт қазақстандықтардың алғаш миллиардына тоқсан мын пүттән астық бастырган. Бұл артық-кемі жоқ бір әшелон астық болатын. Орақ корытындысында оның омырауында “Алтын жұлдыз” жарқырады. Әбден кемеліне келген дала академигі өз естелігінде: “Жекелеген адамдар ауа райының қолайсыздығын сұлтау етіп актальып жатады. Түсінем. Тың ісінде бізді табиғат тым еркелете қоймайды. Кейде анқа кептірген қуанышылықтан ғөрі шаруашылыққа жауапсыз қарал, дәрменсіздік көрсетуі көп зиянды. Ең бастысы еріншек болмауымыз керек”, — деп жазды. Біз мұны диқан бабаның кейінгі жас диқан-егіншілерге айтқан дана сөзі деп түсінуіміз керек.

Кезінде көрікті Қекшетаудың Бас ақыны танылған сыршыл ақын Еркеш Ибраһим (Ебікенов) 1968 жылы Алматы қаласында “Жазушы” баспасынан шыққан “Қекшенің көктемі” атты жыр жинағында қалай төгіліп жазған десенші. Сол өлеңнің толық мәтіні былай болып келеді.

Ақын досым, нені көрдің, нені үктың?
Мынау дала майданы екен жорықтың.
Қырмандарда сел боп ақкан дән көрдім,
Дән емес-ау, сел боп жатқан ән көрдім.
Белден астым, талай-талай жер көрдім.
Төбесіне құн көтерген ер көрдім,
Жен түрулі, алған белін буынып,
Қекжиектен түрдү ол құнді суырып.
Шошып қап ем, етті ол ғажап кіслік?
Қоя берді көгершіндей ұшырып.
Сейтті-дағы бірге жүрді құн ұзак,
Құн сұлуын кете алмады бір ұзап.
Тұрып алды төбесінде ынтығып,
Күйіп, жанып аймалауға ұмтылып.

Мұзды ерітіп, кара тасты балқытып,
 Егін орган диқан көнілін шалқытып,
 Күн телміріп батарда да тұрды көп.
 Ол жігіттің аты-жөні – Тұрлыбек.



*Оңдан солға қарай: Белорусия президенті
 Лукашенко, Бигельдинов Талғат, Нұрмажанбетов
 Сагадат, Тұрлыбектің құдасы Чапай Эбутәліпов.*

Данғайыр диқан бейнесін ақын Еркештен артық қалай сомдауға болар еken. Мұндай классикалық тенеулерді сонғы кездерде көп ақындардан көре алмай жүрміз-ау. “Бір қуаныштысы Т. Әбілпейісұлының енбегі ел мен жерге қалай көп сінсе, әдебиет саласында да жазылып қалған еңбектері баршылық. Мәскеу қаласында 1979 жылы “Колос” баспасынан “...Нан, нан боп қалады” деген очерктер жинағы шығыпты. Мұнда басы Д. А. Конев, А. М. Бородин, А. И. Бараевтармен бірге біздің Тұраганның да публицистикалық мақаласы жарияландыпты. Автор өмірбаяндық дерегінде үлкен үлым Қадыржан тың игеру жылы туған. Ол тыңның құрдасы дей келіп, Ұлы Отан соғысы жылдары 16 жасынан училищені бітіріп, таңның атысы күnnің батысына қарамай, егінжайды тамшылатып, мандай терін төккенін жазады.

Іір қызығы колхозда 2-ақ трактор болған. Дөңгелекті тракторда Тұраганың өзі істесе, шынжыр табанды тракторда Майра тәтеміз жұмыс істеген екен. Достықпен бисталған мөлдір маҳаббат екі жастың қосылып, өмір жолын мәнді-мағыналы өруге қозғау салыпты. Сегіз бала торбиелеп өсірген — Қадыржан, Зоя, Зура, Назгүл жоғары білімді мамандар. Тұраганың барлық балалары сапалы білім, саналы тәрбие алған өрімдей өрендер.

Елдін де, ердің де табысына ортақтасып қуана білетін Тұраган баспадан жаңа ғана шыққан “Тұгыры биік тұлғалар” атты кітабымды көргенде, балаша қуанғанын айтсаңшы. Түйіндеп айтқанда, Социалистік Еңбек Ері Тұрлышек Әбілпейісовтың ел ағасы екенін де, халықтың ардақтысы, мемлекеттік тілде шығып тұрған аудандық “Айыртау таңы” газетінің жанашыр қамқоршысы, ақылшысы болып келе жатқаны елге де, халыққа да аян. Бәрі де рас. Тұраган кезінде Бүкілодактық Бейбітшілікті Қорғау форумына қатысып, Қазақстан атынан аталмыш комитетке мүше болып сайланды. Кеңес Одағының Батыры Климент Ефремович Ворошиловтың қолынан



Тұрлышек ағаның балалары: Гүлдарай, Ақерке, Бауыржан, Гүлбике, Қазмет.

“Алтын жұлдызды” алуы, үшқыш, гарышкер Герман Титовиен Съездер сарайында Л. И. Брежневпен кездесуі тек Әбілпейісовтың гана абыроны емес, бұл барлық қазак халқының абыроны болғаны ақиқат еді. Тұрағанын, сонау алпысыншы жылдары Айыртау аясында, көк көлдердің саясында Социалистік Еңбек Ері Әбілжан Өмішев, Сырымбет Букин, Төлеу Сүлейменов секілді ел жайсандарымен атакты партизан, халық қаһарманы Қасым Қайсеновты қарсы алып, сәнді-магнналы кездесу өткізгенін жи еске алатыны де тегін емес. Ел көсемдері: Д. А. Қонаев, Б. Ә. Әшімов, Е. Н. Әуелбеков. Т. Әбілпейісов ағамызды орасан зор ілтиpatпен сыйлап, оның тонналап емес, таулап үйген астығына әрқашан жоғары бага беріп, жоғары лауазымды мінбелерде жасаған баяндамаларында, жазған публицистикалық мақалаларында атап көрсетіп отыруы – әр қазаққа, жаңағасырдағы жас үрпактарға асыл мұра болып қалары сөзсіз. Тұраған 1962 жылдан 1984 жылға дейін Қазак ССР-і Бейбітшілікті қорғау жөніндегі Бүкілодақтық Конгресі пленумының мүшесі болды. Комитет төрағасы, ғылым докторы, профессор Ләйла Базанова Тұрағана Тұрлыбек Әбілпейісовке Бүкілодақтық Қорғау комитетінің төрағасы Ромеш Шандро атынан “Халықтар достығы” медалін өз қолынан табыс етеді. Аталмыш медаль сол кездің өзінде құндылығы Ленин орденінен бір мыскал кем түспеген фой.

Тұрлыбек Әбілпейісовтың ерен енбегі әр жылда лайықты бағасын алып отырған екен. Одан бұрын Тұраған есімі Қазак ССР “Алтын кітабына”, Қазак Совет энциклопедиясына алтын әріппен жазылады. Осы жылдар ішінде Т. Әбілпейісов Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет Белгісі” орденімен марапатталған.

Азамат аға Тыңның 50 жылдық, Ұлы Женістің 60 жылдық мерейтойына қатысып, мерекелік медальмен марапатталса, асыл ағамыз осы ілтипатқа лайық Отаның ақының, данғайыр диқаны.

Ұлы Жеңіске
— 60 жыл

Өмірдеңек

383 атқыштар дивизиясына
карасты 22 ерекше батальонның
рота старшинасы Мұратбек Нұғы-
манұлы Нұғыманов 1939 жылы
міндепті әскери борышын өтеуге
шақырылып, қырық бірінші жылы
майдан даласына аттанып, қан
бұланған соғыска барып енген.
Жиһандерлік соғыста байланыс-
шы-барлаушылар тобында болып,



Мұратбек Нұғыманов.



Әділхан, Меруерт, балалары
Еркін, Жана, Гүлден,
немесе Мұхаммед.

самурайларына — Сары теңіз жағалауында ойсырата
соққы беру операциясына қатысады. “Қызыл жұлдыз”
орденімен, “Ерен ерлігі үшін”, “Германияны жеңгені
үшін”, “Жапонияны жеңгені үшін”, тағы да басқа ме-
дальдармен марапатталған. Соның ішінде “Ерлігі үшін”
медалі де бар.

Мұратбек Нұғыманұлы 1919 жылы Қаратал ауылын-
да туған. Көкшетау педучилищесін бітірген. Мұғалім
болып жүргенінде әскерге шақырылады. 1974 жылы 55
жасында бұл фәніден өткен. Назарларыңызға екі май-
дан ардагері туралы жазылған шежіре-дастанды ұсынып
отырмыз.

Екі майдан ардагері

(Шекіре-дастап)

Әңгіме құрып отырмыз,
Әділхан, Меруерт, үшеуміз.
Жыр сүйер қауым көреген,
Сіздер де тыңдал көріңіз.
Бастады сөзін Меруерт,
Өткен күнге шеру деп.
Хош иіс есіп көк желек,
Қол созым жерде Сырымбет.
Елең ете қалдық біз,
Тапқандай асыл мол мұра,
Алдым қалам қолыма,
Болсын деп арқау жырыма.
Әділханның немересі,
Диана мен Мұхамбет.
Әзірге олар бал бебек,
Ертеңгі күнге бәйтерек.
Олар да келіп отырды,
Отырыс сөнін келтіріп.
Әңгіме былай өрілді,
Сұраған соң біз өтініп.
Әкем аты Мұратбек,
Нұғыман ата көш басы.
Отты жылда алған шеп,
Қырдың қыран баласы.
Жеті жыл жүрген қырғында,
Әкемді елге үлгі етем.
Қырық жыл қырғын болса да,
Ажалы жоқ ер екен.
Оралды әке жайнатып,
“Қызыл жұлдыз” орденмен.
Сырымбетте таңы атып,
Көрінді биік төрінен.
Сырымбеттен Шоқандай,
Жағып бір шоқ жұлдызын.

Майдангер қайтсын нүрланбай.
Ай ару тәксе күн нұрын.
Махабbat қызық мол жылын,
Оятқан қырда Мәруар.
Тәгіпті әкем от жырын,
Жарасым тауып көнілдер.
Текті жерден қыз алған,
Әкеміз осал емес-ті.
Білікті ұстаз жасанған,
Ұшырған көп шәкіртті.
Сырымбет орта мектебі,
Білімнің ғажап ордасы.
Әрісті болып еккені,
Бастау алған жол басы.
Жиналған мұнда тектілер,
Мұсанах, Қойши, Қажақмет,
Нагима, Хамит, Сепендер,
Асылдар терді төккен көп.
Осындай жайсаң жандармен,
Әріптес болды әкеміз.
Осы мектепте оқып біз,
Інжуден маржан тергенбіз.
Орыс тілінің маманы,
Әкеміз болды тәкпе ақын.
Болса да қили заманы,
Ауылының жақты жұлдызын.
Сарыөзек шалғай ауылда,
Салғызып тастан мектепті.
Жағымды боп бар қауымға,
Жасады ісін көрікті.
Соғыс салған көп жара,
Көрсетіп жүріп бір қара.
Елу бес жаста әкетіп,
Сыйғызбай кетті маңдайға.

* * *

Әкем салған мектептің,
Жағып отын маздатып.
Үстаз анам ел-жүрттың,
Алғысын алды жайнатып.
Отыз бес жыл ауылда,
Үстаздық етіп балаға.
Нұр құйған өскін санаға,
Зейнеткер бүгін осы ана.
Әкеммен өріп нұрлы өмір,
ҚазПИ-ге барып оқыған.
Көңілінен әлі көшпей жүр,
Әуезовтен дәріс тыңдаған.
Десек те қыздың жолы ауыр,
Аналар діңгек өмірге.
Шаңыраққа жанашыр,
Пірі ғой өүлие білгенге.
Атадан қалған мирас боп,
Үрлакқа жеткен үлгі көп.
Сол үлгіні ұстанған,
Анамыз текті керемет.
Әкесі Айтқұл бақиға,
Озғанда келіп ауылға.
Оқуын тастап жылуын,
Текті Мұрат бауырға.
Жездесі Мұрат, бұл Мұрат,
Неткен ғажап үйлесім.
Атадан енші аманат,
Өссінші жайнап жұрагат.
Деген оймен апа, жездесі,
Мұратты салып бауырға,

Салмай тосын ауырға,
Барын тосып алдына.
Еркелетіп інісін,
Ботан деп атын өзгертті.
Ісінің тауып тетігін,
Өркениет ана көрсетті.
Сол Ботаны бүгінде,
Шоқандай фалым білікті.
Көкшетаудай көрікті,
Жасаған ием беріпті.
Азамат әкем майдангер,
Осыған болды мұрындық.
Ақталып сенім, төккен тер,
Ағамыз ойышыл көшелі ер.
Көреген әке ардаым,
Заманына озып жалғанған.
Оқытып ұлын, қыздарын,
Асырған ойын таулардан.
Меруерт, Рая, Раушан,
Мұғаліміміз жоғары санатты.
Сәуле, Серік жан-жақты,
Дәрігерлер ұлағатты.
Ақтасам деп әке сенімін,
Сырымбеттен ой өремін.
Соғысты көрген әкенің,
Ұмытпайды елі ерлігін.
Ақталар сонда парызым,
Әкеден енші аманат.
Дәүірлеп ақыл, парасат,
Мұра бол қалсын мұрагат.

* * *

Іргедегі ауыл Қаратал,
Әкем өскен нұлы жер.
Жайлауы толған түлік мал,
Ырыздық шашқан жасыл бел.

Уақ-Қамыс пен Теренқөл,
Айдыны шалқар көк көлдер.
Шомылған әкем Күміскөл,
Ай астында сексен көл.

"Қырық қалпақтың" ауылы,
 Қол созым жерде түр тиіп.
 Соқпасын дейік дауылы,
 Ластанып кетіп жерүйік.
 Қа ратал, Қоскөл, Сарыөзек,
 Қе п арыстың Отаны.
 Жұртасын қалған бар мектеп,
 Нұрландаған сананы.
 Осы мектепті салдыған,
 Малдыбайұлы Біләл-ді.
 Малдыбай менен Нұғыман,
 Бірге туган бауыр-ды.

Отыз жетінің үштігі,
 Біләлі атқан сүм еді.
 Салқыны тиіп өuletке,
 Құғынға түсті түлегі.
 Сол салқындықтың әсері,
 Мұратбекке де жеткен-ді.
 Отыз тоғызыншы жылдары,
 Әскерге жүріп кеткен-ді.
 Ауылда болып мұғалім,
 Орыс тілінің білгірі.
 Әскерде жанды жүлдизы,
 Алланың қолдан бір пірі.

* * *

Бе йбіт жатқан Отанға,
 Соқты бір дауыл батыстан.
 Зұлмат жау мықты қол салған,
 Темір сауыт құрсанған.
 Старшина бол ротага,
 Мұратбек енді майданға.
 Қар жастанып, мұз төсеп,
 Атылды оқ бол жауына.
 Сұрамай жаудан жан сауға,
 Қарсы жүрді дауылға.
 Немістен "тіл" әкеліп,
 Шықты талай барлауға.
 Тұнде үйқы көрмеді,
 Мың өліп, мың тірілді.
 Мың ерлік жасап ерледі,
 Шөгніп жаудан көрмеді.
 Тыныштық деген білмеді,
 Шылымы қолда сөнбеді.
 Сағынып туған ауылды,
 Сыздады адап жүрегі.
 Днепр үшін айқаста,
 Сағаты соқты жүлдизды.
 Елеусіз өтіп жау жаққа,

Үрысты жаумен қыздырды.
 Ротасын да көтерді,
 Алуға мықты жау шебін.
 Қамалды бұзып өтеді,
 Жауынан алып дос кегін.
 Осылай ерлер алған-ды,
 Кенигсберг қаласын.
 Омырауға орден тағылды,
 Ерлерге ерлік ісі үшін.
 Медальдар да тағылды,
 Әйгілеп жорық жолдарын.
 Қазақтың батыр үлдары,
 Рейхstagқа туды қадады.
 Женіске жетіп осылай,
 Көтердік бокал толағай.
 Еске алдық боздақ достарды,
 Мәңгілік есте қалғандай.
 Көп еді жігіттер жасындей,
 Жайнаған сайдың тасындей.
 Қасықтай қанын елі үшін,
 Төкті жауынан тосылмай.
 Айналып ерлер боздаққа,
 Өтеді адап парызын.

Тағым етем арауққа,
Алладан тілеп иманын.
Жиyrма миллион адамды,
Жұтып тыңды бүл соғыс.
Жаулаймын деп жер-жаһанды,
Гитлер де жер жастанды.
Ақыық төкпе ақындар,
Жазар ғажап толғаулар.
Боздақтардың жарқын бейнесі,
Мәңгілік жас боп сақталар.
Алла басқа бермесін,
Біз көрген күнді соғыста.
Үрпаққа зұлмат жетпесін,
Жол ашып сүмдүк қырсыққа.
Көп елді құтқарып құлдықтан,
Аттандық Сары теңізге.
Соғыстық жапондармен де,
Жету үшін бейбіт күнге де.
Сар-Ке-Кидің бас терісін,
Сыпырғандай Қажымұқан.
Жапондардың тауып емін,
Сары теңізде қақтық тісін.
Аяқталды осылай,

Мен өткен жүріп қан кешу.
Желеп-жебеп бір құдай,
Елге қайттық шулап ұлардай.
Қырық алтының құзінде,
Ауылға жеттік аман-сау.
Тәубә деймін үйімде,
Жеткен осы күніме.
Ризамын Мәруар жарыма,
Сыйлаған маған үл-қызды.
Сырымбет әйдік ауылда,
Тәрбиеші болдым детдомда.
Он жыл істеп осында,
Жұғысты болып жақсыға.
Құда болдым мың жылдық,
Майдангер Қабиден ағаға.
Жүрмесе де жорға арада,
Сыйластық жүрді арада.
Құдайдай сыйлап өзімді,
Айналды туыс бауырға.
Өтерінде жан өкем,
Осы ойын маған жеткізді.
Әке арманын нұр етем,
Қызы боп елдің сүйкімді.

★

★

★

“Бұлқынып ақсан бір бұлак,
Болашақ жаққа асыққан.
Көнілден көктем нұр құлап,
Бойда бір жігер тасытқан”.
Дегендей ақын Қорғанбек,
Ашылды менде кең тыныс.
Жиналса болды мол дерек,
Өремін өлең кестелеп.
Соғысты көрген агалар,
Азайып кетті бүл күнде.
Ағаларды жазсақ жол болар,
Болғандай мұра ертеңге.
Мұратбек аға расында,
Екі майдан ері екен.

Алдырды қалам қолыма,

Өшпес ерлік өміршең.

Ағаның жасаған ерлігі,

Төгіліп жыр боп өрілді.

Немересі Ілияс,

Ерліктен інжу тереді.

Офицер қазір жас берен,

Атанаң ісін жалғаған.

Желеп-жебеп демеген,

Таулардан биік ар-ождан.

Талғамың күшті оқушым,

Сіздерге жаздым жыр-аңыз.

Жарасым тауып назымыз,

Ырыздықты болсын жазымыз.

Еңбегі сіңген еліне



*Боркен, Манзуза немерелері
Әнуар, Жанарамен.*

“Бәрімізде Шерханың шинелінен шықтық” дегендей, біздің бүгін оқырмандарымызға таныстырығалы отырган азаматымыз Боркен Әшімов ағамыз да ауылда туып, ауылда өскен. Ауыл болғанда да тегін ауыл емес, текті ауыл. Арқаның ақыны Ақан сері мен халқымыздың дана

Шоқанынан кейінгі аққан жұлдыздарының бірегейі, артына “Қыр ұлының қызығы қырдағана” деген өлмес, өшінес ғылыми еңбегін қалдырган, қазактан шыққан алғашқы экономистердің аса көрнектісі, 1904 жылы Швейцария жерінде Әліби Жангелдинмен кездесіп, пікірлес болған Мәмбетолі Сердалин туған ауылда туып, соғыс жылдары ауылдың ауырына шындалып өскен, әрі тоқырау жылдарынан еліміз тәуелсіздік алғанга дейін, одан кейін де лауазымды қызметтерде болып, халқына жағымды, еліне елеулі, Отанына адаптық қызмет істеген абыл аганы Ақан сері ауылының жайсанының бірегейі деп білеміз. Өз заманының ғұламасы Мәмбетолі (Шөбеков) Сердалин “Қыр ұлының қызығы қырдағана” деп бекер айтпаған гой. Бала Боркен, одан кейін жігіт Боркеннің Ақан сері бабасындай судай сұлу өмірден сұлу сүйген кезі де, окуга деген ынтасы тастулектей шындалып, қияға қанат қагуы да, осы қырда, осы қырдағы ауылдан от алғаны да тегін емес. Абыл аганың махаббат қызық мол жылдарын сыршыл лирик ақын, жазушы Сарбас Ақтаев ағамыз қандай әдемі өріп, ағаның ажарлы кел-

Тайлақ Жалмұрзенов — 43 — **Әнім сенсің, Сырымбет**
бетін қыл қаламының шеберіндегі сұлу сөзбен сомдап,
іергер зерлегендегі мұсіндеген екен. Әсері мол от
әлеңнің толық мәтінімен танысып көрелік:

Жақсы жігіт болмағы нағашыдан,
Нағашыдан жоқ әсте жанашир жан.
Нағашымен талабы өрге жүзіп,
Нағашымен жігіттің бағы ашылған.
Алтын тамыр сол абзал нағашыдан,
Жүрген жалғыз өзінсін нақ асыл жан.
Талай жетім жесірлер түлең шыққан
Пана тауып аялы қанатынан.
Батасы ма жандардың пана ұсынған,
Озық жүрсін дос-жаран арасынан.
Жетпісті де қаз-қалпы жігіт тұлған,
Жүйрік аттай жаратып таң асырган.
Тайма осы қалпынан нағашы-жан,
Дариядай айнымас сагасынан.
Иегіне жарасып Шебек сақал,
Шұнғырша емес, өз алаш баласынан.
Орнын табар өзінің алашынан,
Басқалардан қашанда дара тұлған.
Басқаларды қайтемін құлқын үшін,
Сатып кетіп әр кезде-ақ қарын ашырган.
Тұлғасың гой тегі асыл жаратылған,
Көңілінде көл шалқып, дала тұнған.
Шебек сен де бүгінгі, ал Мәпруза,
Аумай қалған Жарасбай анасынан.
Шырқап салып Сырымбет саласынан,
Сері Ақандай қазактан ән асырган.
Жақсы атағың жайылып шартарапқа,
Жаса Боркен, жасай бер, нағашыжан!

Ақын, жазушы Сарбас Ақтаевтың от әлеңінде
Шебек, Ақан сері есімдерін ауызға атуында үлкен гәп
бар. Жоғарыда біз Мәмбетәлі (Шебеков) Сердалинді атап
өткеніміз — очеркіміздің басты кейіпкері Боркен Әшімов
атақты Шебектің шөбересі болса, Мәмбетәлі немересі
болып келеді. Шұнғырша руынан шыққан Шебек Бай-

сарыұлының суреті Шоқан мұражайында сакталған. Оnda ол бір топ қазақ зиялышарымен Ресей патшасы Александр II-нің таққа отыру салтанатына (коронация) қатысады. Атаптың салтанатқа ұлы Абайдың әкесі Құнанбай, Қарқаралы уезінің аға сұлтаны, ұлы Шоқанның туған нағашысы Мұса Шорманов, аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов, күй атасы Тәттімбет, қазактың ата-таты балуаны Қажымұқан Мұнайтпасов барған.

Мәмбетәлі Сердалин 1914 жылы бақылыққа озған. Дүниеден өтерінен бірер жыл бұрын ұрпағына мирас болып қалар, оміршең іс тындырып кеткен. 1913 жылғы жойқын аштық жылы Арқаның ақыық ақыны Ақан сері Қорамсаұлы дүниеден өткенінде қабырының басында сөз сөйлеп, мазар салдырыган гой. Мазардың биіктігі 13 метр. Өкініштісі сол, бұл мазардың ғұмыры қысқа болды. Отыз екінің аштығында ішкі Ресейге көшіп бара жатқан босқындар ата-бабамызға ас береміз деп, түнде от жақканда, катты же тұрып кетіп, мұқым қорымдағы зираттардың ағаштары күйіп кетеді. Соның ішінде серінің де зираты ортеніп кеткен. Ұрпағымыз біле жүрсін деген оймен, Боркен ағаның шыққан тегінің тектілігін ескере отырып, жазып отырган тақырыбының дан ауытқып, сөл шегініс жасадық. Себебі, бұл біздің тарих. Сондыктан, “алтын шыққан жерді белден қаз” дегенді ескере отырып, тарих тереңінің қажет жеріне әлі де бойлай түсейік. Біз Шөбек бабамыз жайлы жоғарыда айтып өттік. Шөбектен Мырзалы, Бегалы туады. Ал Мырзалыдан — Серәлі, Сердәлі (бұл Мәмбетәлінің әкесі), Баялы, Жаналы, Нұралы, Мұқан, Кенесбай, Қонарбай, Қөшербай, одан Қасым, Әшім тарайды. Сонғы екеуі бірге туған. Баялы бабамыз жайлы ұлы Мағжан ақын Ақан сері туралы жазған очеркінде жылы лебіз білдіріп, ак алғысын айтады. Мағжан Жұмабаев Арқаның ақыық ақыны туралы жазсам деген оймен Сырымбет саласына ат басын тірегенде, ақын жайлы көп маглұмат берген Баялы Шөбеков пен Қоқыш төре Уәлиханов екен. Ақиқатын айтар болсак, аша түяқ қалмасын деген құйтырқы ұранмен сүмдиктың сойқанын

бастаған Кенес өкіметі де Уәлиханов пен Шөбековтар қулетіне жайлы болды деп және айта алмаймыз. Әйгілі Мәмбетолі (Шөбеков) Сердалин көптеген ғылыми еңбектерін, сонын ішінде “Қыр ұлының қызығы қырдағана” деген еңбегі де бар, бәрін үлкен ұлының Құсайышының келіншегіне табысталап кетеді. Аумалы-төкпелі заман басталғанда кейуана қылышынан қан тамған Кеңестік өкіметтің жымысы саясатынан қорқып, зират басына апарып, көміп тастанды. Ақан серінің де мынға жуық өлеңі осындағы қорқаулықтың салдарынан жоғалып кеткен. Боркеннің әкесі Әшімнің де отыз жетінші жылы көрген азабы сталиндік репрессиядан басталған. Әшім ата әйдік ұста, ағаштан түйін түйген хас шебер, гажап етікші болған адам. Әттең не керек, жазықсыздан жапа шегіп, отыз жетінің құрбаны болып кете барған. Бәле-жала қайдан дерің бар ма? Өзі шаруа адамы болса да, Әшім ата озат колхозшының бірі болады. Жақсы ат, арба-шана дегендерің Әшекенде болады. Ат болғанда орыстың мәстегі емес, хас сәйгүліктің өзі болады. Колхоз белсендерлері ауданға барып келейін деп, атын сұраптиыштық бермейді. Содан асыл ата атын бермей қояды. Кейіннен ауыл белсендерлері өкіметке қарсы деген айып тағып, түбіне жеткен.

“Орнында бар оңалар” дегендейін, ол кісі дүлей заманның құрбаны болып кетсе де, жайнаган туы жығылмай, артынан Жұнысбек, Жұсіпбек, Боркен, Зылиха, Әсия, Өміржан, Дәурен, Дәрмен, Бауыржан, Бақыт, Роза, Самат, Бейбіт, Алтын, Ләzzат, Батырбек сынды үрпақтары қалды.

Сонымен очеркіміздің басты кейіпкері Боркен Әшімов ағамыз ақыық Ақан серінің атамекен, алтын үясы — Кеңашы ауылында 1929 жылы туған екен. Анасынан жеті, әкесінен тогыз жасында қалған бала Боркен әкесінің немере інісінің тәрбиесінде болады. Соғыс басталғанда он екі жасар бала ауылда қалған 29 әйел және буыны қатып, бұғанасы бекіметеген 16 баламен бірге колхоздың ауырына жегіледі. Колхоздың мандайына біткен екі лобогрейкага екі шал отырып, сегіз бала осының

погонщикі болады. Соның бірі Боркен ағамыз болған екен. Қазір сол балалардан тірі жүргені Имаш Нұргожин, Құрманбай Қабдөшев. Согыс біткенге дейін погонщик болған өрім орен қырық тоғызыншы жылы Антоновка селосындағы жетіжылдық мектепті бітіріп, Петропавл қаласына барып, ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі.

“Жетім қозы отыгар, отыгар да жетілер” дегендегі отыз жетінің қанды қасабы мен қылыш заманы әке-шешесіз, жетім қалған бала Боркенге салқынын тигізін жүргегіне қаяу түсіргеніне қарамастан қындыққа именбестен қарсы жүрді. Техникумның үш курсын бітіргеннен соң, Көкшетау педучилищесінің студенті Мафрузамен уыз махабbat отын маздатып, отау туын көтерді. Бұл 1953 жыл болатын. “Өзен жағалағанның өзегі талмас” деген аталы сөз оның өмірлік кредосына айналды дессі де болғандай. Бала Боркен өзен жағалаған жок. Бірақ Бәйкен Әшімов секілді болашақ ел көсемі, Айыртау арысы, бүгінде халқымыздың Алатаудай абыз ақсақалының ағалық ақылымен сонау елу үшінші жылы облыстық ауылшаруашылық басқармасына қызметке орналасты.

Осы жылдарда Боркен Әшімұлымен үзенгілес, казактың концепциян кілен тенсе темір үзетін өрім өрендері қазагымыздың көгіндегі жұлдыз болуга талпынып, Бәйкен ағалары салған даңғылға түсіп, замана керуенін алға жүргізді. Солардың ішінде Айыртау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жемісті енбек еткен Тәткен Боканұлы Боканов та бар болатын. Тәткен аға ол кезде Көкшетау қалалық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып істеген еді. “Заманы бірдің амалы бір” дегендегі, Тәткен, Боркен ағалар бір-бірінен жұптары жазылмай, алдағы күндерге деген асыл армандарын үштастырып, канаттас серпін алып, өрлеу, өркендеу, самғау данғылына түсті. Қайда жүрсе де бір-бірімен хабарлас болып, достық байланыстарын үзген емес.

1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге жаппай аттаныс басталғанда Боркен Әшімов те көпшіліктен қалыс қала алмады. Облыстық ауыл шаруашылығының

басқармасы оны Комаров МТС-на экономист етіп жіберді. Ол кезде МТС-да аумақтық партия комитеттері жұмыс істеген болатын. Аталмыш комитеттің хатшысы Алпысбай Жакыпов болған еді. Бұл аузын айға білең түрган аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Хайлловқа карсы шығатын Жақыпов. Кейін Еңбекшілдер аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеп, каншама иғі істер тындырып кетті.

Боркен Әшімұлының бұдан кейінгі еңбек жолы былайша өріс алды: бөлімше агрономы, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, № 47 Жылқы зауыты партия комитетінің хатшысы, жоғары науқария мектебінің тыңдаушысы, аудандық партия комитетінің бөлім менгерушісі, жетпіс бірден аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып жемісті еңбек етті. Осы лауазымды қызметтен зейнеткерлікке шықты. Бұдан кейін көп жыл аудандық ардагерлер алқасының төрағасы болып істеді. Сөйтіп жүргенінде республикалық ардагерлер кеңесінің кезектен тыс үшінші съезіне делегат болып қатысып, Қазақстан Республикасының тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын көппен бірге ұсынып, қолдау көрсетеді.

Боркен Әшімұлының Жұнысбек, Жұсінбек деген ағаларының болғанын жоғарыда айтып өттік. Жұнысбек иен әйелі Құлзия дүниеден ерте озын, артында ақ үрпек жеті баласы қалады. Абзал ага осы бауырларының бәрін оз бауырына салып, оқытып, құтты орындарына кондырған екен. Жұсінбектің (Қара) де балаларын азаматтар қатарына қосқан осы Боркен ага. Бұдан біз Боркен мен Мафрузаның озық азаматтар екенін көреміз.

Міне, егемен елімізге бір басына жетерліктей абырай-беделмен елеулі еңбегін сінірген, келбеті Қекшетаудай абыз ақсақал Боркен Әшімов ағамыз асқаралы жастың көрікті биігіне үлкен құрметпен көтеріліп отыр. “Құрмет белгісі” орденімен, медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қызы Айнаш Мәскеуде тұрады. Әнуарбек, Жанат, Наурызбек атты үш немересі бар. Сері ауылшының түлегі Боркен Әшімовтың жүріп өткен жолы кімге де болса үлгі боларлықтай.

Әбілжан алған асулар

“Ойды ой, сөзді сөз қозгайды” дегендей, бұл жолы біздін қолымызға қалам атуға, ақиық ақын Ілияс Жансүріровтың “Күлагер” поэмасында:

**“Таудағы тасқындаған
ағын судай,**

**Өлеңім басталады таудан ұдай.
Эсемін әнгіменің көп
таратқан,**

**Айтылмай қалған екен
тау мынадай”,** —

деген өлеш жолдары себеп болды. Нактылап айтсақ, күні кеше гана ай сипатты Айыртау аясында сонау соғыстан кейінгі қызын жылдарда колхоз басқармасы болып колхозды ауылдың

**Социалистік Еңбек
Ері Әбілжан Өмішев.**

экономикасын, мәдениетін көтеру ісіне өзіндік қомакты үлесін қосып, артына жақсы ісін калдырып кеткен соғыс және еңбек ардагері Кәкім Сейсенбайұлы Сексенбаевтың 100 жылдық мәрійтойында, ақылман атасын үзенгілес достарын еске алғанымызда есімі Одаққа, республикаға танымал болғанabyz ақсақалымыз, Социалистік Еңбек Ері Әбілжан Өмішев пен соғыс және еңбек ардагері, Сталинград майданында өлмес-өшпес ерліктер жасап, “Қызыл жұлдыз” орденімен және “Ерлігі үшін”, тағы басқа медальдармен омырауын толтырып келіп, үзак жыл колхоз басқармасы болып жемісті еңбек етіп, еліне елеулі, халқына қалаулы болып өмірден өткең Рақымбек Мұқашев секілді Айыртау арыстары ескерусіз қалған екен. Біз бүгін агаларды еске ала отырып, олар жайлар үзік сырды былайша өрбітіп көрелік. Рақымбек Мұқашев, Әбілжан Өмішев, Кәкім Сейсенбаев соғыстан кейінгі жылдарда ауыл экономикасын көтерген үзенгілес әріншестер.



Абыз ақсақалымыз Әбілжан Өмішев жайлы жазбас-
тан бұрын біраз зерттеу жұмыстарын жүргізіп іздендік.
Әбекен рухымен бірге болып, аруагына тағым еттік.
Шалғайды шағын “Жұмысшы” ауылынан бір мезгіл-
де, бір жылда екі бірдей Еңбек Ерінің шықканына
сүйсініп, атпал азаматтардың ерен еңбектеріне тәнті
болдық. Тұрлыбек Әбілпейісов ағамыздың есімі жи ата-
лыш жүрсе де жоғарыда ақыық Ілияс Жансұғровтың
“Айтылмай қалған екен тау мынадаї” дегеніндей,
сонғы кезде Социалистік Еңбек Ері Әбілжан Өмішевтің
есімі аталмай жүргені де шындық.

Кол созым жердегі бұрынғы “Нефтянник”, одан кейін
“Шалқар су”, қазіргі “Арқа” санаторийы қолды болып,
қалталаудардың қанжығасында кетіп, Әбілжан ағаның
ұшан-теніз есіл енбегі зая кеткендей болып отыр. Сол
жекешелендіру кезінде аталмыш сауықтыру үйін сал-
дырган адамның енбегі ескеріліп, аты берілуі керек-ақ
еді. “Ештен кеш жаксы” дегендей, алдагы уақытта осы
жайты де ойластырып көрсек деген ой айтқымыз
келеді. Еңбек Ерінің атын Саумалқөлде көрікті бір
көшеге бергеніміз де ақыл болыпты. Бұл да бір орайы
келген ісіміз екен. Бұған да шүкіршілік дейік ағайын.

Біз бір ауылда туып-өстік деп бастанды сөзін Социа-
листік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
Тұрлыбек Әбілпейісов ағамызы. — Әбілжан аға 1909 жылы
12 маусымда Ботантай ауылында туған. Жұмысшы ауыл
аты емес, колхоз аты. Бұл әулет Есімбай, Жандай бо-
лып тарайды. Есімбайдан Өміш, Өміштен Әбілжан, Ра-
қымжан туады. Ұлы Отан соғысының ардагері марқұм
Қайырбек аға да осы Есімбайдан тарайды. Ардагер аға-
ның баласы Айкеш Қайырбеков көп жылдан бері өрім
өрендерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген
тәлімгер ұстаз. Жандай атамыздан тараган Өмірбек аға-
мыз да бар саналы өмірін ұстаздықпен өткізген зейнет-
кер мұғалім. Бәрі де Жұмысшы ауылында тұрады.

Бала Әбілжан да өз замандастары секілді өз дәүірінің
қыындығын, аумалы-төкпелі заманның аштығын, кан-

Әнім сенсің, Сырымбет — 50 — Тайлақ Жалмұрзенов
ды-қасабын, зұлмат соғысын бастан өткеріп, ірі тұлғага айналған атпал азамат. Әкесі Өміш патша заманында Улының (Лавровка бүрын осылай аталған) бай-кулактарына жалданып малын баққан. Бала Әбілжан болса орыс балаларымен жүріп, орысша сауатын ашып, өзінің талабымен оқып жетіліп кеткен. Аздап молладан оқыған кезі болған. Кейін Лавровка жеті жылдық мектебін бітіріп, өрлеу, өркендеу жолына тұсken. Одан Қекшетау қаласына келіп мұғалімдік оқуға тұседі. Оқуды бітірген соң ауылда екі жыл мұғалім болып, 1928 жылы Қызыл үйді басқарып, шалғайдығы ауылдарда сауатсыздықты жою ісіне белсene араласып көп еңбек етеді. Балаң жігіттің жемісті енбегі аудан басшылары тарапынан қолдау тауып, өсуіне жол ашады. 1934 жылы Зерренді аудандық комсомол комитетіне бірінші хатшы болып сайланады. Ол ауыл жастарына техниканың тілін білу қажет болғанда 1988 жылы өзі бастап келіп, бір тоң жастармен Краснояр селосындағы ауыл шаруашылық механизация мектебіне оқуға тұседі.

Соғыс басталған жылы Қекшетау аудандық партия комитеті Әбілжанды кадр жетпегендіктен әскери комиссариатпен келісіп, аудандық Совет атқару комитетінің жер бөлімін басқаруга алып қалады. Бұл қазіргі ауыл шаруашылығы басқармасымен текстес мекеме. 1946 жылы Қекшетау аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады.

Ал тыңға шабуыл басталғанда Төлеу Сүлейменов, Талғат Тегісов, Әбілжан Өмішев секілді туған ел жайсандары МТС директорлары болып адап қызмет істеп, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын, тұрмысын жақсарту жолында қанша өлмес-өшпес істер атқарды. 1955 жылы Әбілжан аға Чистополь аудандық Советі атқару комитетінің төрағасы болып сайланып, елу алтыншы жылғы астықты жылда Тұрлыбек Әбілпейісов ағамызбен бірге Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Сол тың игеру жылдары Мұқашев Рақымбек, Сәрсенов Есләм, Әубекіров Әбділман, Молдағайынов Аусат,

Әлібеков Қайыржан, Рыспаев Тоқаш, Букин Сырымбет, Сексенбаев Қокім секілді колхоз басқармалары жогарыда аттары аталған ағаларға мықты тірек болып, шыл экономикасын қаркынды дамуына сүбелі үlestерін кости. Елу жетінші жылы Толеу Сұлейменов, Қайыржан Әлібеков Ленин орденімен, Сырымбет Букин ағамыз Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

1968 жылдан Саумалкөл селосындағы мұнай базасының директоры болып, қаншама тұрғын үйлер салғызып құрметке бөленді. Зейнеткерлікке шықса да он жылдай мұнай базасын басқарды. “Нефтянник” санаторийін салғызып, үрпаққа асыл мұра етіп қалдырып кетті. Еліне елеулі, халқына қалаулы болған Әбілжан Өмішев аға 1989 жылы бакильтыққа озды. Елінің ақының азаматы болған абыл ағаның уақыт озған сайын тұлғасы даралағып, биіктен көріне беретініне кәміл сенеміз.

Бәдиша жәнешеме

Жайнап өткен агалар



*Солдан оңға қарай
К. Мұқышев, Р. Мұқашев...*

“Лавров” кеңшары комсомол комитетінің хатшысы болып сайланғаныма үш-төрт ай өткен соң, орақ науқаны басталды да кетті. Ізінше аудандық партия комитетіне шақырылып, Өскен ауылына аупартком атынан өкіл болып бекітілдім. Орақ барысы

жайлы есепті апта сайын кеңшар парткомына беріп отыратын болдық. Кеңшар директоры — Төлеу Сүлейменов агамыз. Партком хатшысы — Аркадий Прокопьевич Максимов. Есеп беріп болғанымда сол еді Аркадий Прокопьевич:

— Тайлақ, сені Төлеу Сүлейменович кабинетінде тосып отыр, — деді. Келсем Төлеу аға жалғыз отыр екен. Орақтың қызған кезі гой. Жүзінен шаршап отырғандығы байқалып тұрса да, хал-жағдайымды сұрап, халықпен қалай жұмыс істеу жөнінен ақыл-кенесін айтты.

— Тайлақ, комитеттен бір үлкен кісі келе жатыр. Жезденмен ақылдастып, қонақты күтіп алсан, — деді жылы жүзбен. Бұл 1964 жыл болатын. Әскерден келгениме де 7-8 ай гана болған-ды. Жолда келе жатып, аптарай, Төлеу аға Рақымбек Мұқашевтың менің туған жездем екенін қайдан біледі деген оймен ауылға келдім. Жездемді ауыл боп агатай дейтін едік. Агатайым онда бөлімшені басқаратын-ды. Келсем қырманда жүр екен. Амандық-саулық сұрасқан соң қонақ келетінін айттым.

— Барып тәтеңмен ақылдас, — деді. Жездемнің бір гажабы ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы болғанымен анау-мынау еркектерге ұқсан қазан-ошакқа араласу дегенді білмейтін еді жарықтық. Бәрін үйде Меруерт апайым реттеп басқаратын. Оқырманга түсінікті болу үшін сәл шегініс жасай кетейін. Менің

туган апайым Күлшара отыз жеті жасында бакильтыққа ерте озып кетті де, Меруерт тәтем апайымның артында қалған Зия, Сапар, Қайратына ие болып, туысқандық парызына адалдық көрсетіп, анам Айшаны өзінің туган анасындай сыйлап, дүниеден өткенде өз қолынан жөнелтті. Зия апайым оналты жасында о дүниелік болып кетті. Шіркін Зия десе Зия еді. Жасаған иемнін құдіретті ісіне не дауа жасарсын. Ал Күлшара апайым да өтсө келбетті, акылды ана болды. Экем Науша Қарғандыда да еңбек армиясында, жездем Рақымбек майдан даласында жүргендеге анам Айша, ағайым Сөлкен және меп бөрімізді Күлшара тәтем асырады.

Согыс кезіндегі Сталиндік тәртіп қандай қынш болғанын көз көргендер әлі ұмыта қойған жоқ. Экем екі жыл еңбек армиясында болып, қырық үшінші жылы елге келеді гой. Анашым әкемнің денсаулығына байланысты алып келген қағазын самауырдың оттығына салып тығып қояды. Қазактан қонақ үзілген бе? Қайран ана мейлінше ақкөніл еді. Сол поқтік қоцілімен жүріп самауырдың оттығына салып қойған өтсө маңызды құжатты ұмытып кетіп шок салып жібергенде қағаз қүйіп кетеді. Содан әкемді сен қашқынсын деп түрмеге жасын. Сонда осы Күлшара тәтем бір ай жүріп, актап алып шықкан екен. Жездем Рақымбек те согыста жүрсе де Қорғаныс министрлігіне жазып, нақты көмегін жасайды.

Меруерт тәтем Күлшара тәтемнен бір мыскал кем



1956 жыл. ССРО Жогарғы Советтің депутаты, Қамсақты МТС-ның директоры Толеу Сүлейменовке К. Е. Ворошилов Ленин орденін тапсырып тұр.

түскен жоқ. Әлі күнге туган бауырымыздай бауырына тартып тұрады. Апайымның жасы сексенге жақындан қалса да, алі тың. Мен соған тәубә деймін. Ауылда апайымдай қымызды балдай етіп үстайтын адамды мен ән кездестіре алмай жүрмін. Ауылга барсам тек апайымның гана қолынан қымыз ішемін. Ал сүрлеген етіп айтсанышы. Меруерт тәтем анашымның немере сінлісі болып келеді. Апайымды қазір ел анасы дейміз. Халкы-мыздың Алатаудай абыз ақсақалы Бәйкен Әшімов, мемлекеттік қоғам қайраткері Қажахмет Балахметов, СССР Жогарғы Советінің депутаты болған Төлеу Сүлейменов ағаларымыз бармағынан бал тамған алтын апайымның қолынан сонау тың игеру жылдары келіп, талай дәм татқанын жақсы білемін. Құлшәрә тәтемнің басына өз қолынан тас койғызғаны Меруерт тәтемнің өркенинненнін етті ана екенін көрсетсе керек.

Сонымен тәтем екеуіміз Төлеу аға басқарып келген қонақты өте жақсы қарсы алып, олардың алғысына бөлсөнген едік. Тәтемнен ақырын сұрап көрсем жездем мениң газетке жазған суреттемелерінді оқып, риза болып, Төлеу ағага тапсырып койған екен гой. Төлеу аға менің партия мектебіне оқуға кетуіме ықпал жасап, нақты көмек жасаған бірден-бір патриот азамат.

Ракымбек Мұқашев 1905 жылы Бірлестік ауылында туған. Ол кезде ауылдың аты Ұялы деп аталған. Бірлестік колхоз аты. Жоқшылық тауқыметін көп көрген Рақымбек агатайым Жалтырдың (Карасевка бүрін осылай атанған) Шадрин деген байына інісі Беркімбек екеуіп барып жалданады. Кенес үкіметі келген соң оқуын одан әрі жалғастырады. Ауылдық Советтің хатшысы болып істеп, отыз жетіден қырық бірге дейін Мәдениет ауылдық Советінің төрағасы болып адал қызмет істейді. Соғыста зенбірекшілер расхетін басқарады. Одан 1945 жылдың күзінде келді. Омырауы орден, медальдарға толтырып келгені жадымда сакталып қалыпты. Соғыстан келісімен Петропавл қаласынан екі жылдық басқармалық оқуды оқып, 1947 жылы Уақ-Заря колхозына басқарма болып барды. Бұл ауылда агатайым Шахмұрат Хасе-

Тайлақ Жалғұрзенов — 55 — Әнім сенсің, Сырымбет
нов, Көртай Құсайынов секілді зиялы азаматтармен қызы-
меттес болып жемісті енбек еткенін жақсы білеміз. Ага-
тайымның әйгілі сықақшы Бәкубаймен достасып кететіні
нан осы жылдар.

Әлі есімде, агатайым аздап насыбай ататын. Осыны
сскерген Бәкубай ата көпшілік жиналған жерде:

— Рақа, мен жұмысқа кеттім, сау болының деп колына
орал алған насыбай шахшасын агатайымның колына
қыстыра кетеді екен.

Әрине, осының бәрі сыйластыктан туындаған жәйттер
гой. Рақымбек Мұқашұлының Бәйкен Әшімов, Баян Жан-
галов агалармен де жақсы болғанын жоғарыда атап өттік.

Рақымбек Мұқашұлымен Уақ-Заря колхозында көп
жыл Көке Мұқашев ағамыз бірге қызмет істеді. Көке
ага колхоздың бас есепшісі болды. Екеуі өте дос болды.
Көке айтыс ақыны Жұмабай Есекеевтың тұган агасы.
Рақымбек агатайым Қаратал колхозында бірер жыл
басқарма болып істеп, 1953 жылы Бірлестік колхозына
Бәйкен, Баян агалардың қолдауымен басқарма болып
ауысты. Содан ауылдан кеткен жок. Кеншар кезінде
бөлімшені басқарды. Елге сыйлы, халқына қалаулы бо-
лып 1969 жылы бақылышқа озды. Қан майданда от кешіп
келген абзал агалар неден қорықсын. Ауылдың күрделі
мәселесі жөнінен аудандық партия комитетінің бірінші
хатшысы Гроздовпен сөзге келіп қалады гой. Содан ел
қамын ойлаган азаматтың енбегі еленбей алайын деп
тұрган орденнен қағылып қалады.

Ал ауылымыздың құрып кетпей сакталып қалуы
жөнінен біз Мұқашев Рақымбек секілді ел жайсандары-
ның жасаған адап енбегіне ақ алғысымызды айтып,
очеркіміздің соңғы нұктесін қоямыз. Асыл аға ақ ал-
ғысқа лайық өте ақылман, парасатты, мазмұнды азамат
болып дүниеден өтті. Ер есімі – ел есінде сакталатыны-
на күмән болмасы ақиқат.

Асыл әкениң жарқын істерін үміттпай, оның салған
даңғыл жолын артында қалған ұл-қыздары: Сапар, Қай-
рат, Ондасын, Оразбек, Мақпал, Барқыт, Онғарбек,
Оралбек әрлендіре беретіне сенімдіміз.

• Салауатты өмір салты •

Майдангер абыздың әңгімесі



Евни Қаббасұлы. әңгімесін Ұлы Отан соғысының ардагері Евни Қаббасұлы Қаббасов ағамыз. Талап қарындасым казір Қекшетау қаласында Жангали Серғалиев екеуі өмірлерін мәнді-мағнналы өріп, ұлын үяға. Қызын қияға қондырып салауатты өмір сүріп жаткан

Жанұзақ, Шәмшия, 1937 жыл.

жайлары бар.

“Атадан алтау тусаңда көре-тінің бір жалғыздық” деген дейі, атадан әу баста жалғыз ту-самда, согыстан қырық алтының 29 желтоқсанында елге майдан да-ласынан оралғанымда әкем Қаб-бас пен асыл анам Жәуөшті ұлы бабамыз Жазы бидің аруагы қол-дауды ма, әйтеуір қарындасты бол-ғаныма жан тәніммен қуаныш. Жасаган иеме ақ алғысымды ай-тып тәубага келгенім жадымда сакталып қалыпты, – деп бастады



— Мен, Айыртау ауданына қарасты Ұялы-Бірлестік ауылъында 1925 жылы тудым, — деді ол әңгімесін одан орі жалғастырып. Негізінен біздің ауылдың ежелгі аты Ұялы. Бірлестік — колхоздың аты. Аумалы-төкпелі қүйітіркі кезеңдерде ауылдың Ұялы аты ұмытылып, Бірлестік аталаң кеткен гой. Мен мұны кейінгі үрпақтарымыз біле жүрсін деген оймен айтап отырмын. “Ат басына құн туса ауыздықпен су ішер, ер басына құн туса етігімен су кешер” деген бар емес пе. Бейбіт жат-

қан елімізге неміс-фашист басқыншылары опасызыздықпен шабуыл жасағанда қырық бірде Семей облысының Шұбартау ауданында аудандық милиция бөлімінің бастығы болып істеп жүрген Жанұзак Данкин ауылға демалысқа келіп жатқан-ды. Майданға ауылдан алдымен осы ағамыз аттанды. Міне, мына суретте патриот Жанұзак ағамыз жұбайы, Шәмшиямен сонда түскені. Ағаны ақыл ақын Әміре Өлеңмен шығарып салған еді. Өлеңін ұмытып қалыптын. Есентай Данкин, Қайыржан ақын Әміре Сұлтанмұратовтың баласы, Жандос Уәлиев ағайынды Рақымбек, Беркімбек Мұқашевтар. Еслам Сәрсенов және тағы басқа ағалар аттанды соғысқа. Қан бұланған жиһандық соғысқа Сәкен Жұнісовтың “Ақан сері” романындағы. — Әйгілі Сұлтанмұрат әншінің баласы Сәкенде барып, хабарсыз кетті. Әскерге кеткендер саны сол жылы қырықтан асты. Жанұзак, Есентай, Қайыржан, Сәкен, Жандостар майдан даласынан оралмады. Олардың есімдері “Боздақтар” кітабына жазылды.

Рақымбек Мұқашев пен Еслам Сәрсенов аман-есен оралып, ұзак жыл колхоз басқармасы болып жемісті еңбек етті. Рақымбек ағамыз дүниеден ертерек озып кетті. Еслам аға жақында жүзге толды. Қоқшетау қаласында қызының қолында тұрады. Беркімбек Мұқашевтың игеру жылдары тракторге отырып алпысыншы жылдарға дейін жемісті еңбек етті.

Майданға 1942 жылы 17 жасымда аттандым. Жанәкем Қаббас жалғыз баласы болсамда ел басына құн туған сәтте ак батасын беріп шығарып салды. Қайран әкем Қажымұкан тұлғалы денелі адам еді. Атакты Балуан Шолак 49 пүт гірдің тасын котерсе, әкемде осы межелес жүкті көтеріп жүре беретін-ди. Соғыс жылы колхоздың бір өгізі су ішем деп құдыққа басымен түсіп кетіп, аузында кептіліп тұрып қалады. Өгіздерді бағып жүрген бала әкеме жүгіреді гой. Колхоз малын қөздің қараашығындаі сакта деген заман емес пе, келе арканың бір ұшын беліне байлап жіберіп, қасында тұрган шалдарға: — Ал ана өгізді артқы екі санынан орап

күрмел байландар дейді. Дайын болды-ау деген кезде әкем қара күшке салып жұлки тартқанда оғідің жарты денесі құдықтан бері шығып қалады. Сәл тыныстап алыш екінші рет ыргап-ыргап тартқанында оғіздің басы құдықтан шыгарылады. Міне, осындай құдіретті құш атасының иесі жан әкемнің мен майданга аттанғанда көзінен жас алғанын көрдім.

Соғыстаң аман оралуыма әкемнің осы көз жасы себеп болды гой дең ойлап қоятынам бар. Мен Байқат әскери округіне қарасты 847 артиллеристер полкында байланысшы-телефонист болым. Одақтың батысында фашист басқыншыларымен қиян-кескі ұрыстар жүріп жатса, Киыр Шығыста да жапон самурайлары ауызын қу шөппен сұртіп қарап отырған жок. Оларда шекарага шабуыл жасап отыруын бір сәтке тоқтатқан емес. Мұнда да екі көзің төрт болып, талай тұндер үйқысыз өткізілді. Қырық бесте жапондарға қарсы соғыс ашылды. Кіші және үлкен Хинган деген жерде жапондықтармен жойқын ұрыс жүргіздік. Талай есте қаларлық оқиғалар бастан өтті. Шарболаттай шындалып, ысылдық.

Әскерде жауынгерге командир бүйрүгі бұлжымас зан. Сан мәрте борап тұрган окка қарамастан дивизиямен байланыс үзіліп қалып байланысты іске қосуға барып жүрдім. Бірде үлкен Хинган үшін ұрыстың қызғап шағында байланыс үзіліп қалғаны гой. Командиріміз қасыма екі жауынгер қосып беріп байланыс желісін дивизия штабына дейін тексеріп, байланысты қалайда іске қосуды қатаң тапсырған болатын. Штабпен арамыз бес-алты шақырымдай жер. Орманды кесіп өтуіміз керек.

Қазақ атамыз мұнданда “жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында” демей ме. Аталы сөзді ескеріп сауысқаннан сак жүріп келеміз. Штабқа шамамен екі шақырым қалды-ау деген кезде байланыстың үзілген жерін тауып іске қосып, шағын аланға шыққанымызда сол еді, жаудын бір топ барлаушылары бізді ата бастады. Біз кейін шегінбей қалайда штабқа жетуді мақсат етіп алға үмтүлдық. Жолдасымның біреуі оқقا үшты. Біразын бізде жер жастандырдық. Бес-алты жа-

ион оң жағымнан келіп қалған екен, қолымдағы гранатымды сілтеп үлгердім. Жаудың оғы аяғымды жеті жерден жаралап кетті. Жолдасым жаумен айқаса жүріп мені гастамай арқалап алған екен. Сөтін салғанда көмекке біздің барлаушы топ жауынгерлері келіп, өзімізді құтқарып қалған екен.

Бұл қырық бестін қараша айында болған оқиға еді. Соғыста жасаған ерліктерім ескерусіз қалған жоқ, I-і дәрежелі Отан соғысы орденімен және “Ерлігі үшін”, “Жауынгерлік ерлігі үшін” медальдарымен марапатталым.

Соғыстан кейінгі жылдардағы жұдеулі-жадаулы, кедейленген колхоз түрмисын көз көргендер ұмыта қойған жоқ деп білемін. Келе колхоз шаруашылығына аласып кеттім. Соғыс салған жара жаныма батқанына қарамастан МТС-тан трактор-комбайнға май тасыдым. Әрине ол кезде мұндай жанар-жағар май таситын бензовоздар болмайтын. Жағар майды пар өгіз жегіп алып, арбамен таситын едік. Бірер жылдан кейін колхозшылар тілегімен есепшілік қызметке ауыстым. Тың игеру жылдары қатарымнан қалыспай комбайн штурвалын үстадым. “С-6” принципі комбайннан өзі жүретін “СК-4”, “Нива”, “Енисей” маркалы комбайндарда істедім. Біраз жыл сауда саласында жемісті еңбек етіп, зейнеткерлікке шығар кезде қайтадан комбайнға отырдым. Ол кезде механизаторларға зейнетақыны мол төлейді де-ген үрдіс болды. Менде уақыт талабынан асып кете алмай, Секер Бейсенбаев, Есмагұл Шалабаев, Сейітқази Тәжібаев, Шаймұрат Раҳпанов секілді саңлақ диқандармен қызыл қырманға алтын астықты тонналап емес, таулап үйдік.

Асқар таудай панам болған жан әкем жетпіс тоғызыншы жылы сексен тоғыз, аяулы анашым Жәуөш сексен екі жасында бұл фәниден бақылыққа озды. Асыл жандар соғыс жылдары тылда қажырлылықпен тер төгіп еңбек етіп, сан мәрте колхоз, аудан басшылары алғысына бөлениді.

Жалпы мен өзімді ең бақытты жандардың бірінен санаймын. Олай дейтінім, біріншіден соғыстан аман келгендігім болса, екінші бақыттың құлай сүйіп қосып ған асыл жарым Рузия Бәжікенқызы. Асыл жарым әкем Қаббастың киелі шанырағына ырызыдықты келін болып түсті. Ұзак жыл колхоз, совхоз фермасында балбармак сауыншы болып, көп жыл жарыс көшін бастады. “Ен бек Қызыл Ту” орденімен, бірнеше медальдармен мара патталды. Аудандық, селолық Советке депутат болып сайланды. Балалы-шагалы болдық. Балаларымыздың бәрі де жогары білімді мамандар.

Тұңғышымыз Бекіт Евниев ғылым кандидаттығын сонау тоқырау жылдарында Мәскеуде үздік бағамен қорғады. Ұзак жыл Қарағанды қаласында академик Евней Букетов басқарған университетте жемісті еңбек етіп, Көкшетау техникалық институтына ауысты. Қазір кафедра менгерушісі. Шені — подполковник. Біләл подполковник шенімен оставкаға шықсада, қызмет істеп жүр. Жақсылық ауданда учаскелік инспектор. Айсулу Қарағандыда экономист, Айгүл Көкшетау қаласында Халық Банкісінде, Нұргұл ауылшаруашылығы институтында сабак береді...

— Ұлы Женістің 60 жылдығы Астана қаласынан бастап, облыс, аудан орталығында, ауыл, селоларда тиісінше атап етілді. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбек-керлеріне көрсетілген сый-құрметтің куәсі болып, мереke күндеріндегі салтанатты шерулерді көріп бізде мәртебеміз өсіп, қуаныш шуағына аяландық. Аға үрпак жасаған ерлік мәнгі жасайды. Олар жасаған өлмес-өшпес ерліктер үрпакқа тәлімі мол асыл мұра боп қалары сөзсіз. Көптеген ауылдарда ардагерлер жылдан жылға азайып келеді. Біздің ауылда ардагерлерден қалған Евни Қаббасов ағамыз. Құдай қаласа абыз аға алдағы жылы 80 жасқа толады. Біз ауылымыздың ақылман абыз қартына зор денсаулық, бақыт тілейміз. Женіс күні алған мерекелік медалі ауылымыздың, үрпағына мол шуағын төгіп, әрлендіріп, сәулеттендіріп тұрсын деймін.

Қыран өмір

1942 жыл. Наурыз айының аяқ кезі болатын. Москва түбінде женеліс тапқан неміс-фашистері батысқа қарай шегініп барады.

Кираган үйлерді паналай жүгіріп келе жатқан байланысшы Данкин полк штабына тезірек жетсем деп асығын келеді. Өйткені, Данкиннің тер сінген тимнастеркасының төс қалтасында өте құпия хат бар. Мана батальон командирі хатты полк штабына кідіріссіз жеткізуді қатаң тапсырган болатын.

Алдыңғы жақтан қарауытып көрінген кішкене қала-шықты айналдыра немістер су құйып, мұз қорғанын бұзып өтіп, кішкене қалашыққа басып кірді. Енді Данкинге полк штабына жетуғана қалды.

Құпия хатта батальон командирі біздің артиллеристер штабына жаудың жасырын нұктелері туралы деректер жазған еді.

“Сұрапылда сүм өлім аузына ашқан, карсы түрдү жас қазақ қаймықпастан” дегендей, борап тұрган оқ астымен жүгіріп келе жатқан қазақ жауынгеріне сүм ажал, секунд сайын аждаһадай аузын ашууда. Тіпті әрбір минут қымбаттап барады.

Құпия хатты артиллеристер штабына жеткізген Есентай жауып тұрган оқ “жанбырына” қайта кірді.

Ержүрек жауынгер орманнан шыға бере неміс автоматшыларының бір тобы батальон штабына басып кіруге тырысты.

Ал Данкин болса жаудың біздің штабтағы аз ғана жауынгерлерді жан алқымына алып жатқан қыын-қыстау кезде жеткен еді.



Есентай Данкин.

Енді көп ойланып түрудың қажеті жоқ екеніне көи жеткен Есентай винтовкасын онтайлай ұстап, не містердің автоматшылар тобына келіп килікті.

“Қыранның баласы әмәнда қияга қарайды” емес не? Ол біздің штабтың ту сыртынан келіп қалған жаудың сегіз автоматшысын көріп қалды.

Қызу атыстың қызығына түсіп алған жау автоматшылары, Данкиннің ентелеп келіп қалғанын андамада қалды. Көзді ашып-жұмғанша, жалғыз қыран мен сегіз құзғыштың арасында айқас басталды да кетті.

Жүргегі ашу мен кекке толы қыр қазағы әп дегендегүш құзғынды найзамен түйреп өлтірді.

Ол немістерді винтовканың дүмімен аяқтарынан бір бір ұрыш, қара жерге сұлатып салды. Осы сәтте Данкинге көмекке жеткен екі жауынгер сегіз немістің сегіз жерде тенкиіп-тенкиіп жатқанын көрді.

— Махоркаңнан берші, — деді ол жолдасына. Қолдан оралған темекінің ашы түтінің құмарлана сорыш “uh” деп демін алған Есентайдың көзі винтовкасына түсті. Немістермен қызу айқас кезінде жан серігі — винтовкасының дүмі сынып, стволы ғана сорайшылғалыбы. Сөйтіп, немістердің арам ойы іске аспай қалды.

Біраздан кейін байланысшы Данкин екі жолдасымен тағы да жолға шыкты. Олар көп ұзамай-ақ полк штабына жетті, Данкин штабқа құпия хатты тапсырып, енді шыға бергенде бригадалық соғыс кенес мүшесі Грушетский жауынгердің қолындағы стволды байқап қалып, оның кішкене кіліре тұруын өтінді.

Екі жауынгер комиссарға Данкиннің 8 немісті қалай өлтіргенін асықпай отырып баяндап берді. Бригадалық соғыс кенесінің комиссары қазақ жауынгерінің өжеттігіне шын көнілімен риза болып:

“Сіз тек қана байланысшы емессіз Данкин, алып тұлғалы қазақ батырысыз”, — деп қүректей алақанымен оның қолын қысты.

Осы ерлігі үшін № 283 атқыштар полкінің қатардағы қауынгері Есентай Данкин Оңтүстік-Батыс майданы тогыс Советінің бүйрігі бойынша “Қызыл Ту” орденімен наградталды.

Біздің әскерлер Отанның әрбір қадамы үшін қан төгіп, ата жауды батысқа қарай түре қуып бара жатты. Соңғай ұрыстардың бірінде біздің жерлесіміз Есентай Данкин ерлікпен қаза тапты. Бірақ қас батырды өлді деп шайтуға біртүрлі ауыз бармайды.



Редакциядан

“...Сұрапылда сүм өлім аузын ашқан, Қарсы тұрды жас қазақ қаймықпастан” дегендей, сұрапыл соғыста олмес-өшпес ерлік жасаған даңқты жерлесіміз **Есентай Данкинның** туып-өсken ата мекен алтын үясы — Бірлестік ауылы. Он тогыз жасында майдан даласына аттанған буыны бекіп, бұғанасы қатпаған балаң жігіт ошпес ерлігін жасағанда небәрі 21-ак жаста екен гой. Бұл айтудағанда оңай. Мұндай ерлік жасауға шағын очеркімізде айтылғанындей арыстан жүрек керек кой деп ойлаймыз.

Міне, соғыс өртінің өшкеніне 60 жыл толды. Енде-ше аудан орталығы – Саумалкөл селосында хас батыр **Есентай Данкинның** атына бір көшеге берсек қандай ганибет болар еді десенші. Айыртау жайсандары Есентай Данкинның жерлестерінің айтқан тілегін ескерсе нұр үстіне нұр демекпіз.



Үстем болсын мерейің

Кешір Нұржәмила, мен сен туралы жап-жаксы бір дүние жазсам деп көптең бері ойланып жүр едім. Күйкі тіршіліктің шырмауынан шыға алмай қалсам керек.



*Мәкібай атамыз баласы
Өміртай, келіні Нұржәмила,
немерелерімен.*

Уақытты да оздырын алыпсын. Эйтсе де “ештен кеш жақсы” деген бар емес пе. Асыл жарың Өміртай екеуіннің сонау алпыс тоғызынышы жылдан бері бір шаңырақтың астында мәндімагналы өмір сүріп, судай сұлу өмірге Еркін, Алма, Анар.

Сержан секілді алтын асықтай үл-қыздарды әкеліп, оларға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында тер төгіп қажырлылықпен, табандылықпен еңбек еткендерінді де жақсы білемін. Көреген халқымызда “әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер” деген әдемі сөз бар. Алғаш келін боп түскен жылдарында ауылдағы аталарымыз бен әжелеріміз, кәрі-жастың, бәрі-бәрі де Жәмилә деген сон менде соган үйреніп кетіппін. Байқауымша бұл еркелетіп қойған есім сенің “қазактың келіндері-ай” деп ел сүйсініп айтатын жоғары талғам үдесінен көрінгенін үшін берілген әділ баға болуы тиіс. Расында да, танымайтын босағаны аттап келін болып түсіп, келе-келе осы бір қасиетті әк орданың тілеуқоры, иманы, сарықарын бәйбішесі болу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні де шындық.

Енді сенің шын атың Нұржәмілә деп атай отырып, ойымды одан әрі өрбітіп көрейін. Мен сенің қайынатан Мәкібай ата мен Назым анамызды көріп, қолынан талай дәм татқан адаммын. Ағайынды Беркімбай, Мәкібай,

Әлібековтердің тар жол, тайғақ кешуден өткенін асыл жандардың о дүниелік болып кеткенінде барып, бірақ білгенім ақырат еді. Құрығы құтты жылқышы болған Мәкібай атанаң саятшы, ат бапкері болғанын бертін ғана білдім. Ұмытпасам, жетпісінші жылдардың аяқ кезі болуы керек, ауылымдағы әйгілі құсбегі, саятшы, ат бапкері Жарылгас атамың жайлы очерк жазып, сол кездегі облыстық “Көкшетау правдасы” газетіне шығарған едім. Иә, сол жолы Мәкібай атамен кездесіп қалғанымда:

— Жиен, Жарылгас атанды жазып, атаңмен қан көйлек жолдас болған мені жазбай қойғаның қалай? - дегенінде, қатты ұялып қалып едім. Уақыт өз дегенін жасатқызыады гой. Назым анамың да дүниеден озып, саятшы атамыздың бес уақыт намазын оқып, уақытында ас-суын ішуі, таза киініп отыруы мен жүріп тұруы, бәрі-бәрі де сенің қолыңа қарап қалды емес пе? Әрине осының бәрі де айтуға ғана оңай іс. Аяулы атаң тоқсанның жетеуінен асып, бақылыққа қошті. Міне, “казактың келіндері-ай” деген аталы сөздің қадір-қасиетін біз осы арада сезініп, білдік. Абзал жанның қоштасу рәсіміне жиналған халық та мұнша көп болар ма? Атанды жақсы жөнелткенінді ел-жұртың әлі күнге айтып жүреді. Сол жолы:

Мың алғыс ақын келін Жәмилаға,

Атасын құткен салып алақанға.

Үлгі етіп өнегесін баламызға,

Сақтаймыз атамызды санамызда, — деп өлең жолын өрген екенмін. Шүкіршілік. Қазір тіл, дінімізді қайтарып алып, тарих көмбесін терендептіп қазып, інжуін халық игіліне жаратуға мүмкіндік алып отырмыз гой. Аталы сөзге қонақ беріп сейлер болсақ, Жәнәзия, Мәкібай, Беркімбай, Қалымбек, Жәнәзияның баласы Салмен Әлібековтердің кешегі аумалы-төкпелі аласапыран жылдары көргендерін қалтқысыз жазып шығу әри-не мүмкін емес. Дегенмен аталар өмірінен аз да болса

аіта кетейік. Бір сөзben айтқанда, Мәкібай атанаң әкесі Әлібек өз әкесі Төрежанмен қажылыққа бірге барған адам. Төрежан бабамыз осы жолда о дүниелік болып кетіп, Әлібек ешке қажы атанаң оралады. Бұл қариялардың айтуынша, шамамен 1908 жылмен тұспа-тұс келеді. Қажы атамыз жиырма төртінші жылы қайтыс болған. Ал артында қалған балаларына отыз бір — отыз екінін жасанды аштық жылдары қуғын-сүргін басталады. Бұган тепсе темір үзетін Беркімбай, Мәкібай, Салмен сектілді айбынды жігіттер кайдаш шыдап отырсын. Бір түнде ішке (Ресейге) көшіп кеткен.

Тағдырлар тоғысын қойсанышы. Бұл кезде Мәдениет ауылында тұратын әкен Баязи Құдайбергенұлы да қуғынга ұшырап, ішкі Ресейден бір-ақ шыққан екен. Бұл әділетсіздік дегенді қойсанышы. Әкенін бар кінәсі — 13 жасында Мәдениет ауылында молда болып, Ақкошқар мешітін ұстаганы. Бір гажабы, ата-бабаларының бәрі де араб, парсы тілдерінде еркін сөйлеп, жаза білген. Салт-дәстүрімізді қаз-қалпында сактай білген. “Он үште отау иесі” деген аталы сөз осындағы аталардан қалғаны тегін болмаса керек-ті. Нұржәмила, өзін айтқандай, расында да мына бір жайт керемет көрім көрініс емес пе. Аяулы анашың Ақлима 14 жасында жан әкен Баязимен отасын, шанырақ көтерген екен. Сосынғы бір ерекшелік, әкен Баязи мен Мәкібай атанаң ата салтымызды жаңғыртып, сонау дүбірлі, жанайқайлы жылдарда ортақ тіл табысын, бесік құда болуы, расында да сүйсінерлік іс екен. Міне, осыдан жан жарын Өміртай екеуінің мәндімагыналы өмір сұрулеріне көлеңке тұскен жері болған жок кой деп ойлаймын.

Сөйткен жан әкен қан бұланған қырық бірдегі жиһангерлік соғысқа қатысып, елу төртінші жылы туған ауылына көшіп келіп, қырық тоғыз жасында дүниeden отті. Ал қайынатан Мәкібай Әлібекұлының да көрген бейнеті атан нарға жүк болғандай екен. Қырық екіде

соғысқа кетіп, алты айдан кейін Кемеров облысына қарасты Гурьев қаласында інісі Сәлмен Жәнәзияұлымен бірге мартен пешінде болат қорытты. Қалымбек Әлібеков Мәкібай атасын туған інісі отыз жетінші жылы Ресей жағында колхозда басқарма болған. Кейін соғысқа кетіп, майдан даласынан оралған жоқ. Ал Сәлмен аға соғыстан кейін шамасы сол елу алты, елу жетінші жылдар болуы керек, “Шүкірлік” колхозында колхоз басқармасы болды. Қалымбектің баласы Зекет Петров павл қаласында элеваторда инженер болып істеп, абыроймен зейнеткерлікке шықты.

Иә, өмірде не болмайды, Нұржәмила. Анашың Ақлима өмірге 11 бала әкелген еken. Содан Шәмшия екеуін гана қалғансын. Анашыңның сені қанаттыға қактырмай, аялы алақанға салып өсіргенін, анашың Аклима бақильтыққа кошкенде жазған жыр жоктауыннан білемін. Сен жасыңнан оқуға ынталы болып өстін. Қызылсая орта мектебін бітіріп келіп, ауылсында мұғалім болып істей жүріп, Қекшетау педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, Карасев орта мектебінде жоғары сынып оқушыларына математикадан сабак бердің. Әрине мектепті қазақша бітіріп, орыс сыныбына сабак беруінді үлкен ерлікке балаймын. Қапсан Тәжібайұлы Бейсембаев, Анатолий Яковлевич Рванов, Вера Александровна Рванова секілді ұлағатты, тәлімгер ұстаздармен ой бөлісіп, өрім өрендерге ұстаз болдың. Отыз үш жыл мұғалім болып жұмыс істегенінде, қаншама болашағынан үміт күттірген тамаша жас үрпак алдыннан өтті. Олардың бәрі де тәуелсіз еліміздің әр саласында қажырлылықпен енбек етіп жүр. Алғаш сенің ақын екенінді Женіс Букин інімнен естігенімде қатты қуанып қалдым. Кейін өлеңдерің қолыма тигенінде байқаганым, ойың ұстамды, философиялық ой-толғамдарың кімді де болмасын бей-жай қалдырmasы ақиқат. Өлеңнің үйқасы мен ырғағын сактауға үлкен

жауапкершілікпен қарайды екенсің. Бұл құптауға тұратын жәйт. Асыл жарың Өміртай Мәкібайұлының да енбек жолы жақсы ой қалдыралықтай екен. Жалпы Назым анамыз өмірге әкелген Мәкібай атаның қарашығындай мәпелеп өсірген Қайыртайы мен Өміртайы абыз ал азаматтар болып өскендігін мен көзіммен көрген адаммын. Қайыртай мен жан жары Женіс Букин үлкен лауазымды қызметтерде істеп, қазір Көкшетау қаласында тұрады. Жәкең облыстық статистика басқармасын басқарады. Ал Өміртай болса қарт ата-анасының қолында болып, үлкен шындалу мектебінен етті.

Еңбек жолын малшы болып бастаған Өміртай жетпіс үштен бригадир, одан кейін бөлімше басқарушысы болып істеді. Өміртай замана талабын ескеріп, үл-қызыны оқытып үлгергеніне риза боласың. Еркіні Көкшетау ауылшаруашылығы институтын бітірсе, Алмасы Алматы медициналық институтын тәмамдап, қазір Астанада тұрады. Жанұясы бар. Анары Алматының халық шаруашылығы институтының статистика бөлімін бітіріп, Көкшетау қаласында. Өмекенің кенже ұлы Сержаннан көп үміт құтуі орынды деп білемін. Өйткені, әке балаға сыншы емес пе? Илләйім, тіл-көзден сактап, Сержанға әкесінің ак адаптацияның шарапаты тиіп, аяулы азамат болсын дейміз. Сөз соңында айтарым, Нұржәмила, сен талімгер ұстаз болумен бірге жақсы өлеңдер жазған ақынсың. Сондықтан бар тілегім, мерейің үстем болсын, ақын-ана деймін.

02.08.2002 ж.



Өркендей бер, жігітім



Нұртас Ахатұлы.

— Келіп қалды, тұр, — деген сөзге көзімді ашсам қасымда бәйбішем Сәуле тұр екен.

— Е, тыныштық па?

— Неге тыныштық болсын. Есік алдында машинадан ақын, белгілі журналист інің Байқал Баяділов бастаған кілен өнер иелері түсіп жатыр. Ішінде Ж. Б. Мусин атындағы қазак педагогикалық колледжінің директоры Нұртас Ахатұлы және тәуелсіз Республикамыздың актантегер айтыс ақыны Құдайберлі Мырзабеков бар, — деді.

Мен бұған балаша қуанып қалдым. Неге қуанбасқа? Ақын Орынбай Бертағыұлы туралы тамаша монография жазып, кітап етіп шыгарған жас болашақ ғалым үйіне ат басын тіреп тұрса, бұдан асқан қуаныш болар ма екен. Енді бірер айдан кейін Сарыарқаның бойынан бой түзеген Елордасының Бас қаласы – Астанада тәуелсіз Республикамыздың он жылдық мерейтойының салтанатты шеруі басталмақ. Тойға айыртаулықтар да көл-көсір тартулармен бару үшін арайлы Айыртау аясын, сырлы Сырымбет саласының егінжайын еңбек дүбіріне бөледі. “Егінжай, қырман, элеватор” данғылында еңбек қарқыны құннен-құнгеле қыза тұсуде. Ауа райының жауын-шашынды болуына қарамастан құрыш қолды дикандар қауымы әр танапта тамшылатып майдай терін төгуде.

Толагай тойға тартуымыздың ішінде біздің ауыз толтырып айта алатын, тіпті патриоттық сезіммен мактаннып айтатын өміршең құнды дүниелеріміз бар екен. Өткен екі мыңыншы жылы ақын-импровизатор, публицист-журналист, жазушы жерлес ағамыз Жұмабай Есекеев қолымызға “Айыртау арыстары” атты кітабын ти-

гізсе, жақында болашақ ғалым ініміз Нұртас Ахатұлы “Орынбай ақынның әдеби мұрасы” деген монографиясын кітап етіп жарыққа шығарып, үлкен бір шаруаныш басын қайырып тастанды.

Дарын иелерінің екеуі де бетке үстар ажарлы азаматтарымыз. Мен осынау шағын дүниемде жазушы бауырларымның жасамназ еңбектерін сынап-пікір айтайшы деп отырганым жок. Көркем әдебиет түргысынан пікір айтуды сыншылардың еншісіне қалдыра тұрамыз да, біз жерлес жазушылардың туындыларының азды-көпті құндылығына тоқталып өтпекпін.

Әлбетте “Өзіннен тумай үл болмас” дегендей, еліміз еркіндігінің он жылдығын тойлағалы жатқан шакта жазушылардың өз арамыздан шыққаны әбден орынды деп білеміз. Бұл бізге тарихты бүрмаламас үшін қажет факторлар. Жұрттың бәрі ақын ақын Илияс Жансүгіровтей “Күлагер” поэмасын, оның ішінде сері Ақанның трагедиясын қаз қалпында, ешбір қоспасыз жырлап берсе алса жөн гой. Бәз біреулердей Науан қазіретті, Ожан балуанды келемеждеп, жазғаны жұдә үрпағымыздың есінен кетер ме?

Ақын-жазушы Жұмабай Есекеев сұлу сөзбен Шоқан, Орынбай, Ақан, Үкілі Үбырай, Шыңғыс бабаларымыз, Айғаным әжеміз, ақын-импровизаторлар: Әміре Сұлтанмұратов, Молдахмет Тырбиев, Мұса Асайынов, Байжұман Фабдуллин, Жарман Рахымов, Бәйсейіт Байболынов, Кәкімбек Салықов туралы қандай әдемі жазды десенші. Тілі қандай мықты болса, оқигалары да сондай тартымды әрі қызғылықты. Оғаш түрган бір сөзді кездестірмейсін. Осынау асыл қазынамызды қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдері жас берендерге тереңнен оқытсағой шіркін.

Автордың екінші үтүп түрганы, аты аталған дарын иелерінің бәрі-бәрі де айыртаулық ірі кесек тұлғалар. Асыл бабаларымыздың қасиетті де киелі мұраларын сағнамен саралаудан болашақ ғалым ініміз Нұртас Ахатұлы да шет қалмаган екен. Нұртас ініміздің кандидат-

тық диссертациясын жазуға алған объектісі де мықты. Ол монографиясына жыр дүлділі “Орынбай ақынның әдеби мұрасы” деп тақырып қойып, ақын өмірі мен шығармашылығына ғылыми түргыда білгірлікпен талдау жасаған.

Сөз орайы келген сон айта кетейін, кез келген адам Орынбай секілді біртуар жыр дүлділінің шығармасына талдау жасай бермесе керек. Ұлы адамның туындысына ұлылықтан хабары жоқ, оның ішінде әдебиеттен, әсіресе поэзиядан мол хабары бар Нұртас Ахатұлы сияқты жапжас дарын иелері талдау жасаса жарасып-ак түр емес пе. Орыстың ақыны Н. А. Некрасов “У него есть таланты, и он непременно будет поэтом, если он обладает формою, без которого нет поэта” деп бекер жазбаған.

Осы ретте болашақ жас ғалым Ахатов поэзиядан хабары мол дарын иесі екенін монографиясымен танысқанда көзіміз жеткенін ашып айта кетуіміз керек. Былайша айтқанда Нұртас өлең жазу теориясын, өленді талдай білетіндігін ғылыми еңбегімен дәлелдей отыр. Біз ақын Жұмабай Есекеев пен Нұртас Ахатовтың жыр дүлдүлі Орынбай Бертағыұлының өмірі мен шығармасын талдауға өзіндік үндерімен келіп, зергер зерлегендей етіп жазғандары алдымен ауылымыздагы Нұртас бұл еңбегіне көп ізденіп, көп зерттеу жұмыстарын жүргізген. Мәселен Орынбай ақынның Қарауыл — Қантай Жазыби сырқаттанғанда көнілін сұрай барып, артынан Жазыби дүниеден озғанда баласы Омар биге көніл айтқанын, Жазыбидің Қантай ауылымында тұрып жатқан үрпағын біріміз біліп, біріміз білмейтін едік. Біздін білетініміз Жазыбидің “Орынбор-Сібірдің” шекарасын бөлуге қатысқаны жайлы. Бұл жөнінен академик жазушы Сәбит Мұқанов, Фабит Мұсірепов те жазған еді. Сондағы Орынбай ақынның алдымен Жазыбиге, одан соң Омар бигеге айтқанын очеркімізге арқау етіп кетейін.

Белгілі үш жұзге жайың-күйін,
Бас қосып жеті момын кірген үйім.
Болып едің Арғында жеке қара,
Әзір тірі тұра түр Жазыбім.

Қарадан би болып өткен атаң Жазы,
Дүниеден онасы жоқ көп пен азы.
Тірлігінде еш адамға алдырған жоқ,
Адамның болып откен өнерпазы.
Атығай-Карауылға жүлдес әперген,
Уақытында халқына болып қазы.
Өлген адам артында тарих қалса,
Сол болады сөнбеген шамшырағы.

Түйіндеп айтқанда Нұртас Ахатұлы монографиясын жүтән тілмен емес, кәнігі қаламы төсөлген журналист жазушыдай еркін көсілген. Тілді шүбарлау, олпы-солтып тұстарын байқай алмадық. “Олең сөздің патшасы сөз сарасы, қыннан қыстырыр ер данасы” деп Ұлы Абай айтқандайын, жазған өміршең дүниесіне қазакстандық патриотизм позициясынан қарап, дүлдүл ақын Орынбай бабамыздың туындысына Ұлы Шоқан бабамыздай әділ сипаттап, ақынга Янукеевичше бага беруі жүрекке жылылық үялатады.

Осыдан бес-алты жыл бұрын ақын Жұмабай Есекеев ағамыз Орынбай ақынның 180 жылдығын атап өту жөнінен біраз қозғау салғанын айыртаулықтар ұмыта қойған жоқ. Ақын ағага үн қосу мақсатымен сол тұста “Тагына кондырайық Орекемді” деген ұзак толғау жазып, сол кезде облыстық “Кекшетау” газетінде жариялағаным менің де есімде қалыпты. Сонда Орынбай ақын туралы халыққа не айтарымызды білмей қатты үялыш қысылып едік. Ол кезде ақын өмірі мен шығармашылығынан хабарымыз мәз емес-тін. “Атыңнан айналайын Қарқаралы” дегендейін, біз ақын Жұмабай, болашак жас галым Нұртас секілді жерлес арысымыздан айналайык, ағайын.

“Өмірде не болмайды” дегендей, кезінде Шалқиіз деген жоқ, Доспамбет деген жоқ, Қазтуған деген жоқ... Бәрі де ойдан шығарылған аттар, деп Мұхтар Мағауиннің диссертациясына талас тұғызғанындей үш жүздің баласынан шыққан үш Орынбай ақын бар десе біз Нұртас монографиясындағы Орынбайды айтып, өз пікірімізді дәлелдеп берген болар едік. Және біздің

шытып отырган Орынбайымыз сері Ақанның үш жүзге аты молім болған Орекесі гой. Бұған ешкімнің дауы бола коймас деп білеміз. Дегенмен лауазымды орындарда отырган ғалым иелері арайлы Айыртаудан шыққан жаш-жас болашак ғалым иесінің диссертациясын коргауга жанаширлық көрсетеді деп сенеміз.

Ақан сері бабасындай судай сұлу өмірден Алтыншаштай ай ару келінді өмірлік серік еткен Нұртас ініміз дауылпаз ақын Сәкендей, Қекшетаудай кербез, ойы да, жүрегі де, киген киімі де тап-таза мүсінді жігіт екен. “Тегіңе тартсан, тегін болмассын” дегендей, драматург-жазушы Шахмет Құсайыновты, әскери-полковник Кәрім Ахметжановтай Айыртаудың мақтан тұтар ұландарын өмірге әкелген Қосқөл ауылында балалық шагын өткізген өрім өреннің өмір жолы да мәнді-мағналы болып өрілген екен.

— Әкем Ахат төрт ағайынды болышты, — деп бастады сөзін Нұртас. 1939 жылы міндетті әскерге алынып, соғысты Кенигсберг (қазіргі Калининград) қаласында аяқтады. “Жыртық үйдің құдайы бар” дегендей, Ахат атамыздың бағына майдан даласында батальон командирі, жерлес ағамыз Кәрім Ахметжанов кездесіп, өзіне адъютант етіп алады. Рас, майдан даласында Кәрім ағамыз фашист басқыншыларымен табан тіресе соғысып тамаша өлмес-өшпес ерліктер жасаған гой. Лейтенанттан майор атағын бірден алған қаһарман ағамыз 1947 жылы полковник шенін алып Ахат бауырымен елге оралады. Кәрім ағайдың ұзақ жыл орман шаруашылығының директоры болғанын біз аудан тарихынан жаксы білеміз. Ахат аға ұзақ жыл шопан болып, балаларын оқытқан. Бағына қарай таңдап қосылған асыл жары Құлзия колға түскенін үқсата білетін парасатты, ақылман ана, кара шаңырағының иманы бола білді.

1987 жылы Қекшетау педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті факультетін қызыл дипломмен бітірген Нұртас Ахатұлы жолдамамен Қаратал орта мектебіне жіберіледі. “Қырсыққанда қымыран іриді” дегендей, талабы таудай жігітіміз меселі қайтатынын

Әнім сенсің, Сырымбет — 74 — Тайлақ Жалғұрзенов
қайдан білсін. Мұнда өрім өренгे “Орын жок” деген желеумен қарсылық көрсетіледі.

Ізінше ақын досы Құдайберлі Мырзабеков келіп Сарыозек мамандандырылған шаруашылық бірлестігіне әкеліп, қайнаған омірге арапастырды да жіберді. Мұнда Нұртастың еркін көсіліп, жұмыс істеуіне толық мүмкіндік жасалынды. Мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болды. Осы мектепте жүріп жас мұғалімдердін интеллектуальді “Парасат” клубын үйімдастырса, 1998 жылы қазақ тілі және әдебиетінен республикалық олимпиадага облыс оқушыларын дайындау құрметіне ие болды. Олимпиадага Ақап мектебінен қатысқан өз оқушысы Ботағөз Ақмола облыстық білім басқармасында бас маман.

1990 жылдың қазақ педагогикалық училищесі қайта ашылып, конкурс жарияланды. Нұртас Ахатұлының бағы жаңынып, женімпаз танылып, училище директоры болып тағайындалды. Ал тоқсан үште училищеге жазушы Жанайдар Мусиннің есімі берілді. Қазір училище бес мамандық бойынша жұмыс істейді. 600 студент күндізгі, 150 студент сырттай оқиды. Студенттерге 80 білікті үстаздар дәріс оқиды екен. Өткен оқу жылында 19 мемлекеттік және мемлекеттік емес колледждердің ішінен Нұртас Ахатұлы басқаратын колледж жыл колледжі танылды.

Қысқа мерзімде кандидаттық минимум да абыройлы тапсырылды. Орынбай ақынның әдеби мұрасы жайлы монография жазылып, кітап етіп Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім Академиясының Республикалық баспасынан басылып шықты. Нұртас Ахатұлының ғылыми жетекшісі филология ғылымдарының докторы Серік Негимов ҚазМУ-де сабак береді.

Нұртас Ахатұлы бүгін 40 жасқа толып отыр. Ұлы Абай мен Назеркесі тату-тәтті отбасында тәлім-тәрбие алып, сабактарын үздік оқып жүр. Біз бүгін мерейтой иесіне табыс, бақыт тілей отырып, білім көгінен көріне беруіне барлық айыртаулықтар атынан тілек білдіреміз.

Ұстазым (Қабықен Томпышев)

Жасаган күдіретіне тан қаламын.
Аруды еркесі еткен пайдаланып.
Сүйемін ұлып-қызын, кок колдерін,
Жаһынды жадыратқан тан самалын.
Сүйемін қарттарымды қырау шалған,
Аумаган агаларды жыраулардан.
Ауылымын ақылман қариясы,
Мен үшін азыз-дастан жазылмаган.
Көз тартып енбек жолы қызықтырган.
Табигат тереңінен сыр үктырган.
Биолог ұстазым бар Доуқарада,
Ұянын балғын кезде мені ұшырган.
Таратқан ерке желге кара шашын,
Сұлуды ак Баяндай қарататын.
Жігіттің сегіз қырлы, бір сырлысы,
Ұстазға уақыт жетті жыр аринастын.
Ак құба, орта бойлы сұлу мүсін,
Сұлуулар жарапташай сүю үшін.
Жиырма бір жасқа толған балан жігіт.
Бастады енбек жолын біліп ісін.
Қабықен Томпышев дең бастап созін,
Ұстазым ұлытыклеп корсетті өзін.
Білімнің інжүїне сусындақтан,
Жігіттің падишаһын көрді көзім.
Зипа алай ұстазымының ак Баяны,
Ай ару нұрлашырган ак батаны.
Жастықтың лапылдаған жылдарында,
Куалқан отау күрьпі ата-ананы.

Сал жігіт, асем жігіт сері Аканшай,
Ұстазым жер шоқтығы Кокшетаудай.
Мектепке Зиппа алаймен келгенінде,
Коруші ек Қамсақтының аккуыншай.
Бақ тілең кеттім елден ұзак жылға.
Қол созын киянщагы отты жырга.
Ұстазым Қозы-Баян тілеуқорым,
Демеушім болды менін шиыр жолда.
Босасып алған беттеп тайғаным жок,
Жеті класс біліммен алғаным коп.
Ұстазым Қабықен ағай, Зиппа анай,
Сіздерге олең оріп, жагамын от.
Сап шақірт отті мендей алдарыциап,
Шыға алсам елге мактаң ойтарыннап.
Сіздердей ойы терең ұстаздардан,
Болісем жас үрпаклен алғалымнап.
Сейфолла, Сапар, Тайлак шәкірттерін,
Сіздер үшін бәрі де орең орім.
Сіздерден алған білім ұлагатымен,
Енбек етіп жүр елге тогін терін.
Нұр қүйган бала кезде санамызга,
Үлгі етем онегесін баламызга.
Күштей құліп, жарқырап маңдаіыңыз,
Ұстазым жүре бергін ортамызда.
Ұстазым Қабықен аға шын ойыммен,
Құттықташының аттын осы тойынызбен.
Зиппа алаймен жұз жасал дүниенің,
Бар қызығын корініз еліңізбен.



Өшпес ерлік

*“Ерліккің үшін” медалінің иегері
Ақтап Қошімбаев тұфалың үздік сыр*

Қырық бірдің жазында,
Басталып кетті сүм соғыс.
Ұстаз бол жүрген ауылда,
Берілді бронь Ақтанға.
Дәрігер тыңдал Ақтанды,
Оқыта бер, — деді баланы.
Оралды қайта мектепке,
Болмаған соң амалы.
Алпыс жігіт аттанды,
Қырдағы бейбіт ауылдан.
Жай жатпай Ақтан ойланды,
Сырт қалғандай қауымнан.
Түнде үйқы көрмеді,
Сырын айтып жарына.
Қыран қиял тербеді,
Ерлерді тосып алдына.
Ленинград пен Сталинград,
Қоршауында қап немістің.
Толғантты қырда атой сап,
Ұйқысын бұзып жігіттің.
От оранды құл болып,
Украин, Белорусь аймағы.
Атылды жауға оқ болып,
Отанның қайсар ұлдары.
Шек қойып қиял сезімге,
Бұл жолы жасап батылдық.
Комиссарды салып тезіне,
Бронын берді өзіне.
Кетемін, — деді майданға,
Шықпаңыз енді алдыма.
Үйдегі ұл мен қызыымды,
Тапсырдым Қасым ағама.
Қауиям болса есті қыз,

Жан жарым Айтжан ақылман
Артымда қалсын өшпес із,
Сөз қалғандай жақсыдан.
Амангелді, Ардагелдім,
Өскіндерім бәйтерегім.
Алғы шепке кетемін,
Отаныма көп берерім.
Осылайша тебіреніп,
Қош бол деп аға, бауырға.
Қарамай жары, балаға,
Аттанды Ақтан майданға.
Қырық екінің күзінде,
Жіберілді Ақтан соғысқа.
Жаралы Украина жерінде,
Енді қызу ұрысқа.
Пулеметшілер тобына,
Командир болды жақсы аға.
Көз салсаң майдан жолына,
Ерлік көп арқау дастанға.
Смоленск қаласы үшін,
Болды жаумен мықты айқас.
Төкседе неміс бар күшін,
Соққыны алды зілдей тас.
Ерен ерлік құдіретін,
Жадында сақтап жүретін.
Айтып берді Тарасқа,
Қаһарлы соғыс суретін.
Ініміз Тарас Отанның,
Қызметіне адал сержантты.
Немересі Ақтанның,
Бізге ғажап сыр ашты.
“Атқыштар тобы сол жолы,
Көрсетіп қайрат қарымды.

Бес рет жауды тойтарып,
Боздақтар кегі алынды.
Талай ерлер оққа үшты,
Отанға, елге қымбатты.
Тегеурінді күшке шыдамай,
Жеңіліп бізден жау қашты.
Созылды үрыс аптаға,
Аязында ақпанның.
Адал болып парызға,
Барысша шаптық қас жауға.
Топта қалып бес адам,
Жай отын жауға түсірдік.
Жол ашып біздің полкке,
Күлін көкке үшүрдыйк.
Ағарып нұрлы таң атты,
Әлемді ерлік тамсанты.
Майдан жолы қан кешті,
Днепрге жетіп жалғасты.
Қорғаған жаудан Отанды,
Ерлер ісі жерде қалмады.
Командир маған тапсырды,
"Ерлігі үшін" медальды.
Қымбат Тарас мен үшін,
Ерлігі үшін деген сөз.
Менсінбесе кей шіркін,
Көнілге алма ел білсін.
Аға үрпақ біледі,
Аталмыш медаль бағасын.
Атасына адал жүргегі,
Сенсің менің жалғасым.
Үрпақ үшін төктік қан,
Тұмасын деп сүм заман.
Днепр үшін айқаста,
Көп болды қазақ ту алған.
Атанда қалмай қатардан,
Бір қазақтай соғысты.

Қазақтың сағы сынбаған,
Ерлерге болған жұғысты.
Жасадық ерлік ел үшін,
Туган жер қымбат ұланға.
Сатпайды бірақ ер күшін,
Сүйікті ұлы Отанға.
Днепр үшін айқаста,
Зұлмат жау соқты қапыда.
Жаралап кетті тұрмастай,
Кешкі сағат алтыда.
Майдангер көрсөн қарағым,
Кесіп өтпе алдынан.
Бір тұнгі қанды жорығын,
Ерлікке өшпес балағын".
Соғыстың аты соғыс қой,
Тұғызған өлім, зұлымдық.
Зердеге түйдік терең ой,
Игі іске болып мұрындық.
Жұмағали Саиндар,
Асыл жандар ту алған.
Ол дағы осы өнірдің,
Дауылпазы жасанған.
Аңызға аты айналған,
Арыстан жүрек партизан.
Мұхамеджан мен Рақымжан,
Молдахмет және Байырлы.
Бәрі де жайсаң ерен ер,
Жеңісті алып келгендер.
Соғысты Украина жерінде,
Көшімбайдың Ақтаны.
Есімдері ел есінде,
Ардагерлер Отан мақтаны.
Мұқалғанша қаламым,
Жазамын ерлік ғажабын.
Ерліктер өшпес жасаған,
Қазағым мәңгі жасағын.

Автордан:

Жазылуына дастанның,
Қозғау салған Гүлбаршын.
Жиені жаяу Мұсаның,
Алтындақан есімін.
Орханқызы Гүлбаршын,
Әріптесім мазмұнды.
Шығарып жүр жақсы атын,
Ісіменен қарымды.
Ақтан ата келіні,
Салт-дәстүрдің білгірі.
Ардагелді ғалымның,
Қажымас жан серігі.
Атасының жұз жасын,
Мәніменен тойлаған.
Ардагелді мен Гүлбаршын,
Тектілер гой жайнаған.
Бала екен сол кез бір жаста,
Кеткенде әке соғыска.
"Бағың болса келем деп"
Еніпті барып ұрысқа.

Жаралы әке оралды,
Қабыл боп сәби тілегі,
Баласы үздік оқыды,
Жасынан өскен жігерлі.
Професор қазір сол бала,
Жайнаған акқу-гұмыры.
Көнінде жанып жүлдізы,
Ғылымға салған бар ізі.
Әке жайлы әсерлі,
Әңгіме маған ой салды.
Ақталды үміт үкілі,
Бір түнде жазып дастанды.
Қырдағы ауыл төрінде,
Жүрген ой ед көнілде.
Тамшыдан бұлақ атқылап,
Құйылсын барып теңізге.
Ұлы Жеңіс күнінде,
Етейік тағзым ерлерге.
Тұрайық мәңгі шегінбей,
Аға үрпақ алған шебінде.

Айыртаудың жайсаңы

Сырымбеттен ұшқан тастулеқ

Болат Жанаділов



Күннен сұлу Көкшеде,
Ағамыз бар көрікті.
Ел ағасы бүгінде,
Отанға, елге сүйікті.
Ініге біздей қырдағы,
Күннен ыстық жылуы.
Сырымбет таудың шыңдағы,
Жайнағын жасын ардағы.
Шоқан өскен Сырымбет,
Ағаның алтын бесігі.

Жанғанда жұлдызы көктемгі,
Ашылған өрлеу есіри.
Ай сипатты Айыртау,
Бесігінде тербеткен.
Жеке батыр Жалғызтау,
Қыраның шыңға өрлеткен.
Ақ айдынында Құмдықөл,
Аялаған егіз акқуын.
Көтеріп өсті жас буын,
Абылайдың ақ туын.
Үздік оқып оқуын,
Елден алды алғысын.
Аясында Тұктінің,
Болат аға сүйді Зарясын.
Сүлеймен, Еспай аталар,
Көш бастаған ақылман.
Бір ғажап қой бата алған,
Көреген, ойшыл атадан.
Еспай ата көреген,
Қолын ұшын берген Бәйкенге.
Ғибрат алып ата ісінен,
Ізгілігі інжу тергенге.
Денсаулық сақтау саласын,
Ұзақ жылдар басқарған.
Болат ағаның нар талабын.
Таныды елі жасанған.
Депутат болып сайланды,

Парламентке жоғарғы.
Президентті алғаш сайлады,
Желбіреп көkte байрағы.
Облысты да басқарды,
Орынбасар болып әкімге.
Адалдық жасап еліне,
Тұрды жайнап көгінде.
Атан жығар нарыққа,
Төтеп берген осы ағалар.
Жағымды болып халыққа,
Азамат болды үлгі алар.
Болсын деп сабак үрпаққа,
Еске алдым игі істерді.
Ақ алғыс айтып Болатқа,
Өрдім әсем өлеңді.
Диагностикалық ақ үйді,
Ағамыз отыр басқарып.
Тасындаі мәрмәр шыңдалып,
Алатаудай шыңды алып.
Жер шоқтығы Көкшениң,
Жайсаңы жасын көшелі.
Еленіп ерен еңбегі,
Болсын нұрлы ертеңі.
Елінің қамын ойлаған,
Кешегі Төлеу ағамдай.
Жасай бер игі іс ағажан,
Еліңнің көңілі толғандай.

ДОСТЫҚ Қанатбек Ханымовқа

Азаматқа ақ жүрек,
Айтуға бізден тілек көп.
Сұлулар менен сұрайды,
Қанатбек аға қайда деп?
Ұрса қоймас біздерге,
Сыршыл ақын апайым.

Айтамыз назды жездеге,
Жеткізіп елге айтайын.
Мінезі тіктеу азамат,
Бүйрықпен сөйлеу ғажабы.
Пірі оның ақыл, парасат,
Жасаған барға қанағат.

Сырымбет таудың түлегі,
Мән-жайын істің біледі.
Жақпай де кейде қаламыз,
Жүрсек те қырда жезделеп.
Кеңшарда директор болған-ды,
Бүйрығы көп өткен ғасырда.
Жаманнан аулақ болған-ды,
Жақсыдан гибрат алған-ды.
Тік сөйлеу содан қалған-ды,
Мінезben тауып үйлесім.

Көлгірсу деген жалған-ды,
Желкесін көрдік үзгенін.
Адалдық оның, ақ туы,
Ауылда қыздар қызықкан.
Сал Сырымбеттей жігіттен,
Апайым мықты сыр үққан.
Тойлаймыз бүгін жігіттің,
Туған күнін ел білсін.
Күесі болып достықтың,
Төбемізде жайнап күн күлсін.

Балғабекке

Үкілі үмітті жандырған,
Мың алғыс саған Балғабек.
Айың туып алдыңнан,
Асуыңды ал өркендер.
Алтын Жәкем көреген,
Азаматым еді мазмұнды.
Қондырған құсың Розамен,
Көркейтсін Алла тағынды.
Әйгілі әнші Дәмежан,
Анашың ақыл иесі,
Жезделерің жасанған,
Мол болсын саған үлесі.
Төрде отырған келіннің,
Жүзін көріп сүйсіндім.
Болсын деп көркі елімнің,
Өлең өріп төгілдім.
Бас екеу болмай, мал екеу,
Болмас әсте тегінде.
Тектілік бар ғой тегінде,
Қыындық көрсөң шегінбе?
Шаттанғаным ақиқат,
Құрганыңа ақ отау.
Салтанат құрып парасат,
Нұр төксін саған Кекшетау.

Көрші ауылдан қызы алған,
Сені осал демеспін.
Алғаның сұлу ақ Баян,
Балғабек жалғызы емессің.
Бөлеміз текті Дәмежан,
Өнегесі ғажап бауырмал.
Тілеген тілек ақ таңнан,
Судан да таза асыл жан.
Көрсінші қызық Дәмежан,
Шаңырағында киелі.
Жақсылық қайтсын Алладан,
Қабыл бол нұрлы тілегі.
Төрде отырған жайсандар,
Төс қағысқан құдалар.
Көрсетіп ілтипат оларға,
Алғыс айтқан жән болар.
Жастарға берем батамды,
Ғұмырлары ұзақ болсыншы.
Көрікті етіп ғасырды,
Көнінде жұлдыз жақсыншы.
Балғабегім ту алып,
Үйі жанға толсыншы.
Өміршең іске қол соғып,
Жүреік біздер шаттанып.

*Салауаттың омір салты***Конқақ аға жайлы үзік сыр**

Қол созым жердегі
Шанғал ауылында
 тұратын Қабдолов
 Конқақ ағамыздың
 жас кезінде қандай
 адам болғанын жаса-
 ган иемнің өзі білсін.
Ал қазіргі мінезі ше?
 Жолың түсіп бара-
 қалсан болды барма-
 ғынан бал тамған же-
 нешемізге: – Құлмәй-
 дан, әй Құлмәйдан,
 Конқақ келді, қазан

көтер деп бол, болдың астына алып жатқаны. Жасында
 сұлудың сұлуы болған ақылман женешемізде екі
 айтқызу жок. Ағамыздың сөзі зан. Дастарханга шай
 келісімен ізінше буы бүркырап бір табақ ет те жетеді.

Жолымыз түскенде асыл ағаға салем бере кетуді әсте
 үмыткан жеріміз жок. Сонда ет үшін емес, ағаның дәмді
 әңгімелерін тыңдау үшін соғамыз. Кәкеннін азан шакы-
 рып қойған аты Конқақ емес Қабдыл-Мұтәлләп. Жа-
 қында бір молла ағасы сен неге азан шакырып қойған
 атынмен жүрмейсін деп аздал сын тезіне алып жіберіпті.
 Мұнысы дұрыс та. Шаригатта солай делінген. Ол 1935
 жылы Шүкірлік ауылында туған. 10 сыныпты киелі, бақ
 қонған Сырымбет орта мектебінде оқып бітірген. Багы-
 на қарай оқытқан мұғалімдері де әйдік. Есімдері рес-
 публикаға танымал болған феномен үстаздар: Мұсахан
 Канафиянов, Габдулхай Рамазанов, Қойши Биболаев,
 Нагима Сәрсенова, тағы басқалар.

“Ой жастық лапылдаған сен бір жалын” дегендей,
 Конқақ ағамыз махабbat қызық мол жылын Құлмәйден-
 мен мәнді-магналы өріп, совходзың мандайалды зоотех-
 никі болып жемісті еңбек еткен. Әрине жастау кезі гой.



**Қабдошев Қабдыл-Мұтәлләп
 (Кабдолла), Құлбарам.**

Аздап мінезіндегі аннан қашқан, мыннан қашқан жыпдарын айдай сұлу жеңешеміз әй-шайға қаратпай, қағын алып он жолына салып жіберген еken. Осыдан ағамындың тасы өрге домалап корасын малға, үйін жанға толтырыпты. Женгеміз шофер бол деді, болды. Зейнеткерлікке шыгар кезде жеңешеміз: — Әй, Қонкақ, жұрт қатарлы молдау пенсияға шыққын келсе совхоздың малын бақ. Ақшаны көп аласың, — деді. Женгешеміздің бүйрығын қалтқысыз орындауды өмірлік кредитосына айналдырыған абзал ага екі жылдай совхоз малын бақты. Сан мәрте жеңімпазда танылды. Шүкіршілік. Қазір алатын зейнетақысы да ешкімнен кем емес. Женгешеміз айтса қалт айтпайды гой. Бәріде бала-шаганың қамы гой баяғы. Бұл дұрыста болыпты.

Уақыт деген диірменнің тасындай зырылдап өте береді еken. Құлмәйдан екеуінің қосылғанына да 45 жыл болып қалыпты. Бір-біріне тетелес өскен үш қызы, үясынан жоғары біліммен үшқан, білікті мамандар. Атап айтсақ Жібек — зангер Алматыда, Жанат — мұғалім, Көкшетауда, Гүлнэр да — мұғалім, бұрынғы Ленинград ауданының орталығы Ленинград селосында тұрады. Үлкен ұлы Серік — кәсіпкер. Үйіндегі ұлы да осал емес. Әкесінің он қолы.

“Балалы үй — базар” деген емес пе. Сүйікті ата-анасының 45 жылдық мерейтойына ойы өрелі ұл-қыздары мен немерелері шат-шадыман қуанышқа бөлең жыр жолдарын арнаған еken. Оқушым сен де танысып көр.

* * *

Аққөніл аңқылдаған асыл әке,
Құлмәйдан сұлу ана өскен ерке.
Құдай беріп мәнімен өмір өріп,
Дарыған отауыңа құт-береке.
Кем қылмай әке оқыттың,
Панамыз болып таудайын.
Ақылды туған анамыз,
Мейрімін төгіп әрдайым.
Біріміз өстік балқұрақ,
Біліммен жағып шамшырақ.

Көл бұлғайды сағынсақ,
Сырымбет жасыл атырап.
Қырық бес жыл отастың,
Анамызбен ай ару.
Фасырға жаңа жалғастың,
Көшінді бастап жаңару.
Ақсақал болдың жан әке,
Айналып бәйтерекке.
Анамызбен қоса ағар,
Сәнімен өтіп той мереке.

Жыр-кефүен

Жауқазынға

“Жаста берген тәрбие,
Жас еменді игендей”.
Деген қазақ әулие,
Қолмен қойып бергендей.
Жасынан алған осындей,
Тәлімді ғажап тәрбие.
Қасқыrbайұлы Нұрландаі,
Ұл берсін Алла әр үйге.
Көрген сайын өренді,
Мерейім тасып өседі.
Сұлу Сырымбет ғажабым,
Ұлына самалын өседі.
Ізгілік қуған ақ жолда,
Өркениет біздің піріміз.
Сұлу сую қашанды,
Ақаннан енші үлгіміз.
“Балығы таудай тулаған”,
Аруақты өзен Қамсақты.
Қасқыrbай інім бекзат жан,
Көкшеде жайнап ту алған.
Гүлнәзия мен Қасқыrbай,
Інжуім Қозы-Баяндай.
Махабbat, достық, біrlігі,
Жалғызтау мәрмәр тасындей.

Біз өскен мекен бір ғажап,
Ақын, өнші ауылы.
Жазы би бабам түр қарап,
Ал үрпағы асуды.
Сол үрпақтың ажарлы,
Көріктісің сенсің Нұрланым.
Мақтаны ата-ананың,
Ұланысың байтақ Отаның.
Қасқыrbайдың көзісің.
Айта алмай кеткен сөзісің.
Әкенің ісін жалғайтын,
Көшелі ерім өзіңсің.
Көкшенің озып төріне,
Қондырдың қолыңа құсынды.
Данамыз сеніп өзіңе,
Пек жүргегін ұсынды.
Бәйтерегі бар Астана,
Әлемге әйгілі жас қала.
Айналып ірі шаһарға,
Бола түші бас қала!
Руың Қантай бауырым,
Көкшеден ұшқан жауқазын.
Астана жасап қолдауың,
Болсыншы нұрлы самғауың.

Балдызыма

Тұнай Әркінкізы Жүсілова

Айдан сұлу ай ару,
Ай мұсінді Гүлнәрім.
Шында түрған шынарым.
Жетсін саған сазды әнім.
Жарқын жүзді балдызым,
Ақылыңа көркің сай.
Жалын жастық базарың,

Тұрсын жайнап жақұттай.
Келде жүзген аққудай,
Айдыныңда жарқылда.
Айғаным әжең тағында,
Бағынды жанған арайла.
Көп емес менде балдыздар,
Шығандап шыңнан туалар.

Әзіңсің Гүлнәр тірегім,
Көшімді айға апарар.
Жан жетпейді өзіңе,
Жездесіне жаны ашыған.
Сексен көл сүйген Кекшеде,
Бағың бар жанған жасыннан.
Ұлға балап өсірген,
Айсұлудың мақтаны ең.
Бақ дарып саған тегінен,
Арусың биіктен көрінген.
Анасың асыл үл, қызға,
Алға ұстаган тәуірім.
Алтынсың туыс, бауырға,

Көтерген жүктің ауырын.
Жанат бар жайсаң бауырын,
Тілейік ұлан саулығын.
Өзін-өзі оқытып,
Жасап жүр өмір ғажабын.
Айдархан мен Жұлдызхан,
Көгінде жанған жұлдыздар.
Таусылмас көмек біз жақтан,
Сыйластыққа жол ашқан.
Тұған күнінді Гүлнәрім,
Бара алмай қалдым тойлауға.
Өмірің өріліп самғауға,
Самғай бер биік тауларға.

Жастарға берем батамды (*Қанат Маліковтың үйлену тоқынына*)

Беу, ағайын ақтады,
Үкілі үмітті Қанатжан.
Айды аспанға шығарды,
Жұлдыз жағып жаһұттан.
Неткен ғажап көреген,
Іштен тынған Қанатжан.
Азамат еken жас берен,
Киелі жерден қыз алған.
Арайлы Сарыарқаның,
Той бүгін сұлу Кекшеде.
Жайнатты Қанат отауын,
Қондырып құсын төріне.
Әсия түсті келін боп,
Мекеніне ән-жырдың.
Ата жұрты Сырымбет,
Шоқандай ақсан жұлдызың.
Ақылды еken Әсия,
Тұзақтаған Қанатты.
Өмірге келді жануя,
Алтындағы аймақты.
Көніл толды келінге,
Қызыл диплом әкелген.

Көзінен нұры төгілген,
Жүзі жылы бала еken.
Құдалар да ізетті,
Текті жандар білікті.
Жездесіне Қанаттың,
Жоралғы болсын көрікті.
Мың-мың сәлем құдаларға,
Туыс, тұған, дос-жаранға.
Келтіргендей көніл хошын,
Өн салайық жарасымға.
Құлай сүйген жастардың,
Қолдастын Алла қадамын.
Ұлағатты өсіп үлдарың,
Үрзікты болсын жылдарың.
Елі ерді баптайды,
Нар жігіт сенім ақтайды.
Бірінді-бірің сыйласаң,
Алла жар боп сақтайды.
Өріліп өлең жоталы,
Сырымбет таудан от алды.
Жазы би салған сара жол,
Жастарға берем батамды.

Досым хат Қадыржан Қазкөнұлына

Досым деп елеп Қадыржан,
Шақырыпсың балаң тойына.
Разы болып осыған,
Тегейін жырды жасыннан.
Жалғызтаудан бірге үшқан,
Ойың терең ағынсың.
Ғылымнан ғажап сыр үккән,
Өрең биік дарынсың.
Өскен еркін үянда,
Бала досым Қадыржан.
Керікті Қекшетауымда,
Атасың бүгін жасанған.
Екі жас болып ырзықты,
Лидаңмен көрші қызықты.
Тектілігін көрсетіп,
Отау құрган ер мықты.
Биік тұр екен Қазбекің,
Гималайдың тауынан.

Қазбекім тегін емессің,
Айдай сұлу қыз алған.
Қуанышыңа ортақпын.
Бақытты болсын екі жас.
Қазбектей берен, ардақтым,
Көшінді жолда қалдырмас.
Ақталды адал еңбегің,
Балаң шығып ойынан.
Көркі болып теріннің.
Немерен шықсын алдынан.
Сақтасын Аллам тіл, көзден,
Бабалар айтқан даналық.
Көнілімдей ақ берен,
Сәнімен өтсін құдалық.
Ақ жолын жасап атаның,
Батамды берем жастарға.
Тілегі зиялды қауымның,
Нұр болып жаусын отауға.

Салаятты өмір

Анаға тағзым

Әлемдегі небір құдіреттің бәрі де
ананың ақ сүтінен тараған дейтін
болсақ ана біткенді аялы алақанға
салып, оларға қашанды орасан зор
құрмет көрсетуге келгенде алдына
жан салмайтын халық — осы біздің
қазак екеніне ешкім де дау айтпасы
ақиқат. Әсіресе еліміз тәуелсіздік
алғаннан бері бұл үрдіс жаңаша
сипат алып Ел Президенті Н. Ә. На-
зарбаев тарапынан да қолдау тауып отырғаны жүрекке
нұр төгіп, жылылық үлатады. “Өлі разы болмай, тірі
байымайды” дегендей, соңғы жылдары бойы емес, ойы
өскен қаншама асылдарымыз ата-аналарын еске алып,
аруагына діндарлық, имандылық жолымен тағзым етіп,



басына жоғары архитектуралық талғаммен кесене са-
лып, белгі қоюы, ас беруін өркениетіміздің жарқын бір
көрінісі деп түсінуіміз керек.

Осындай ізгіліктің онегесін айыртаулық жерлесімін.
ішкі істер органының подполковнигі Жылқайдар Қан
санұлы Бейсенбаев жасап отыр. Оның осыдан он жыл
бұрын бақиға озған аяулы анасы Алтыкен Әбенқызы
расында да Алтыкен десе Алтыкен еді гой шіркін! Асын
ана 1938 жылы Қарагамыс ауылында туған. Көп жыл
кітапханашы болып жемісті еңбек етіп, дүниеден ажар-
лы болып өтті. Қырық жыл ұстаз болған, тыл ардагері
Қапсан ағамызбен магналы өмір сүріп, бес бала тәрбі-
елеп өсірді. Бәріне де жоғары білім беріп, азаматтар қата-
рына қосып кетті. Алтыкен жеңешіміздің жатқан жерінің
топырағы торқа болып, иманы жолdas болсын дей оты-
рып, назарларынызға “Анаға тағзым” атты толғауымызды ұсынамыз.

* * *

Ал, ағайын, тыңдағын,
Сөз бастайды ақының,
Желден жүйрік ағыным,
Салдырмас қамшы дарыным.
Сапырдым сөздің қайнарын,
Жырыммен елім жайнарын.
Ертедім жырдың пырағын,
Жайқалтып Қоскөл құрағын.
Сырымбет тау ессін самалың,
Құлагерді мініп шабайын.
Сұлулықты сүйген Мағжандай,
Сұлулықты кеп түр жырлағым.
Ағамыз Қапсан Ақандай,
Сұлу сүйген бекзатым.
Тамсанып таңдай қаққандай,
Шығарайын ердің жаксы атын.
Ағада асыл жар болған,
Жеңешем аты Алтыкен.
Аққу сылқым сыланған,
Бақытын өрген бесіктен.
Алтыкен десе Алтыкен,
Жан еді, шіркін, бір ғажап.
Ақ ордасы ту тіккен,
Кекшетауда түр жайнап.
Замана ыстық, сұығын,
Тен белісіп жарымен.
Отауының жамал жыртығын,
Мейманың күткен барымен.

Сақтап сұлу келбетін,
Нұрландырган жер бетін.
Жаны бір жайсаң келіннің,
Кәрі-жас көрді құрметін.
Алаңсыз күндер шаттығы.
Есімізден кетпей жүр әлі.
Ақынымыз қалай ұмытсын,
Қолынан татқан төттін.
Кітапхана жұмысын,
Жүргізген асем ырғаклен.
Көріп күміс күлкісін,
Өстік тыңдал сырты әнін.
Ұлын-қызын жеткізіп,
Дүниеден өтті жеңешем.
Інжүін бізге тергізіп,
Орын алды жүрек төрінен.
Кәрем деп қызық жүргенде,
Дарига жүрек тоқтады.
Ақ келінін ажарлы,
Қалың елім жоқтады.
Содан бері байқалмай,
Он жыл етіп кетіпті.
Ұл-қызы есken жасындаиді,
Еске алды бүгін тосылмай.
Қыран қиял өрлейді,
Жырлауга елдің анасын.
Алтыкеннің ісі өлмейді,
Ұрпақлен тапқан жалғасын.

Ініме

Асылбек Жұмабекұлы Әсмағанбетовқа

Жігіт екенсің Асылбек,
Жөн-жобаны білетін.
Жасаған игі ісің көп,
Аңызғып айта жүретін.
Токсаныншы жылдарда,
Ие бол тұған ауылға.
Өттің сынбай сындарда,
Қарсы турып небір қыынга.
Салғызып мектеп үш қабат,
Салғыздың ғажап көп үйлер.
Келтірмей елге жаманат,
Жасадың бармен қанағат.
Салғызған әсем мектебін,
Үрпаққа өшпес гимарат.
Жемісін теріп еккеннің,
Өрендер разы болсын шат.
Салғыздың балабақшаны,
Өссін деп жайнап жауқазын.
Асфальттатып көше, ауланы,
Думандаттың ауыл базарын.

Асыл тұқымды малменен,
Толтырып ауыл жайлауын.
Мың ерлікке тұрар талғаммен,
Жарқын істің жақтың алауын.
Жасанған сендей жігіттер,
Тұтқасы фой мықты ауылдың.
Үстімен жүрмей ауырдың,
Жолымен жүрген тәуірдің.
Осындай ісіңмен көрікті,
Ағалар ісін жалғайсың.
Мамансың үздік білікті,
Ауылыңа асқар таудайсың.
Жақсы ісіңнің арайлы,
Қызығын елмен көргейсің.
Ұмытпай ақын ағанды,
Амандағын біле жүргейсің.
Өркендей берсін бауырым,
Баратай тұған ауылың.
Сыйлай жүр Жабықай аруағын,
Асылбек саған айтарым.

Бағаналыға

Жағымды болып халықа,
Қол үшін беріп жүретін.
Бағаналы толды қырыққа,
Жүзінен жылу төгетін.
Азамат інім ардағым,
Жүрегің толы ізгілік.
Өзіңе жетіп жазғаным,
Маңдайынан сүйсін күн күліл.
Ел үшін тұған еренсің,
Ақ жолдан таймай келесің.
Қолға алған ісің өркендеп,
Халқың сүйіп демесің.
Жағасы жайлау ағанды,

Жүресің демеп әрдайым.
Алтындатып Алла тағыңды,
Естірсін жырлы самалды.
Тал бойың толған ғибрат.
Барына сенің тәубе деп,
Жүремін етіп қанағат.
Жүрсекте қырда еленбей,
Ештен кеш жақсы дегендей.
Ел-жүртім айта жүргендей.
Ардақты інім асылым,
Құлагермен желіп тасығын.
Нұрлы етсін қырық жасыңды,
Басталған жаңа ғасырың.

Қарасай батыр

Арайлы Айыртаудың аймағында,
Қарауыл-Keri — Дауылдың жайлауында.
Айналған ертегіге бейіт жатыр,
Жасыл тау, жасыл орман қойнауында.

Бейіттің шығысында көп төбелер,
Тиіп тұр Баян, Шалқар, Саумал көлдер.
Ожанның зираты да алыс емес,
Сырымбет қыр астында қол созым жер.

Бейітте батыр жатыр ел аңызы,
Сөйлесін, енді халқым, ел абызы.
Бабалар жанталасқан шайқасының,
Келеді құлағыма жаңғырығы.

Дана сөз көніл бөлмей асылына,
Сұлу сөз ынтық болдық жасығына.
Өзімізде хан, батыр болмағандай,
Бас идік басқа жүрттың хандарына.

Кімнен кем Есім, Абылай, Кене хандар,
Өтті ғой бүл дүниеден асыл жандар.
Төле би, Әйтеке би, Қазыбектер,
Емес пе ед орда басын жасатқандар.

Көмбесін тарихтың терең қазып,
Інжуін бай мұраның ашып алып.
Халқыма бұдан артық олжа бар ма?
Сейлесем өткен күнді тасқа жазып.

Шабытқа шабыт қосса ақын далам,
Шат тұрмыс шадыман ел әнін салам.
Рухына Қарасай батыр құран оқып,
Алауын от өлеңнің жағып алам.

Имантау, Баянтаулар түстігімде,
Арайын нұрлы құндер текті бізге,
Құйылып жүргіме ғажап сезім,
Ағындал келіп түстім соны ізге.

Шапырашты Қарасай батыр бабам,
Арғында Ағынтайға жақын болам.
Жасымда әнді сүйіп өскендіктен,
Қырымда сері Ақанның әнін салам.

Ісіне құдіреттің қайран қалам,
Қауышты үрпагымен батыр бабам.
Ақтабан шұбырындыдан көп жыл бұрын,
Дос еткен екі алыпты ойран заман.

Қазақтың Қарасай мен Ағынтайы,
Мандайға біткен жарқын жұлдыздары.
Алғанда жан алқымға ойраттарды,
Алдынан екеуінің туған айы.

Белгілі тарихтан мына жәйт,
Білмесек тарихты біз бір ғаріп.
Қазақта қанды кегі қалғанындей,
Ойраттар елге тиді бұзып-жарып.

Қан майдан басталыпты қара Ертісте,
Шақырған алаш ұлын қүш-бірлікке.
Байрағын қазағымның тапсыруға,
Қарт Жанай Қарасайды алды еске.

Ici деп айта алмаймыз бір алланың,
Жасаған қара қалмақ зобалаңын.
Қарт батыр жас жолбарыс Қарасайға,
Тапсырды қазағымның көк байрағын.

Ойраттар қара қалмақ бір тармағы,
Әңгүдік Батыр тайшы хансымағы.
Шап деген бейбіт жатқан қазақ елін,
Ресейдің жын қоздырған болды айтағы.

Риза бол Қарасайдың достығына,
Ағынтай серік болды ардағына.
Арғынның бүл бір жүрген көкжалы еді,
Көрсеткен мың ерлікті ел бағына.

Ұрыста хас батырлар алғы шептен,
Әткізіпті ай жарым жекпе-жекпен.
Қалмақтарға жеті күн қарсы тұрып,
Ағынтай женілмеді жекпе-жектен.

Тоғыз күн Қарасай тұрды жекпе-жекке,
Түсірмей алып күшті сом білекке.
Батырлары қалмақтың зар жылады,
Атқанда наиза ұшымен заңғар көкке.

Ақтарылып шек-қарын түседі екен,
Үрейі қалмақтардың ұшады екен.
Жекпе-жекке Қарасай шықпасын деп,
Ұлардай жан сауғалап шулайды екен.

Есім хан күш көрсетті көппен бірге
Хан басын елі үшін текті өлімге.
Талайын қалмақтардың жер құштырып,
Айналды еңсегей бойлы ер Есімге.

Есім хан бастап жойын шабуылы,
Ойратқа Қарасайды қарсы салды.
Қарасайдың қолбасшылық аты шығып,
Қазақтың Қарасай батыры атын алды.

Есімнің жас батырға көнілі толды,
Батырдың ақ батамен жолы болды.
Жау тілегенге жасынның оғы тиіп,
Жеңілген бұл соғыста қалмақ болды.

Жөңкіліп қалмақ қашып Арқаға ауды,
Шандатып Бүркітті мен Болат тауды.
Басқарып Шапыраштың қалың қолын,
Қарасай қан бұланған соғыс салды.

Арасы екі таудың сайлы аңгар,
Қаптады шегірткедей талай жонғар.
Салғанда “ұш тоғыстың” тәсіліне,
Қазаққа он сәт туды жамбасқа алар.

Бабамыз ол кездерде алаш болған,
Кереге тас емендей ағаш болған.
Өмірі өтсе дағы наиза ұшында.
Қазақтың іргетасы берік болған.

Батырлар доғаша иін игенінде,
Барыстай жауга атылып тигенінде,
Қырылды бес жұз мың қалмақ Бүркіттіде,
Көміліп бір-бірінің өлігіне.

Жән сөзді тура бише айтамын деп,
Сарапшы, сыншылармен таласым жок.
Қариялар аңыз етіп өлі айтып жүр,
Бүркіттіде Қарасай аңгары деп.

Ұрысқа кірерінде екі батыр,
Ерлері алашымның сүйегі асыл.
Қалмақтың қырдан асып қашуына,
Айғайы Қарасайдың жетіп жатыр.

Қарасай қылыш үстап екі қолға,
Жол салып өтеді екен жасағына.
Ағынтай ұран тастап “Қарасайлап”,
Жасағын қаптатады онды-солға.

Кей сәтте Қарасай батыр жеке қалып,
Қас жауын қырады еken айызы қанып.
Ағынтай ақиредтік жан досының,
Елжіреп құшады еken қолын алып.

Екі арыс өлгенінше дос болыпты,
Жұп жазбай бірге өткізіп сан жорықты.
Мүсіні тас емендей бабалардың,
Айбынынан қаймығып жау қорқыпты.

Арғынның құрыш қолды жасағында,
Қазақтың жеңіс таңы атарында,
Атығай-Қарауылдың қырандары,
Соғысты Шапыраштың қатарында.

Осы ұрыста ер Сапақ жарапанып,
Жаман шал арқасына салған алып.
"Жүрісің жүдө шабан еken гой" деп,
Азырақ өкпе айтыпты Шалға налып.

Ұрысқа тағы шықты мың сан қалмақ,
Түссе де қыл мойынға ауыр салмақ.
Батырдың анғалдығын пайдаланып,
Бір өшін Қарасайдан алып қалмақ.

Тәсілі пасықтықтың тармақ-тармақ,
Әлбетте арам ойдың жолы болмақ.
Ортаға алып қалды Қарасайды,
Бұғалық тастасын деп Дөкір қалмақ.

Тұлпарлар түягынан от үшқынданап,
Далаң дауылдатты иесіз ғып.
Көкпар қып Қарасайды жау кеткенде,
Қазақтар қала берді "а, құдайлап".

Жау жарак сайлағанша көзсіз мерген,
Атқанша жау батырын сұр жебемен.
Соңынан қалмақтардың бірге шапты,
Қарасайдың жорғасы ие іздеген.

Болғанын бір сүмдықтың іші сезіп,
Ашуға ер Ағынтай берді ерік.
Садақтан сұр жебені жіберді атып,
Досына қыл үстінде көмек беріп.

Ағынтайдың адырнадан тартқан оғы,
Дөкірдің атын жықты жолы болып.
Бұындырып өлтірді аспанға атып,
Дөкірді Қарасайдың шоқпар қолы.

Есімін Қарасайдың жазып тасқа,
Өлеңмен белгі қойдым екі арысқа.
Достығы Қарасай мен Ағынтайдың,
Өлшеусіз үлгі болмақ көрі-жасқа.

Ағынтай Қарасайдан бір жыл кейін,
Көшіпті бүл фәниден есіл ерім.
Ажырамас екі досты дана халқым,
Қойыпты бір тәбеге бізге дейін.

Ерлігі Алтынайұлы Қарасайдың,
Жадында сақталады үрпағының.
Батырды еске аламыз тау жаңғыртып,
Келтіріп салтанатын аймағымның.

Қалмақпен қанды қырғын болғаны анық,
Қауымға жыр сүйетін бүл бір азық.
Сөзінен Таусарұлы өлең өрдім,
Қалдырған үрпағына кітап жазып.

Ойлы ақын, сөз зергері толыққанды,
Өзі де қалмақтармен соғысқанды.
Қан бүланған қырғынды көзben көріп,
Сомдапты сұлу сөзben батырларды.

Қарасай батырлығын айта берсек,
Сарқылмас қазына екен ала білсек.
Тобылдағы соғысы өшпес ерлік,
Баяндап, көрі-жасқа айта жүрсек.

Әзірге бастама бүл жарқын істін,
Иесін ардақтаймыз алып күштің.
Кең байтақ қазақ жерін сақтап қалған,
Бабалар пайғамбары құдіреттің.

Айыртау Кекшетауда арайлы аймақ,
Жасыл тау, жасыл орман тұрсын жайнап.
Елбасы Әбішұлы Нұрсұлтанды,
Аруағы Қарасайдың жүрсін қолдап.

Құйылып жыр төгемін терең ойлап,
Домбыра шанағында қолым ойнап.
Байрағын бабамыздың жоғары ұстап,
Аламыз асулады “Қарасайлап!”

Елбасы жасап жатыр батыл қадам,
Жолдауы келер күнге бағдарламам.
Ізгілік, достық, бірлік туы астында,
Гүлденіп құлпырады Отан-Анам!

Картаймасын әжелер

Мамыр айының 5 жүлдөзында Карасев селосында тұратын апайымыз әрі нағашы жеңгеміз Нәзига Қосқөлбайқызы Сақтағанова 73 жасқа толды. Апайдың құдай қосқан қосағы Шайхидден Сақтағанов көзінде Айыртау елінің қадірлі де сыйлы азаматы болғанын көз көргендегер жиі еске алады. Ол қырық жылдан аса уақыт колхоз, совхоздың бас есепшісі болып, адап қызымет істеп, дүниеден өтті. Нәзига екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді. Қара шаңыраққа ие болып отырған ардақты апайымыз немере, шөберек сүйіп отыр. Бүгінгі мерейтойы күні апайымызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, бақыт, шаттық тілейміз.

* * *

Жетпіс үшке толып бүгін,
Нәзига апай қуанулы.
Осы апайым нағашымның,
Асыл жары орман нұлы.
Шайхиддендей нағашымды,
Шәке деуші ел барша қауым.
Еске аламын нағашымды,
Әрлендіріп мәуліт айын.
Алты баланың анасы бол,
Нәзига апай жасаруда.
Шықты үйінен немеремен,
Жетпіс үшін қарсы алуға.
Ол отырған алтын орда,
Қара шаңырақ киелі.

Ел сыйлаған асылдарға,
Біз боламыз жиені.
Нәзига апай құтты болсын,
Келіп жеткен мүшел жасың.
Жиендермен ортаң толсын.
Орындалып арман, ойың.
Кемімесін ырызығың,
Асып-тасып қуатыңыз.
Ажары боп ауылның,
Шөберені қуантыңыз.
Қымбат бізге амандығың,
Елге ұнайды адалдығың.
Алдымыздан шықсаң болды,
Ағарандап ақ жаулығың.



Жүргегінің оты сөнбесін



*Солдан оңға қарай
Амантай мен Махмет.*

бұланған соғыстың алғашқы жылдары кеңес өкіметінің қаһарман жауынгерлері қатарында жүрген жерінен жоғары командованиениң үйгарамымымен жау тылыша жіберілді. Одан соң партизан отрядында взвод командаирімін деген хат келді. Содан ол Днепропетровск қаласы түбінде болған кескілескен өмір-өлім арпапалысында ерлікпен қаза тапты.

Өзімен бірге кеткен өз ауылының түлегі Шәпі Ахмәдиев те партизан отряды қатарында болып туган ауылы Жұмысшыға аман-есен оралып, енбек майданына арапасып кеткен болатын. Құдай қосқан қосагы Нөгербек соғыс басталар алдында гана бұл фәніден бақылышқа озған-ды. Несін айтасың Бекмырзасы жігіт маңрасы еді. Жанып тұрган оттын-ды. Қорқі десе қорқі, ақыл десе ақылы қандай еді десенші сол бір боздақ болып кеткен ерсен ердің. Көкшетау педучилищесін бітіретін жылы соғысқа кетті.

* * *

Енді міне, ол үстінде жатқаны мынау. Отыз бір, отыз екінің жасанды аштығы жылдарынан бері өз ана Ысқақзы Гүлбанудың басынан небір ауыр қайғы-қасіреттің мүн-шері өтпелі дейсін. Қайран асыл ана осының бәрінде қажымас қайрат көрсетіп, шыдады. Соңғы кезде жүргегін ақаулы бола бастағанында колындағы сүт кен-

Тамыз айының бозала таңы бұл күні бір аптадан бері төсек тартып, әл үстінде жатқан өз ана а үзаққа созылып кең кендей көрінді... Үлкен ұлы Бекмырзаш Ұлы Отаң соғысы жылдары неміс-фашист басқыншыларына қарсы қап-

жесі Махметіне сездірместен қолынан келген шаруа-ның бәрі-бәрінде істей берді, істей берді. Жалғызының тілеуін тіледі. Сондағы айтатыны: “Жалғызымың та-банына кірген шөгір, менің мандайыма кірсе екен”.

Бұл әз ананың жасаған иемнен сұраган актық тілегі еді. Сүм тағдыр ананың осы бір иненің жасуындағанда ақ тілегін де кабыл етпеді. “Сол құлының аландамай емделіп, тәуір болып азаматтар қатарына қосылып кет-се екен” деген актық тілегін айтып үлгерген әз ана тан ата о дүниеге ақ арманын арқалап жүріп кетті.

* * *

Сарыарқаның бесігі танылған жер шоқтығы Көкше-тауга жер жеткен бе? Сексен көл мен көк таулардың аясында жатқан сұлу Көкшениң сары алтындағы сағ ауасы жанға сая, дертке дауа гой шіркін. Әсіресе күмбезін күн сүйген Оқжетпес, ақ айдынына аққулар ақ төсін төсеп, аялаған Күміскөл, Айнакөл. Биши қайындар мен қысы-жазы жасыл желеғімен көздің жауын алған бал қара-гайлар, жасыл аршалар. Хан Кененің үнгірін тамаша-лап, Абылай аланағымен жоғары өрлеп барып, хан тағы-на көтерілген балан жігіт осыдан бір-екі жыл бұрын катты сырқаттанып қалғанын ұмытқандай, табигат сұлу-лығына таңдай қағып тамсанып тұр. Дем алысы да бұрынғыдай емес. Тынысы кеңіп, жаны жадырап сала берді. Осы сәт оның есіне ауылда қалған сүйген қызы Амантай түсे қалды. Керемет сағынып кетті. Аялы құшағына алғысы келді. Иә, сосын. Сағыныш сазы өлең болып өріліп жүре берді.

“Сұлусың ғажап Оқжетпес,
Көкшениң көркем төрінен.
Айдынынан құс кетпес,
Бураның мөлдір көлінен.

Сұлулығын Көкшениң,
Сыйласам ба екен тойыңа.
Оқжетпестің мың гүлін,
Орасам ба екен мойныңа.

Көкшеден биік көңілім,
Дархан ойлар өреді.
Өмірден мына көк өрім,
Табылғай бізге керегі.

Қосылып аққу үніне,
Өрілді әсем жыр шумақ.
Жыр шашу туған құніңе,
Бармасам да гүл үстап..."

Бұл біздің болашақ ақын Махмет Нөгербеков ағамын еді. "Ауру батпандап кіріп, мысқалдаш шығады" деген бар емес пе. Жасынан өткен сұқытың әсері ме кім білсін. Енді-енді жетілдім, жар сүйіп, отау көтерем, анашым Гүлбануды қуантам деп жүргенінде ойламаған жерден қатты ауырып қалды. Аяқ астынан дене қызыу 42 градусқа көтеріліп аудандық ауруханаға жеткізілді. Диагнозы дұрыс қойылмағандықтан дерт асқынып Махметті сергелденге салды да қойды. Тіпті болмаған соң туб диспансерге әкеліп салды. Онда төрт-бес ай жатып калды.

"Өзі жақсы кісіге, жүз кіслік орын бар" дегендегі, аяулы анасының бауырмалдыққа, мейрімділікке, үлкенде сыйлан жүргуге үйреткен өнегелі тәрбиесінің арқасында өрім өрен ағайын туыска, дос-жаранның бәріне де сыйластық көрсетіп есті. Немере ағасы Қойышы Шаяхметов облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында қызмет істегендегі Махмет ағасының үйіне жи барып тұратын-ды. Ағасы арқылы сол кезде облыстық партия комитетінің әкімшілік бөлімін басқарған жерлес ағамыз Мұсіреп Есенжановпен танысты. Қойышы со кездегі Чкалов ауданына қарасты "Абай" кеңшарына директор болып кетсе де Махмет алда-жалда Көкшетау дуанына бара қалса міндетті турде Мұсіреп ағасына жолығын сәлем беріп кететін еді. Сол асыл ағаларға хабар жетісімен шұғыл облыс орталығынан жоғары категориялы маман дәрігерлер Саумалкөл селосына келіп, тубдиспансерде жатқан Махмет Нөгербековты егжей-тегжейлі қарай бастады. Солардың ішінде Махметке хиругі

Саблин қатты үнады. Ол сырқатты көріп жіберіп ой мынау туберкулез сырқаты емес, бұл — орысша айтқанда аурудың спантан түрі. Өкпес мен көк еттін арасына көп су жиналып қалған екен. Енді соны емдеуіміз керек, деп шүғыл іске кіріспей кетті. Қолма-қол сегізінші және тогызынышы қабырганың арасына арнаулы ине секілді аспабын салып жібергенде, ине сұққан жерден су фонтанша атқылады.

“Сабакты ине сәтімен” дегендей, сәті түсіп сырқаттың тынысы кеніп, дел-сал бойы женіліп жүре бергендей болды.

Бұл кезде Махмет әбден әлі кетіп әлсіреп қалған болатын. Саблин бұл жолы емдел жүрген дәрігерге нақты пұсқаулар беріп кетіп қалды да кешікпей тағы да Махметтің денсаулығын білу үшін Көкшетаудан екі-үш мәрте келіп кетті. Сөйтіп ол төрт айда бар сырқатынан сауыгып кетті. Махметке жедел Көкшетауга бару қажет болды. Элінің кетіп қалғаны сондай машинаға отыруға күші жетпеді. Машинаға мінсе басы айналатын сияқтанды. Дес берісінде туған бөлесі Қадес Қаймоддин “Шалқар” кеншарының Комаровка бөлімшесінде бензовозбен жаңар-жагар май таситын-ды. Көмекке Қадес келді. Ол күнде кешке ауруханага келіп енді-енді қаз басып жүрген Махметті машинасының кабинасына отырғызып алып бір-екі сағат, кейде одан да көп уақыт серуендетіп, бойын машинаға отыруға төседірле берді. Кешікпей Саблиннен дәрігерлік кенес алуға барды. Білікті маман Махметті асықпай он-онбес күндей емдел, содан кейін барып Оқжетпеске барып тыныгуға екі айга жолдама берді.

Оның Бурабайға келіп дем алып жатқанына екі аптарадай уақыт өткен-ді. Сол күні аяқ астынан күн бұзылып, ізінше жауын жауып кетті. Төсегінен сағат он бірдің кезінде тұрган Махметтің көңіл хошы болмай ауылдағы анасын ойлады. Соңғы кезде анасы Гүлбанудың ыңқыл-сыңқылды қөбейіп кеткеніне аландалап “апам ауырып қалмаса жарап еді” деп бір сәтке мұңайып қалды. Бір

Әнім сенсің, Сырымбет — 98 — Тайлақ Жалмұрзенов
түрлі жүргөті сыздап көңілі әлденеге аландай берді.
Тұскілік ішуге барғанында да асқа аса тәбеті шаба кой
масы. Асханадан шығып келе жатқаны сол еді алдынан
ауылның сыйлы азаматы, сыйлас ағасы Жарахмет
Шаяхметұлы шыға келді.

— Аныр-ай, оңдұң бұзылып кетті гой Махмет. Еште-
неден корықпа. Аナン аман. Тек кішкене сырқаттанын
калғаны. Сені көргісі келеді, — деді.

Ізінше Махмет бас дәрігерден рұқсат алған, Жарах-
мет ағасының мінін келген бензовозына отырып ауылға
аттаннып кетті. Жол үстінде адамды ағыл-тегіл ойлар
билеп ала қоятыны белгілі жәйт емес пе. Рульде отыр-
ған Жарахмет ағасы үнеіз отырған соң бұл да өз ойы-
мен болып, балдай тәтті қиялға ерік берді.

Бала Махмет әкенін, жанашыр ағаның жоқтығын қар-
шадайынан біліп ости. Бірінші сыныпқа алты жасынан
барды. Жұмысшы ауылдында төрт сыныпты бітірісімен
бесінші сыныпқа Бірлестік жетіжылдық мектебіне досы
Әнуарбек Бейсеновпен барып окуға тұсті. Жалпы
Құмтөккен, Өскен, Қарагамыс, Жаркент, Кенашы, Тे-
ренкөл, Жұмысшы секілді шалғайдагы ауылдардың ба-
лаларын оқытатын жалғыз жетіжылдық мектеп осы еді.
Бұл мектептен оқыған шәкірттердің қөбі Ұлы Отан со-
ғысына қатысып, біразының аттары “Боздактар” кіта-
бына жазылды. Солардың ішінде жалғыз өзі қол тәбелес-
те 8 немісті өлтірген Есентай Данкинның өлмес-өшпес
ерлігін жылы лебізben еске аламыз. Есентайдың ерлігі
туралы ұлы жазушы Илья Эренбург, әскери тілшілер
Михаил Нидзе мен Контрошенко “Красная Звезда”
("Қызыл ту") газетінде жазған болатын. Осы мектептен
оқыған Қойши Шаяхметов кеншар директоры, Ленин
орденінің иегері Қайыржан Әлібеков, Шайхидден Сак-
тағанов колхоз басқармасы болды. Тұрлыбек Әбілпейі-
сов Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Бұл мектептің
кеінгі буын шәкірттерінен акын, журналист, ғылым
иесі, дәрігер, білікті ұстаздар да көптеп шықты.

Балалық бал дәуренге не жетсін. Қолдың қыскалау

кезі едіғой. Әсіресе көктемде Қамсақты тасып кетеді де су жайылып бүкіл Қарашилық шабындығын алып кететін-ді. Екеудің сенбі сайын ауылға жаяу барады. Үйден бір жұмага жетерлік нан пісіртіп алыш, қайтадан оқуына келеді. Махметтің бұдан әрі окуга мүмкіндігі болмады. Гүлбану анасы баласын ауыл іргесіндегі Заря селосыннан орыс мектебіне берді. Иә, ол кездің талабы солай болып едіғой. Қайран ана, баламның табанына кірген шөгір, баласының мандайына тимесін деген ойы болды ма екен, қалай десекте уақыт талабының үрдісінен шығып баласының орысша оқығанын қалады. Өрім өрен орысша екінші сыныпқа қабылданды. Бір тоқсан біткен соң үшінші сыныпқа көшірілді. Қыскы демалыстан кейін тортінші сыныпқа жібереміз дегендеге анасы көнбеді.

Келер жылды бала Махметке Қызылсая орта мектебінде окуга мүмкіндік туды. Ол мұнда есімі республикаға танылған публицист-журналист, акын-жазушы Сарбас Ақтаевиен және дарынды журналист, үзак жыл облыстық газет пен республикалық журналдың редакторы болып істеген марқұм Жәнәбіл Темірбековиен бірге оқыды.

Сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін анасының жүргегі ақаулы болғандықтан окуын тоқтатуға тұра келді. Бала Махметтің ендігі университеті үй шаруасымен басталып, колхоз жұмысына араласумен жалгасты. Жаз шөп машинасымен қоғам малына шөп шапты. Құзде оракқа қатысты. Бірақ қолы сөл босап кетсе орыстың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горький секілді орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларынан бастап әлем ақын-жазушыларының туындыларымен танысты. Газет-журналдарға да көптеп жазылды. Әсіресе іргетасын Илияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлин қалаған “Қазақ әдебиеті”, қазіргі “Егемен Қазақстан”, ол кезде “Социалистік Қазақстан”, облыстық “Көкшетау правдасы” газеттерін, “Жұлдыз”, “Ара” журналдарын жыл сайын жаздырып алып, оның тұрақты оқырманына айналды.

“Сойлей-сөйлей шешен, көре-көре көсем боларсың” легендей, көп оқып, көнілге тоқу зерделігінен балан жігіт облыстық газетке шағын-шағын заметка, суретте-ме жаза бастады. Сосын өлең жазуға батыл қадам жаса-ды. Тұнғыш өлеңін ақын Еркеш Ибраһим мен Сарбас Ақтаев 1957 жылы облыстық “Көкшетау правдасы” га-зетінде жариялады.

Осылайша қиялын киянға самғатын, өткенде еске алу-мен келе жаткан Махмет ауылына жақындан қалғанын сезбей де қалды. “Қарттарым аман жүрсінші” деп ақын ақын Мұқагали Мақатаев тегін айтпаған гой. Шіркін, сол кездегі ауылдағы ак сақалды аталар қандай көреген, қандай данышпан, ақылман еді десенші. Әсіреле осы Жұмысшы ауылдындағы мен көрген, аталы ұлагатты сезін естіген Әбілшейіс, Нұрпейіс, Байғожа, Бәубек, Шаяхмет, Едірес, Кенже, Аман, Тұрсын, Қарымсақ, Оразалы, Мәжен, Құрман аталарымыз ағып-тегіл тұнып тұрган шежірелі қарттар еді-ау. Әттен солардан ештепе жазып ала алмай қалғанымыз қандай өкінішті. Міне, осы ақыл-ман аталар Жарахметке анасының о дүниелік болып кет-кенін Махметке емханада емес, ауыл іргесіне жақында-ганда анаң опат болды, деп төбеге таспен ұргандай ғыш естіртней, апам бұл фәнниден бақылыққа озды деп әден-тілікпен жеткізуді қатты тапсырған болатын. Сол кездің өзінде жігіт ағасы болып қалған Жарахмет ағамыз бұл міндетті өз дәрежесінде орындан, Махметке анасының бақылыққа озғанын естіртіп, Махметпен бірге егілді. Бұл 1967 жылдың тамыз айы болатын...

* * *

... “Ер басына құн туса етігімен су кешер” дегендей, Махметтің бұдан кейінгі өмірі біріншіден, батпандан кірген сырқаттан айығу үшін құресу болса, екіншіден, аяулы анасы қалдырып кеткен қара шаңырақты шай-қалтпай тұтінін тұтетіп, өмірін мәнді-мағналы етіп өру үшін құресудің ауқымды міндеттері алдан тосып тұрды. Бурабайда екі-үш ай емделген соң сырқатынан құлан-

таза сауығып кетпесе де ауылға келіп есепшілік жұмысты үйрене бастады. Жақсы бухгалтер болып қалыпта-суына сол кездегі есеп-шоттың жүйрігі Шайхидден Сактағанов ағалық көп комегін жасады. Алпыс сегізде жа-саған ием сөтін салып Амантай Бектемісқызына үйленіп, алтын ордасының сән-салтанатын келтірді.

Кешікпей кеншар орталығында бухгалтерлік есептің өндіріске журнал-ордер деген жаңа жүйесі енгізіліп, Мәкен аяқ астынан автоматты түрде қысқартылды. Орталыққа Мәкеннің барғысы келмеді. Содан үш-төрт жыл мектепте есепші-хатшы, әрі сызу пәнінен жас берендерге сабак берді. Сөтін салғанда Заря селосында байланыс белімшесі ашылып, Махмет Нөгербеков осыған бастық болып бекітілді.

Белгілі ақын Зейнолла Шукіров Николай Островский туралы “Адам мен тағдыр” атты поэмасында: “... Тас түлек өз тағдырын жеңіп шықты, Міне, адам! Міне, адам-ның мықтылығы!” деп жазғанындей, Махмет Нөгербеков бәрінде жеңіп шықты. Асыл жары Амантай үйін жанға, қорасын малға толтырды. Ботасы Көкшетау пединститутын бітірген. Қазір Көкшетауда тұрады. Гауһарының да екі баласы бар. Өзі ұлы Ардақпен тұра-ды. Келіні Жанар да бір сүйкімді бала. Немерелері Рай-хан мен Қарагөз аталарын өте жақсы көреді. Ал жетпістің сенгіріне шыққалы жүрген ақын Махмет аға-мыз шығармашылықтан қол үзбей жазған дүниелерін аудандық, облыстық газеттерге жіберіп тұрады. Мәкеннің жазып жүрген естелігінде “...Анам Гүлбану өте ақылды, мейлінше ұқыпты, қолынан іс келетін өте ісмер, тіпті тері илеп, былғары жасап қолхоз, совхоз шаруашылығына қанша көл-көсір пайдасын тигізді. Ана-шымның осы ісмерлігі арқасында қатарымыздан кем қалған жеріміз жок. Ашқұрсақ та болмадық. Үсті-басы-мыз бүтін болды. Әттен не керек қасиетті ананың көрген бейнетін, тартқан қайғы-қасіретін сұлу сөзben өрнек-теп жазып шықсам гой” деген әдемі ойлар жазылған екен. Біз әріптесіміздің анасы туралы құнды дүние жа-зып шығатынына сенеміз.

• *Маңым* •

Ажарлы азамат

Бірінші және екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені мен бірнеше медальдардың иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері Қайыржан Әбдөшұлы Әбдөшев мамыр айының 25 жүлдызында сексен бір жасқа толар-толма сында бұл фәнімен қоштасып, бақылышқа озды. Жасаған ием сұраның соғыстың азабын да, гажабын да көріп келгеп майдангер солдаттың Ұлы Женістің 60 жылдық мерейтойының қызығын коруге көпсінбеген екен. Азамат ағамыз мерейлі мерекені қозімен көріп, омырауына мерекелік медалін тағып кетті.

Менің Қайыржан Қабдөшұлымен етene таныс болғаныма шамамен елу жылдан асып кеткен екен. Сан мәрте дәмдес болып, асып жары Рымбала екеуінің қолынан талай дәм таттық. Жаны жайсан, ақкөніл азамат ағамыздың Ұлы Отан соғысына қатысып, тамаша ерліктер жасап, елге келіп жемісті еңбек еткені жайлы аса көп біле бермейтін едім. Боз біреулерге ұқсап менің орденім, менің медалім бар деп мактанып отырғанын және көргенім жок.

Жерлеу рәсімі өткеннен кейін Саумалкөлде тұратын Қайрөш Есенғалиев ағамыз Қайкеннің колхозда маддөрігері болып істегенін айта келіп мына оқиганы тілге тиек ете кетті. Бірде бір жақсы көретін інісінің сиыры ауырып қалады. Бір сиыр бір үйдің ырысы болып тұрган осынау сындарлы кездे бауырымыз жүгіріп Қайыржан ағасына келеді гой. Ағасы бұл кезде жаңа үйимдасқан кеншарда запас бөлшектер қоймасының менгерушісітін.

Жүгіріп келген інісі;

— Ага, сиырым қатты ауырып тұрганы, — дейді.

Көп сөзге жок Қайрекен жедел інісінің үйіне келіп, ауырган сиырды көріп жіберіп:

— Бір жарты арагың бар ма? — дейді.

— Бар.

— Ендеше әкеле гой.

Бір жартыны алғып келген інісіне — “қүй мына стақанга” — дейді. Майдан даласында наркомовский жұз грамга шынығып алған Қайрекен бір стакан аракты тарташып жіберіп, қалғанын сиырдың аузына құяды. Жарты сағаттан соң сиыр табынға, ағамыз үйіне кетеді...

Қайыржан Әbdөшұлы 1924 жылы Дәуқара ауылында туған. Қын жылдарда 8 класты бітірген балаң жігіт 1943 жылы майдан даласына аттанады. Беларусь майданында болып, Могилев, Витебск, Минск қалаларын азат етуде болған қиян-кескі ұрыстарға қатысады. Зенингчіктер отрядында болады. Кенигсбергтен өтіп Берлинге дейін барады. Кенес армиясы қатарында 1947 жылға дейін болып, елге оралады.

Сол жұдеулі-жадаулы жылдардағы кедейшілік тұрмыстың атан жыгар қындығына қарамастан майдангер жауынгер келе Алматы қаласына барып, малдәрігерлік училищеге, одан кооперативтік сауда-техникумына түсіп, елге дипломды білікті маман болып оралады. 1953 жылы Рымбаламен отасып, жанұя құрады. Көп жыл мал маманы болып жемісті еңбек еткен Қайрекен асыл жары Рымбала екеуі өмірлерін мәнді-магналы өріп, өмірдің азабын да, гажабын да бастан өткереді. Сегіз бала тәрбиеlep өсіріп, ұлын үяға, қызын кияға қондырыды. Еліне елеулі, халқына сыйлы болған Қайыржан Әbdөшұлы үлкенге іні, кішіге аға бола білген өмірін адалдықпен, қайырымдылықпен өріп, бір адамға несиен гайбат сөз айтпай өткен асыл ағаларымыздың бірі болып жадымызда сақталып қалары сөзсіз. Жаның жаннатта, иманың жолдас болсын дейік ағайын Қайыржан ағара.

Aға сөзі

Көзбен көріп тойлаған,
Жеңістің алпыс жылдығын.
Еңбектен сауып ырзығын,
Ақ жолынан таймаған.
Майдангер өтті дүниеден,
Бір қазақтай елін қорғаған.
Кешіп Одер өзеннен,
Жеңіспен елге оралған.
Алынды жаудан қанды кек,
Жайқалғанда көк желек.
Отанның қызыл жалауы,
Рейстахта тұрды желбіреп.



Техника ғылымдарының
кандидаты Калымжан
жолдасымен, 1963 ж.

Жұлдызында Шоқанның,
Омырауында жаңып
қос орден.
Әнімен шалқып Ақаннның,
Сүйіп өткен Отанын.
Отанды жаудан қорғаған,
Солдаттың аты Қайыржан.
Болмасын соғыс сұрапыл,
Деген сөз қалды ағадан.

Рымбала күйеуі
Кайыржанмен.

Жүріп өтті ағамыз,
Жаралы Беларусь
даласын.
Кенигсбергті де алған біз,
Талқандап фашист
ордасын.

Талай ауыр жорықтар,
Қалды ағаның есінде.
Жұздеген дастан жазылар,
Ұлдарын мақтап Отанның.
Не жетсін бейбіт өмірге,
Адамзаттың ақ арманы.
Ұл-қызы жетіп мәреге,
Беледі нұрға ағаны.



Айман мен Аманжол балаларымен.

Қайрош ағаға (Қазықен (Боли) Нұфвалиқызының ғұхына)



Қазықен апай мен Қайрош аға балаларымен.

Өмірде аналар көп есте қалар,
Ісімен өнегелі мақтан болар.
Өсіріп үлlyn-қызын тәрбиелі,
Немере, шөбереге бастау болар.

Әкелген от басына береке-күт,
Ардақтап дәмін, тұзын өтеді жүрт.
Ісіне жасағанның не дауа бар,
Көңілге үялатса бір ауыр дерт.

Қазықен асыл ана елдің қызы,
Маңдайы жарқыраған жарқын жүзі.
Оқалы қамзол киіп арамызда,
Жарасып отыратын сіз бен бізі.

Ананың ел біледі шыққан тегін,
Ақтаған ақ келін боп ел сенімін.
Рәбига өжеміздей қасиетті,
Керсетіп кеткен елге тектілігін.

Қазықен алтын қазық ордасына,
Болды ана өте сыйлы ортасына.
Ананың көркі болған төріміздің,
Үл-қызы болсын мақтан қазағыма,

Киелі Сырымбет тау маң даласы,
Айтуға тұрарлықтай көп баласы.
Қазықен соның бірі қарапайым,
Танылған ауылымға ел анасы.

Келіні Айгүл, Сая жеңешемнің,
Бастауы деп білемін берекенің.
Ал Гұлнэр үлкен келін ойы өрелі,
Жалғасы Қазыкендей ақ әженің.

Ардағым ел сыйлаған Қайрош аға,
Бір Алла жан жарыңа болсын пана.
Сөкпеңіз кештеу айтқан жоқтауыма,
Не шара жасағанның жазғанына.

Жазбадым жоқтауымды қаралы етіп,
Дұға оқып қаралы үйді азалы етіп.
Салауатты өмірін жеңешемнің,
Зерледім сұлу сөзбен өшпес етіп.

Анаға тілек

Мәғниш Жұмағалиқызы Мұхамедипова

Құдағи құтты болсын алпыс бесің,
Жетпісің нұрлы ғұмыр енші етсін.
Ойлаған сан мың ойың орындалып,
Сексенің сексен көлмен жайнап жетсін.

Атағың Айғанымдай жетсін елге,
Өмірің өрілмесін мұң мен шерге.
Сырымбет саласының ай аруы,
Дәл қазір ақ әженің немереге.

Өстің сен сексен көлдің аясында,
Тұктінің бал қарагай саясында.
Алтын үңян "Қырық қалпақтың" ауылы,
Шахметтің жүлдзызын жақты қиясында.

Қос әке алса сені панасына,
Жетікөл аялады аясында.
Жасаған қалмасын деп сені жалғыз,
Қосты әкеп Теміртастай бір ұлына.

Әкеңіз Жұмағали мен Төлебайлар,
Соғыстың сұрапылын көрген жандар.
Қырық жылдық қырғыннан аман келіп,
Үрпағын жалғастырған мықты аталар.

Жұмекең болды болыс Дауқарада,
Ардагер соғыс көрген жай қала ма?
Кейіннен орман, көлге қамқоршы боп,
Атқарды көп иғі істі жарасымға.

Ерсайын, Назар менен Күлмәйралар,
Жасанған бауырларың асыл жандар.
Олар да құттықтауын жолдап отыр,
Біздерден естіген соң жақсы хабар.

Мәриям көп жылдардан білем сені,
Адалсың, ақкөңілсің ел біледі.
Дастарханы мол келін деп өзінді,
Көз көргендер мақтап сені жүреді.

Есеп-шоттың жүйрігі Теміртас аға,
Халқынан алған кеше жақсы баға.
Өтті өмірден ақылман абыз аға,
Үл-қызына Алатаудай болған пана.

Ашы-тәтті қызықты тең бөлісіп.
Ақ ордаңыз гүлденді үл-қызы өсіп.
Есләм, Айқын, Роза кел-кел десіп,
Абай, Клара, Абылай тапқан кәсіп.

Бәрі де жігерлі екен тау сұындей,
Жарасқан ынтымағы бір қауымдай.
Бір Алла тіл, көзінен сақтап жүрсін
Емінген сұғанаққа ұрындырмай.

Кешегі Тұrap аға өткен жайнап.
Болды қайны жеңгеге берген қайрат.
Осындей асылдарға иман тілеп.
Сағыныш сазыменен қоям ойлап.

Қайныңыз Әубәкір де ғажап жігіт,
Сыртынан ел мақтайды ісін біліп.
Мәйраш келін болады бізге жиен,
Әбекең іліп түскен желіп жүріп.

Қызығын көр, о, Мәке, үл-қызыңың,
Саяда өскен немере-шеберенің.
Сол қызықтың ішінде біз жүрейік,
Келтіріп көңіл-хошын ел-жұртыңың.



Иран Ильяшевқа



Ақын, әнші, сазгер Иран Ильяшев және Тайлақ ага.

Күн күліп сүйген күмбезін,
Сал, серісі Кекшениң.
Ақын досым армысың,
Әннен інжу төккенім.
Кеншілік пenen ақындық,
Өсірген баптап егізің.
Жасаған өнге адалдық,
Ақандай сазгер серімсің.
Отты ауызды, орақ тіл,
Ақан, Біржан көзісің.
Шашасына шаң жүқлаған,
Ақының ақынның бірісің.
Жарасым тауып тұр бүгін,
Айыртауға әнмен жеткенің.

Шашу етіп жыр гүлін,
Кекшеден самал ескенің.
Болған шығар өзіндей,
Ән дүлдүлі Біржан сал.
Қоскөл жақтан жеткендей,
Әніңмен шалқы Иран сал.
Қош келдің әннің еркесі,
Жігіттің сырбаз серкесі.
Қауышты бүгін өзіңмен,
Айыртау әннің Меккесі.
Қасында әнші, сазгерлер,
Кекшениң Ақан, Біржаны.
Ғасырымның Үкілі Ұбырайы,
Сайра бұлбұл Ираны.



Анаға құфмет — елге құфмет

Ақын ананы еске алу

Осыдан бірер жыл бұрын жолымыз түсіп аудан орталығынан шалғай жатқан “Светлый” ЖШС-на бара қалдық. Ойымыз серікtestіk директоры Қажығали Қажыкенұлы Құсайыновқа жолығып, сұхбаттасу болатын. Кенсеге соғып директорды сұрақ біздін алдымызды гана кетіп қалған екен. Бұл — орак науқаны аяқталып, танантагы астық жиналыш алынған, ендігі жұмыс қызыл қырманга аусысқан кезі-тін. Құздің аты күз смес пе. Манаураган ашық аспанды әп-сөтте түсі сұық бұлт түмшалап ізінше жауын сіркелеп жауа бастады.

Колма-кол Қажекен үйіне телефонмен хабарластық. Телефон трубкасын өзін Қажығалидың анасы Қалима мен деп таныстырган ана көтерді. Кім екенімді айтқан соң.

— Ой, Тәке! Мен Сізді білемін гой. Үйге келе беріңіздер. Балалар да кешікпей келіп қалар, — деді.

Енді мен ойға қалдым. Көкейімде “е бұл ана мені қайдан біледі” деген сұрақ тұрганына қарамастан нар тәуекел дедік те әлемдегі небір құдіреттің бәрі-бәрі де ананың ак сүтінен тарағанын ескере отырып алдымен аяулы анаға сәлем беруді жән көріп, ат басын Қажығали Қажыкенұлының үйіне тіредік.

Таныстық Қалима шын аты Рахима Сансызбайқызы



«Светлый» ЖШС-нің
директоры Құсайынов
Қажығали ұлы Ерланмен.

акынжанды акжарқын адам болып шықты. Туған жері ақынык Ақан серінің ауылы. Экесі Сансызбай атакты “Гөкку” әнінің авторы Үкілі Ыбырай Сандыбаевтың немере інісі Бәйлінің туған жиені екен. Соңда есімі республикаға танылған күміс көмей, же зстандай ақын-импровизатор Мұса Асайынов Қалимага нағашы болады. Асыл ана тұла бойы тұңғышы Қабдуали туғанда ақын Мұса жиенім ақын, әнші болсын деген адаптируем қолындағы ең асыл, ең қымбатты қасиетті домбырасын бесікте жатқан жас сәбидің тұсына іліп кетеді. Әттен, дүние-ай, тағдыр тауқыметін тартып жүргенде осынау, құнды жәдігерді сактай алмай қалғанын Қалима Сансызбайқызы көзінен жас алып айта кетті.

Қалиманың туған анасы Назым Жұмысшы ауылының ақылман қарттары болып бүл фәниден өткен Құрман, Қоспан аталардың туған қарындасты скен. Атальмыш асыл жандар маған да нағашы болғандықтан таныса келе Қалима екеуіміз боле болып шықтык.

Әлбетте кейбір ауылдың мен аксақалмын деп жүрген әжептөүір шалымен кездесе қалып әңгіме айтыңыз деп сұрай қалсаның сөзін бәлен би сүйткен екен деп так-пактай жөнеледі де жаңылып, басқа әңгімені бастап кетеді. Байқаймын Қалима Сандыбайқызының сөзі де, оқыған өлеңі де салмақты. Әрбір өлең шумақтарының үйқас ырғагы, айтайын деген ойы мені өлең еткізді. Тәнті болғаным ақын Қалима Үкілі Ыбырай нағашысы секілді өлеңнің қадырын түсіріп алмайын дегенге сайып қалхадірінше екі-үш өлең оқып бергеннен асқан жок. Соның өзінде біз Қалиманың бойында ақындық дарынның мол екенін байқадық.

Өмір қызық, оны қанша тәтті десек те, кейде өміртіршіліктің алдыннан тар жол тайғақ кешуін аямай-ақ тоса қоятынын қайтерсін. Қалиманың асыл жары Қажыкен Құсайынұлы кезінде жігіттің маңғазы болған аптал азамат екен. Ертеде Қаратал ауылынан қол созым жер-

де Уақ-Заря деген ауыл болған-ды. Міне, Қажыкен ағай осы ауылдың төл тумасы. Рұы Атығай, оның ішінде Бәйімбеттөн тараиды. Сүм ажалға кім араша түскен. Қажыкен аға 45 жасында, яғни 1974 жылы бұл фәниден бакильтыққа озған екен. Шиеттей бес баламен қалған Қалимаға абзал ағаның шаңырағын шайқалтпай ұстап, Қабдуәли, Қажығали, Сағат, Сәуія, Әлия атты өрім өрендері қанаттыға қақтырмай өсіріп, оларды оқытып, жанғы құргызып, алдарына мал салып беру қайдан оңай болсын.

Ақын-ана жүргінің ақаулы болғанына карамастан өмірде кездескен тосындарға қарсылық көрсетті. Сөйтіп жүргенде анасы Назым дүниеден озып кетсін. Туган бауырлары Манаң пен Тұрлыбек Қалима Казанка участекелік ауруханасында емделіп жатқанда бауырлары Қалиманың анасын айтпастан таза арулап жер ананың құшына беріп жібереді. Ақын ана ізінше былайша өлең өреді:

“Дүниеден өтіп кетті менің анам,
Көргем жоқ ақырғы рет демін алған.
Бауырына кара жердің кетіп қансын,
Топырақ сала алмады сорлы балаң.
Апыр-ай, бауырларым бар емес пе ед,
Жаназа айтатұғын жан емес пе ед.
Казанка соншалықты алыс емес,
Жүйткіген машинасы бар емес пе ед.
Кіршік жоқ жүргімде аллаға аян,
Әкпелеп сөзімді мен кімге айта алам?
Жәнәттан орнын болсын иманды бол,
Артыңдан құран оқып қолды жаям”.

“... Ақын жаны нәзік гүлді емес пе,

Арман билеп жетелеген белеске” дегендей, ақын-ана өзінің денсаулығы келіңкіремей, жүргінің ақаулы болғанына карамастан өмірге аналық жылы мейріммен қарап адамға деген асқақ сезімін жоғалтпай Отанга, елге, үрпағына деген шынайы құдіретті сезімін

өлеңмен өруге талантанган. Талпынган. Жазған өлеңінен Ақан сері бабасында Сырымбет таудың саматы есіп тұрады. Басы ауырып, балтыры сыздаған адамның ақ халатты абзал жандарга шина тілеп баратыны бар емес не. Міне, ақын-ана да осынау жайсан жандардың алдында отырганын көреміз. Бірақ ақын-ана жапы күйзеліп отырса да өлең өріп отыр.

“Ақ халатты абзал жандар қырагы,
Күзетінде кірпік какпай тұрады.
Гипнократтың атына сай жұмыс жасап,
Жүректері адалдықпен согады.
Мейірімі жүрекке жылу құяды,
Бірін-бірі көзқараспен үғады.
Операция қандай қыын болса да,
Сын сағатта бәрін женіп шығады.
Бакыттарың үстем болсын қашанда,
Бейбітшілік өмір берсін Отанға.
Зор денсаулық тілек айтам бәріне,
Нұрға болен, ғұлге оран далаңда.
Ауруым жанға батып мен келдім,
Үміт артып ертеңіме сенемін.
Алла білед алдым менің қаранғы,
Өкінбеймін неде болса көнемін”.

Қайран, асыл да аяулы ана-ай. Шаршаңқырап отырса да аузынан аталы сөз айтудан жаңылмады. Мәпелен өсірген үл-қыздарының, немерелерінің аман-саулығын тілейтінін тілге тиек ете кетті. Сөйтсек Қалекең анау-мынау ер адамның қолынан келе бермейтін көп шаруа-ның басын қайырып тастаған екен. Қабдуәли Алматы халық шаруашылығы институтын бітірсе, Қажығали Көкшетау ауыл шаруашылығы институтының инженер-механик факультетін абыраймен бітіріп шықты. Қаб-дуәли “Қаратал” ЖШС-де бас экономист болып қызмет істесе, Қажығали “Светлый” серіктестігінің директоры. Білікті басшы басқарған серіктестік ұжымы ата-

Тайлақ Жалмұрзенов — 113 — **Әнім сенсің, Сырымбет**
жыгар нарықтың өтшелі кезеңінен сүрінбей өтіп, қазір
экономикасы нығайған іргелі шаруашылыктардың
бірінен саналады.

— Сагатым ел аман, жұрт тынышта Ауган соғысына
қатысып, біраз бейнет көріп келді, — деп Қалима ауыр
күрсініп алды да сөзін одан әрі жалғастырды. —
Шүкіршілік Сөуіям мен Әлиям да құтты орнына қонып
ақар-шакар үй болып кетті. Менің жан әкем Сансызбай
кешегі академик жазушы Сабит Мұқановтың шекірті
болған Мұса Асайыновтың туған жиені болғандықтан
аналық ак жүргегіммен барша халқыма мың алғыс ай-
тамын деп ақын ана сөзін аяқтады.

Сіз сүйіп оқыған “Айыртау таны” газетінің жыр
сүйетін қауымы атынан Сізді тағы да еске ала отырып,
бүгінгі мұсылман қауымның мейрамы Құрбан айты құні
мына жыр шумактарын аруағынызга бағыштаймыз:

Көрсетіп ілтифат дарынға,
Қосылып шымқай ағынға.
Қалима жазған өлеңді,
Ұсындық барша қауымга.
Шын атың Рахима болса да,
Халқың сүйгеп Қалима.
Халқымның Құрбан айтында,
Еске алдық Сізді жан ана.
Дүниеден өттің асыл боп,
Арқалап кеткен арман көп.
Артында қалған үрпак бар,
Айта алар Сізді ақын деп.
Топырағың торқа болсыншы,
Немеренмен ордан толсыншы.
Қабыл боп тілек Алладан
Бар бақыт соларға қонсыншы.

Ұлағаты мол ұстаз ана

Құлпән апаймен сонау сексенінші жылдың басында ақын Қорғанбек Аманжоловпен сырлы Сырымбет ауылына барған жолы танысқан едім. Мақсатымыз дана Шоқан жайлы өміршөң деректер жинап, өте құнды бір дүние жазу болғандыктан тәлімгер ұстаздың еңбек жолын жол дәптеріме жаза алмай кетіп едім. Бір қуаныштысы сол Шоқанның 150 жылдық мерейтойы құндерінде белгілі публицист, жазушы марқұм Жанайдар Мусин “Жер шоқтығы – Көкшетау” атты кітабында “...байырғы ұстаз, беделді мұғалима Құлпән Хайруллина сырлы Сырымбет ауылындағы орта мектепте Шоқан мұражайын үйімдастырган болатын. Шоқан музейі бірте-бірте ауқымын кеңітіп, толғар тақырыбын тереңдетіп, Айыртаудың әйгілі ақындары жайлы түгелдей мазмұнды маглұматтар мен деректер, қызықты материалдар жинады” деп жазған болатын.

Расында да мұның өзі тәлімгер ұстаздың көп жылғы Шоқан жайлы жинаған еңбегіне берілген әділ баға еді. Құлпән Хайроллақызы 1932 жылы қантар айының бесінші жүлдэзында Дәуқара ауылында туып-өскен еken. Әкесі Хайролла қалың Қөлдейдің өте беделді азамат болып, кешегі колхоз өндірісінің кезінде ел басқарыпты. Бір қызығы апайдың жан бауыры Едігемен, сонау, жетпісінші жылдан дос бола жүріп ұлағатты ұстаз ананың Едігенің туған апасы еkenін бертінге дейін білген емеспін. Қадірлі Едіге досым көп жыл трактор-егіс бригадасын басқарып “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды. Құданың құдыреті тұралап қалған Дәуқара ауылын басқаруга баяғыда-ақ Едіге секілді колынан іс келетін жігіттерге беру керек еді. Дегенмен қаршадайынан егін шаруашылығымен айналысып келе жатқан іскер азамат кой, құдай қаласа жылқы жылы туған ауылын бір көтеріп тастар деп сенеміз. Жасаған ием сәтін салсын, әманда.

Соғыстан кейінгі жүдеулі жылдарда Дәуқара ауылданан 7 класты мактау грамотасымен бітірген жап-жас Құлпән апай Көкшетау педагогикалық училищесіне емтихансыз қабылданып, оны 1955 жылы абыраймен бітіріп шықты. Мырзагали Кешекбаев ағамыз осы училищеде бір курс төмөн оқып, училище жабылғанда кітапхана техникумына аудиңсан екен. Осы училищеде Құлпән апаймен жазушы Жанайдар Мусин ағамызда бірге оқыпты.

Елу бесте Құлпән Хайроллақызы жолдамамен Сырымбет орта мектебіне жіберіледі. Бақытына қарай мұнда мектептің директоры Мұсахан Қанапиянов болып шықты. Бір жылдай пионер вожатыйы болып істеген өрім өрен, кешікпей ұстаздық жолын бастады. Қоғамдық жұмыстарға белсene араласып, мерейін ұstem етті. Өзіндегі жап-жас Сепен ағаймен отау құрды.

Алпыс алтыншы жылы ауылдық Советтің құрамына депутат болып сайланған Құлпән Хайроллақызы сайлаушылар сенімін ақтау жолында көп еңбектеніп, көп иігілікті жұмыстар атқарды. 1969-1970 жылдың оқу жылында Республика көлемінде бастауыш кластарға эксперименттік бағдарлама бойынша сабак беру ісі қолға алынған болатын. Осынау аса жауапты міндет Айыртау ауданында Саумалкөл селосында Анастасия Андреевна Битькоға жүктелсе, Сырымбет орта мектебінде Құлпән Хайроллақызына жүктелді. Алматы қаласында арнайы курста оқып келген Құлпән апай осынау өміршөн бағдарлама бойынша төрт жыл жұмыс істеген екен. Жыл қорытындысында оқу нәтижесі жайлы тікелей оқу Министрлігіне есеп беріп тұрган. Сабак жүргізу жөнінен бағалы пікірлерін айтып оқулыққа енгізген.

Көкшетау қаласындағы білім жетілдіру институтына барып бастауыш класс мұғалімдеріне дәріс оқыды. Өзінің

училищедегі сүйікті ұстазы Конебаев мазмұнды да әсерлі оқыған лекциясына балаша қуанған майталман ұстазы шөкіртіне ақ алғысын айтқан-ды. Бұдан кейін тәлімгер ұстаз аудан-аудандарга шығып, тәжірибе алмасты. Әсіреле бұрынғы Целиноград қаласында өткен Республикалық семинарда “Жаңа бағдарламамен оқыту методикасы туралы” жасаған баяндамасы күні бүгінге дейін жадында сакталып қалыпты.

Біз ақын Корғанбек Аманжолов екеуіміз сексен бірдің сакылдаған сары аязында сырлы Сырымбет ауылына аттың басын тіреп, орта мектепке барғанымызда Құлпән апай Шоқан музейін үйымдастырып жинаған құнды-құнды материалдарын алғашында бір бөлмеге жинақтаса, келе-келе музейге жиналған дүние-мұлік үш бөлмеге симай кетеді. Шоқан бабамыз жайлы Құлпән апайдың өзі үйымдастырган жас берендердің “Жұлдыз” отряды да біраз тәлімді жұмыстар тындырып тастаған еken. Құлпән апай сол жолы отряд мүшелерінің біз келердің алдында гана СССР Оқу Министрлігінің экскурсиялық-туристік балалар станциясының Құрмет грамотасымен марапатталғанын жылы лебізben айтқан болатын. Бұдан кейін отряд республикалық “Олимпия” клубының қызыл дипломымен екі мәрте марапатталса, өрім өрендерді Қазақстан ЛКСМ Орталық комитеті Мәскеуге жолдама беріп бір қуантып тастады.

Сөйтіп “тамшыдан дария құралады” дегендей, іргетасы мектепте қаланған мұражай дана Шоқанның 150 жылдық мерейтойында қазіргі мұражай үйіне көшіріліп, гылыми-зерттеу орталығына айналды. Осында үрпакқа мұра болып қалатын мұражайды үйымдастырган ұлагатты ұстаз ана сексен екіде құрметті зейнеткерлікке шыққан еken. Демалысқа шықты детен аты болмаса, Құлпән апай от басы, ошак қасында отырып қалмай,

Сырымбет ауылындағы мәдениет үйінің директоры болып үш жыл жемісті еңбек етті.

Күлизат үйымдастырып, кейін тарап кеткен “Ажар” ансамблін қайтадан үйымдастырыды. Сол жылы оку бітіріп келген Зәмзәгүл Айтжанованы жұмысқа алғаны абырој болыпты. Өнегелі жас кешікпей ансамблъ жұмысын жолға қойып, сахнага жайнатып, жарқыратып шыгарды. “Әжелер” ансамблі құрылыш, күні бүгінге дейін үлкен мереймен жұмыс істеп келеді. Тәуелсіздігіміздің он жылдық мерейтойында “Әжелер” ансамблі облыс сахнасына шығып, үлкен құрметке, ақ алғысқа бөленді.

“Анаңнан айналайын сені тапқан” дегендей, тәлімгер ұстаз ананы өмірге әкелген Қадиша әжеміз оқымысты молла болған оте ақылман, парасат пайымы мол қасиетті адам болған екен. Осындай асыл анадан туган Құлпән апайда өмірін мәнді-мағыналы өріп, “Құрмет белгісі” орденімен марарапталды. Өмірге Рамазан, Ерлан, Жасұлан, Гүлсім, Дина секілді алтын асықтай үлкызы әкеліп арайлы ана, ажарлы әже танылды. Сонау студент кезінде қолына алған қаламы қолынан түспей небір өміршен дүниелер жазып, аудандық, облыстық газеттердің белсенді мықты тілшісі болып келеді. Біз аудандық “Айыртау таны” газетінің редакциясы атынан тілші Құлпән апайымызға 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, жанұясына бақыт тілейміз. Жазушылық шеберлігі арта беруіне тілекtestіk білдіреміз.



ПОЭТ И ПУБЛИЦИСТ

Нашему земляку Маману Ементаеву, поэту-песеннику, композитору 22 марта исполняется 66 лет. Прожил он всего 56 лет. Но за свою недолгую жизнь успел порадовать нас своими стихами, одами, публицистическими очерками. Писал Маман Ементаев также повести и рассказы, посвященные земле Кокшетау, ее труженикам.

Маман Баймакович родился в 1938 году в ауле Егинды-агаш. С детства впитал он в себя устное народное творчество — лирические песни выдающихся акынов Орынбая Бертагова, Акана-серэ и Укили Ибрая, других казахских поэтов. Он является близким родственником Орынбая. Тяга Мамана к стихам, лирике, музыке была заметна уже в ранние годы. Он пишет стихи, виртуозно играет на домбре, исполняет песни Аканасерэ, Укили Ибрая, Орынбая. Дед Ементаев также был хорошим певцом и домбристом, он передал своим детям и внукам любовь к искусству, к устному народному творчеству. Родной брат Мамана Баймаковича Тайжан Ементаев был виртуозным кюйши. Другой брат, Улан, после окончания Алматинской консерватории посвятил себя музыке, преподавал, сочинял свои произведения. Его лучший друг оперный певец Ашир Молдаганинов, который учился с ним в консерватории, также был другом Мамана Баймаковича.

После окончания Сырымбетской средней школы М. Ементаев поступает в Казахский Государственный университет на факультет журналистики. Свой выбор он делает осознано. После окончания университета в 1963 году по направлению ВУЗА уезжает на работу в Караганду в областную газету “Орталық Казахстан”. В 1966 году М. Ементаев начинает работать во вновь восстановленной областной газете “Кокшетау правдасы”. Это была настоящая кузница журналистских, писательских

кадров. В ней работали журналисты и поэты: Т. Кажыбаев, Ж. Оспанов, Ж. Есекеев и др. В 1967 году в городе Kokшетау был выпущен альманах “Кокшетау” — совместное поэтическое творение М. Ементаева и Т. Кажыбаева под редакцией Е. Ибрагима, уже известного тогда писателя. В нем были опубликованы стихи и оды о Ленине, о Родине, воспевалась земля Айыртау, горы Айыртау, Сырымбет, Жалғызтау, озера Саумалколь, Шалкар, труд хлеборобов.

Но Маман Баймакович был не только поэтом. Он, прежде всего, журналист. Более 35 лет отдал он областной газете. Одаренный публицист, он никогда не оставался в рамках газетного стандарта. Писал не только статьи, очерки, но и стихи, сам сочинял к ним музыку. Это песни “Кокшетау”, “Айыртау”, “Саумалколь”, “Сырымбет”, ода суверенному Казахстану, “Песня о Родине”. Он всегда отличался широтой кругозора. Хорошо играл на пианино.

Его дочери Жанна и Жазира талантливые музыканты, преподают в консерватории. Маман Баймакович был разносторонне одаренной личностью, добрым, отзывчивым человеком, чутким на чужое горе.

Его песни поют на сцене Алматы, Kokшетау, Астаны. Ементаев написал большую монографию об Орынбае, Арыстанбае. Поэма Орынбая Берташова “Кырык парыз” (Сорок заповедей ислама) была опубликована на страницах республиканской газеты благодаря Маману Ементаеву.

В 1962-67 годах на земле Айыртау был проведен районный айтис акынов. Его организатором и вдохновителем был Маман Ементаев. В этом айтисе принимали участие видные акыны, импровизаторы, наши талантливые земляки — Б. Габдуллин, К. Камалиев, С. Карабулатов, К. Сахаев, Ж. Бектурганов, К. Тахавин, У. Жауаров, И. Ильясов и другие. Позднее они участвовали в областных, республиканских айтисах, стали изве-

стными ақынами. М. Ементаев участвовал в проведении 150-летнего юбилея Шокана Уалиханова и Акана серә. Он общался с очень многими людьми, героями своих очерков – со знатными хлеборобами, Героями Социалистического Труда и кавалерами орденов Ленина, Трудового Красного Знамени. Это Турлубек Абелыпесов, Бурабай Жапаров, Юрий Яковлевич Пономаренко и другие знатные труженики нашего района.

За многолетнюю плодотворную творческую деятельность М. Ементаев был награжден орденом “Знак Почета”. В жизни он был очень простым, отзывчивым, скромным человеком. Маман Баймакович был хорошим семьянином. Двух дочерей и двух сыновей вырастил он. Старший сын Аскар работает в Астане в Министерстве экологии, младший Канат в КНБ. Жанна преподает в консерватории в Алматы. Жазира живет в Москве.

В настоящее время готовится сборник его стихов и песен.

Вот такой был он, наш земляк — поэт, публицист, журналист, композитор Маман Баймакович Ементаев.




Маман жан-жары Үкіжанмен.



Тайлақ аға, Қансан аға, Сәлима, Жылқайдар.



Тайлақ аға, Айсұлу, Балғабек, Роза келін,
Дәмежан, Багылан (тойдан көрініс).



Сырымбет саласында.

Өлеңнің өрмегін тоқыған

*акын Тайлақ Жалмұрзенов тұралы
бір үзік сир*

Тәкеңді, айыртаулық ақын, журналишты Тайлақ Жалмұрзеновті отыз жылдан астам уақыт білем десем өтірік емес. Тагдырдың жазуымен екеуміз бір кездері Зеренді аудандық “Коммунизм таңы” (“Заря коммунизма”) газеттерінің редакциясында бірге қызмет істедік.

Журналистикаға кештеу келсе де Тәкен газет жұмысын тез менгеріп кетті. Алғашкы бетте шағын хабар, заметкалардан бастап, жанр жағынан корреспонденция, суреттеме, очерктерге шейін қалам тарта бастады. Ауық-ауық өлең де жазумен әуестенді. Бұл занды құбылыс еді. Себебі, ақындар Көкімбек Салықов, Мұса Асайынов, кешегі күнгі Маман Ементаев, Қабдірәш Кәмәлиев, Байжұман Габдуллин, Жұмабай Есекеев сықылды агалары мен тұстастарының соңынан ерген Тайлақты ақындықтың ауылынан алыс болды деу де мүмкін емес-тұғын.

Оның үстіне атақты Шоқанның, Үкілі Ұбырайдың, Ақан Серінің, Орынбайдың, драматург Шахмет Құсайыновтың аунап түскен жерінде дүниеге келіп, топырағын басқан Тәкеннің өлең сөздің өрмегін тоқымасқа амалы да жоқ-ты. Тегінде “ат аунаған жерде түк қалар” деген нақыл осыдан туса керек.

Кешегі Кенес дәуірінде жоғары партия мектебінде оқи жүріп те Тайлақ Наушаұлы творчестволық жағынан өсे түсті. Кейіннен Жезқазган облыстық “Жезқазган туы”, соңынан Көкшетау облыстық “Көкшетау” газеттерінде қызмет істеген жылдары оның қаламынан талай көркем очерктер мен публицистикалық мақала-

лар, баллада мен толғау-дастандар өрбіді. Соның айға-ғындаі, кейінгі үш-торт жылдың өзінде гана Тайлақ Жалмұрзеновтың осыншама жинақтары жарық көрді. Жоңе бір қызыгарлығы, ол проза мен поэзия жанрын қатар үстай білді.

Енді міне, Тәкенің пайғамбар жасынан асқан шағында тагы бір қолемді кітабы баспадан шыққалы жатыр. Бұл кемел жасқа келіп, қаламы обден төселгеш ақын, қарымды қаламгер Тайлақ Наушаұлының көп жылғы еңбегінің жемісі, соның мәуелі қорінісі деуіміз керек. Сондай-ақ мынадай нарық заманында жыл артынан жыл салып, кітап шығару да екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс екендігін ұмытпаганымыз жөн. Тәкең осы жағынан да әріптестерінен біраз асып кетті десек артық айтқандық емес.

Қай қаламгердің болсын творчестволық жағынан өсіп, шабытына шабыт косуы оның ортасына, ең үзелі отбасына байланысты. Бұл жағынан алғанда Тәкенің құдай қосқан қосағы — Сәуленің де еңбегі зор. Тайлақ ағамыздың жазған шығармалары алдымен Сәуленің сүзгісінен өтеді десек, еш жалғандығы жоқ. Өйткені, кезінде Сәуле де енбек жолын газет редакциясында — корректорлықтан бастаған. Тап сондықтан да Тәкенің шалдықтай шабыттана жазуына Сәуленің де қосқан үлесі бар десек тагы өтірік емес.

Тайбурылдың шабысында шабыты бар Тәкене алдағы күндеріне де творчестволық табыс тілеп, талмай жаза бергейсің дейміз.

**Сайлау КӨШКЕНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одагының мүшесі,
сатирик-жазушы.**

Алдымен туған жерін сүйгөн

Ақын үшін туған жерін жырлау зор мәртебе, тіпті, зор міндет те. Өзінің кіндік қаны тамған топырағын тек іштей сүйіп қана қоймай, жалпақ қауымға бар жан жылуы, сөз сұлуымен айқара таныстырып жатса, ол — ақынның өз туған даласының да қадірін шын үққандығы болса керек.

Өмір бойы өзінің көркем де келісті Айыртауын талмай жырлап, небір сөз маржанынан оған бар маҳаббатын да, ақ жауындаи перзенттік ыстық сезімін де төкпелеп келе жатқан Тайлақ Жалмұрзенов ағамызга кейде өз басым қызығатыным бар.

Әйткені, бұл кісіге табиғаты ақындық қуат берумен қатар, “өз Айыртауынды, оның арысын, жақсы-жайсанын жырла” деп үлкен елгезек жүрек те берген сықылды. Соны қапысыз қағып алғып, ел мен жерін жырлаудан бір тынбайды.

Бұған келгенде оның қаламы да жүрдек. Өлеңмен де аргы-бергісін шарлайды, кара сөзбен небір өткендерді бүгінгі біле бермейтін үрпакқа таныстырып тастайды. Сондықтан біздер — кейінгілер үшін оның осы қасиеті қымбат. Одан елді, жерді Тәкенше сүюдің ұлагатын үфуга болады. Міне, бұл жаңа кітабында да ол сол дәстүрінен таймай, сөз басын сырлы Сырымбетінен алғып кетуді хош көріпті.

Осылайша қаламгердің нәзік жүрегінен, сырлы қаламынан туған өнір тарихы өріле береді. Соның бәрі ұзағынан сүйіндіріп, ақын шығармашылығы бізді алда да осы қырымен куанта бергей.

**Қайырбай ТӨРЕГОЖА,
ақын, Ақмола облыстық “Арқа ажары”
газеті редакторының орынбасары.**

Мазмұны:

Халқы колдаган Нұрсұлтан	
(Елбасы Н. Назарбаевтың 2005 жылдың 24 тамызы	
күнігі тікелей әғирдең әңгімесінен кейінгі ой)	3
Әпім сенсің, Сырымбет	4
Айсұлу	
(Айсұлу Нұқышқызы рухына)	5
Ардакты жеңім Соулеге!	6
Меруертке	6
Тайлак агага!	7
Өнегесі мол еді	8
Кәкім ата	16
Агайынды Сексенбаевтар	17
Әмірдерек	21
Ұстаздардың ұстазы	
(поэма)	23
Айыртаудың ақынды	27
Әмірдерек	37
Екі майдан ардагері	
(Шежіре-дастан)	38
Еңбегі сіңғең еліне	42
Әбліжан алған асулар	48
Бәдиша жеңешеме	51
Жайнаң откен агалар	52
Майдангерabyздың әңгімесі	56
Қыран омір	61
Үстем болсын мерейің	64
Өркендей бер жігітім	69
Ұстазыма	
(Қабыкен Томышевке)	75
Әшпес ерлік	76
Сырымбеттен ұшқаш тастүлек	
(Болат Жападіловке)	78
Достық	
(Қанатбек Хайыровқа)	79
Балғабекке	80
Конқақ ага жайлы үзік сыр	81

Жауқазынга	83
Балдызыма	
(Гүлнэр Еркінқызы Жұсіповага)	83
Жастарға берем батамды	
(Қанат Мәліковтың үйлену тойына)	84
Досыма хат	
(Қадыржан Қазкеңұлына)	85
Анага тәгзым	85
Ішіме	
(Асылбек Жұмабекұлы Есмаганбетовке)	87
Баганалыға	87
Қарасай батыр	88
Қартаймасын өжелер	93
Жүргегінің оты сөибесін	94
Ажарлы азамат	102
Аға созі	104
Қайрош ағага	
(Қазыкен (Бопи) Нұргалиқызының рухына)	105
Анага тілек	
(Мәрияш Жұмагалиқызы Мұхамединага)	106
Иран Ильяшевка	108
Ақын анапы еске алу	109
Ұлагаты мол ұстаз ана	114
Поэт и публицист	118
Өлеңнің өрмегін тоқыган	123
Алдымен туган жерін сүйгеп	125

Тайлак Жалмұрзенов

Әнім сенсін, Сырымбет

Редакторы: Сайлау Кошкенұлы.

Тех. редакторы: Дәуренбек Ақбекұлы.

Құрастырушы: Жұмабике Құтербекова.

Корректоры: автор.

Басуга 09.11.2005 жылы қол қойылды.

Қалыбы 1/16. Офсеттік басылу.

Таралымы 100/50. Тапсырыс 8596.

**Кітап «Кокше-Полиграфия»
акционерлік қоғамында басылды.
020000, Қокшетау қаласы,
Еркін Әуелбеков атындағы көше, 98.**



Сырымбет

Певец Акан тебя воспел, наш Сырымбет,
Прими меня: и я твой сын, пусть не поэт.
Открой мне все, что ты еще в себе хранишь,
Услышь слова любви к тебе и мой привет.
Пришла весна! Еще чудесней стало здесь!
Горячих слов, не находя пылаю весь.
Хорош Кокше! Биржан его воспел,
Но ты, мой край,

быть равным с ним имеешь честь.

Дивлюсь красой твоей, чудной, Сырымбет,
В ковер из трав, цветов и леса ты одет.
Ты, колыбель Чокана нашего, цвети,
Обогатив жемчужиной наш новый век.

